

ҚАЗАҚСТАН ЖАСТАРЫ: ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫН, СЕНІМІН, МАҚСАТЫН БАҒАЛАУ 2021

Дина Шарипова, Ph.D
Серік Бейменбетов, Ph.D

ФРИДРИХ ЭБЕРТ ҚОРЫ

Фридрих Эберт қоры (ФЭҚ) – 1925 жылдан тамыр тартатын социал-демократия дәстүрі бар, Германияның ең байырғы саяси қоры. Қордың мақсаты – әлеуметтік демократияның негізгі идеялары мен құндылықтарын: бостандық, әділдік пен ынтымақтастықты зерттеу. Қор бейбіт диалог пен ынтымақтастық, әлеуметтік даму мен демократия саясатын қолдайды. Әлемнің жүзден астам елінде халықаралық кеңселері бар Қор бүгінде кәсіподақтар қозғалысы мен азаматтық қоғамның дамуына үлес қосып келеді.

ОРТАЛЫҚ АЗИЯ, ОҢТҮСТІК-ШЫҒЫС ЖӘНЕ ШЫҒЫС ЕУРОПА-ДАҒЫ ЖАСТАР ЖӨНІНДЕ 2018/2019 ЖӘНЕ 2020/2021 ЖЫЛ-ДАРДАҒЫ ЗЕРТТЕУ

«Фридрих Эберт қорының Жастарды зерттеу» жобасы – Орталық Азия, Шығыс және Оңтүстік-Шығыс Еуропа және Кавказ елдеріндегі жастарды зерттеу үшін жүргізілген халықаралық жоба. Сауалнаманың негізгі мақсаты – жастардың көзқарасы мен қазіргі қоғамдағы мінез-құлық, құндылықтарын анықтау, сипаттау және талдау.

«Қазақстан Жастары» социологиялық зерттеу жобасында мәлімет жинау барысында сандық және сапалық әдістің екеуі де қолданылған. Мәлімет жинау ісі 2020 жылғы 17 ақпаннан 9 сәуірге дейін жалғасқан. Зерттеуде Қазақстан жастарының білім, саясат, отбасы, көші-қон, сыртқы саясат және т.б. маңызды мәселелер жөніндегі құндылықтарына, көзқарасы мен ұстанымдарына мән берілген. Зерттеу жұмысы жастардың келешектен не күтетінін, келешек жоспарын, мақсатын айқындап, олардың алдынан шығатын қиындықтары мен кедергілерін көрсетеді. Зерттеу нәтижесі қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде жарияланып отыр.

ҚАЗАҚСТАН ЖАСТАРЫ: ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫН, СЕНІМІН, МАҚСАТЫН БАҒАЛАУ 2021

Авторлары:
д-р Дина Шарипова
д-р Серік Бейменбетов

Бұл еңбекте Қазақстан жастарының білімге, саясатқа, отбасына, иммиграцияға, сыртқы саясатқа және өзге де көптеген маңызды мәселеге деген көзқарасы, құндылықтары, ұстанымы қарастырылады. Сондай-ақ жастардың үміті, келешек жоспары, мақсаты анықталып, бүгінгі Қазақстан қоғамындағы жас буынның бағыт-бағдарына баға беріледі. 2020 жылы BISAM Research

Center жалпыұлттық деңгейде (N = 1000) жүргізген сауалнамаға сүйенетін зерттеуде Қазақстан жастарының көзқарасындағы айырмашылық жас, жыныс, этнос және тұрғылықты жері тұрғысынан қарастырылады. Зерттеу еңбегінің авторлары: Қазақстандағы Friedrich-Ebert-Stiftung қолдауымен зерттеу жүргізген Дина Шарипова мен Серік Бейменбетов.

МАЗМҰНЫ

ҰҒЫМДАР	7
КІРІСПЕ	11
I БӨЛІМ. ӘДІСНАМА	15
Әдіснама	15
Сандық мәлімет жинау	16
Далалық зерттеуді ұйымдастыру	17
Мәлімет жинау сапасын бақылау	18
Сапалы мәлімет жинау	18
II БӨЛІМ. ҚҰНДЫЛЫҚТАР МЕН КӨЗҚАРАС	21
2.1. Тұлғааралық сенім	21
2.1.1 Өзге этностарға сенім	21
2.1.2 Өзге діни топ өкілдеріне сенімі	23
2.1.3 Саяси көзқарасы бөлек тұлғаларға сенімі	23
2.1.4 Көршілеріне сенімі	24
2.1.5 Отбасы мен достарына сенімі	24
2.1.6 Сыныптастарына, курстастарына, әріптестеріне сенімі	25
2.1.7 Өзге этнос пен дін өкілдеріне сенімі	25
2.1.8 Өзге әлеуметтік топтарға толеранттығы	25
2.1.9 Саяси көшбасшыларға көзқарасы	29

2.2. Дискриминация	31
2.3. Толеранттық	33
2.3.1 Сыбайлас жемқорлыққа көзқарасы	35
2.3.2 Гомосексуалдыққа көзқарасы	35
2.3.3 Абортқа көзқарасы	35
2.3.4 Жыныстық тәжірибе	36
2.3.5 Отбасы мен некеге көзқарасы	37
2.3.6 Дінге көзқарас	39
2.3.7 Демалыс пен өмір салтына көзқарасы	40

III БӨЛІМ. ӨМІРДЕГІ ЖОСПАРЫ, БІЛІМ АЛУ, ЖҰМЫСҚА

ОРНАЛАСУ ЖӘНЕ ИММИГРАЦИЯ	47
3.1. Білім алу	47
3.2. Жұмысқа орналасу	51
3.3 Миграция мен мобильдік	56
3.4 Құндылықтары мен құқықтары	57
3.5 Қорқыныш пен алаң	58

IV БӨЛІМ. ЖАСТАР ЖӘНЕ САЯСАТ

4.1 Саяси көзқарасы, ұстанымы және саясатқа араласуы	61
4.2 Саясат, достар және отбасы	62
4.3 Сайлауға қатысу	63
4.4 Саяси белсенділік түрлері	65
4.5 Институттарға сенім	66
4.6 Демократия мен авторитаризм туралы пікірі	67
4.7 Үкіметтің мақсаты мен саясаты	68
4.8 Жастар және ұлттық бірегейлік	70

V БӨЛІМ. ОРТАЛЫҚ АЗИЯ ЖӨНІНДЕГІ СЫРТҚЫ САЯСАТ ПЕН ҰСТАНЫМ

5.1 Қазақстанның сыртқы саясатына көзқарасы	75
5.2 Босқындар мен иммигранттарға көзқарасы	78
5.3 Аймақтық интеграция	80

ҚОРЫТЫНДЫ

1-ҚОСЫМША: ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТ	85
2-ҚОСЫМША: СІЛТЕМЕЛЕР	85
3-ҚОСЫМША: КЕСТЕЛЕР МЕН СУРЕТТЕР ТІЗІМІ	87

ҰҒЫМДАР

2020 жылғы 17 ақпан мен 9 сәуір аралығында Фридрих Эберт қоры Қазақстан жасөспірімдері мен жастары арасында кең көлемді сауалнама жүргізді. Сауалнаманың нәтижесі 14–29 жас аралығындағы 1 000-ға жуық жастың өмірге көзқарасын, өзі туралы ойы мен келешекке деген идеяларын анықтап, қоғамдағы жастардың бейнесін анықтауға көмектесті.

Білім алу. Білім алу жастар үшін аса маңызды. Зерттеу нәтижесі жоғары білім алған соң, ұлдарға қарағанда магистратурада қыздардың көп оқитынын көрсетіп отыр. Жастар орта есеппен күніне екі сағат уақытын өздігінен білім алуға арнайды екен. Ал қазіргі білім сапасына жастардың көпшілігі (41%) риза болса, 24,1%-нің көңілі толмайды. Көңілі толмаудың басты себебі – білім беру саласындағы сыбайлас жемқорлық: сауалнамаға жауап бергендердің 52%-ы білім беру ұйымдарында бағаны «сатып алу» жағдайларының кездесетініне наразы екенін айтқан. Жастардың 48,5%-ы елдегі білім беру деңгейінің әлемдік еңбек нарығына сай емес екенін, 45%-ы шетелде білім алғанды қалайтынын, үштен бірі (27,5%) Қазақстанда оқығысы келетінін білдірді. Шетелде білім алуды қалайтын жастардың көпшілігі АҚШ, ЕО елдерінде, сондай-ақ Ресейде оқығысы келетінін айтты.

Жұмысқа орналасу. Қазақстанда жастардың үштен бірі «жұмыс табу оңай» деп жауап берсе, 10,5%-ы «өте қиын» деген жауапты белгілеген. Жұмысқа орналасу бойынша жігіттер мен қыздардың арасында едәуір айырмашылық бар: қыздарға (18%) қарағанда, толық жұмыс күні еңбек шартымен көп ретте жігіттер (27,4%) жұмысқа тұрған. Оның үстіне, қазіргі кезде әйелдердің көпшілігі жұмыссыз немесе жұмыс іздеп жүрген жоқ. Бұл

айырмашылық Қазақстандағы қала тұрғындары мен ауыл тұрғындары арасында тіпті жоғары: ауыл тұрғындарының 43,7%-ы жұмыссыз немесе белсене жұмыс іздемейтін болса, қала тұрғындарының көрсеткіші 34,8%-ға тең. Сондай-ақ жиі байқалатын көріністің бірі – жастардың көпшілігі (41,9%) мамандығы, яғни алған білімі бойынша жұмыс істемейтіні. Ал жұмыс тапқандардың 21%-ы мемлекеттік секторға, 62,9%-ы жеке секторға, 4,2%-ы мемлекеттік емес ұйымдарға орналасқан. Дегенмен жастардың талғамы да әртүрлі. Көпшілігі мемлекеттік секторға қарағанда, жеке секторда жұмыс істегенді ұнатады.

Миграция және көші-қон. Жастардың басым көпшілігі Қазақстанда оқып, жұмыс істегісі келеді. Алайда шетелде оқып және сонда ұзақмерзімді жұмыс істегісі келетіндер де жоқ емес. Көпшілігі мұны жақсы жұмыс табу, білім деңгейін көтеру жолы деп біледі. Қазақ жастарының 61,6%-ының өзге елге қоныс аудару ойы жоқ, ал 11,5%-ы көшкісі келеді, 17,1%-ы өзге елге кету туралы ойланып жүргенін айтты. Эмиграцияның басты факторы – өмір сүру деңгейін жақсартуға ұмтылыс (25,32%). Сауалнамаға жауап бергендер білім беру сапасы жоғары болуын екінші фактор ретінде көрсетсе (18,82%), 14,1%-ы бөтен мәдени ортада өмір сүріп көруді армандайды екен. Эмиграцияға ең қолайлы ел ретінде АҚШ-ты, одан кейін Ресейді, Еуропалық Одақ елдері мен Канаданы атаған.

Құндылықтар және құқықтар. Зерттеу нәтижесі жастардың адам құқығын, қауіпсіздік пен демократияны бағалайтынын көрсетіп отыр. Сауалнамаға жауап бергендер өзге құндылықтардан гөрі қауіпсіздікті жиі атап белгілеген, бұдан жастар қауіпсіздікке алаңдайтыны байқалады. Сондай-ақ сауалнама жастардың құқықтарының қорғалуына риза емес екенін анық көрсетті.

Қорқыныш пен алаң. Жастардың көпшілігі қауіп-қатер ретінде соғысты (51,8%), кедейліктің белең алуын (51,1%), ауаның ластануы мен климаттың өзгеруін (50,8%), сыбайлас жемқорлықты (50,8%), әлеуметтік теңсіздікті (29,4%) атаған. Жастар бұл факторларды басты қауіп көзі деп санайды. Ал жұмыссыздыққа, ауру мен қылмыстың көбеюіне соншалық алаң білдірмеген. Елде иммигранттардың көбеюі мен қылмыстың артуын қауіп-қатер ретінде сирек атаған.

Жастар және саясат. Сауалнама Қазақстан жастарының туыстары және достарымен саясат туралы сөйлеспейтінін көрсетіп отыр. Жастардың саяси көзқарасы ата-анасынікіндей дерлік. Саяси ақпаратқа үш көзден: интернет, телевизия және әлеуметтік желі арқылы қанық болады. Көпшілігі саясатқа белсенді араласпайды. Жауап бергендердің үштен бірі ғана соңғы парламент сайлауында дауыс берген, 4,7%-ы саяси петицияға қол қойған, ал негізгі бөлігі (69,5%) ешқашан дауыс беріп көрмеген. Алайда 20,6%-ы келешекте саясатқа араласу ойы бар екенін білдірді.

Құндылықтар мен мақсат. Кеңестер Одағы ыдырағаннан кейінгі кезеңде демократия, білім мен толеранттық туралы көзқарасы әлдеқайда өзгерген. Бұл бөлімде жастардың отбасы мүшелеріне, өзге этнос, дін, саяси топтар өкілдеріне, көршілеріне, сыныптастары мен әріптестеріне, сондай-ақ әртүрлі әлеуметтік топтар мен сыбайлас жемқорлық сияқты әлеуметтік құбылыстарға көзқарасы жөнінде айтылады. Зерттеу Қазақстан жастарының сенім деңгейінің бұған дейінгі зерттеу нәтижелеріне қарағанда айтарлықтай төмендегенін көрсетіп отыр. Жастар, негізінен, туыстары мен достарына сенеді. Сондай-ақ отбасы мен достарымен бейресми қарым-қатынасын өзге институттық ортадағы қарым-қатынасына қарағанда сенімді деп санайды.

Институттық сенім және демократия мен авторитаризмге көзқарас. Жастардың көпшілігі Қазақстанның қазіргі президентіне сенім білдіреді (48,3%). Еріктілер қозғалысы мен ұйымдарына сенім артатындары да аз емес (40,5%). Жалпы, сауалнамаға жауап бергендердің жартысы (54,7%) демократия – билікті басқарудың жақсы жолы, ал 52,7%-ы демократиялық жүйеде саяси оппозиция болуға тиіс деп санайды. Дегенмен жастардың әр төртіншісі авторитаризмді қолдайды. Бір қызығы, жастардың үштен бірі (27,8%) кей кикілжіңді күш қолдану арқылы ғана шешуге болады деп біледі, 38,4%-ы бұл ойға келіспесе, 22,3%-ы бейтарап жауап берген.

Үкіметтің мақсаты мен саясаты. Жастардың басым көпшілігі (70,9%) үкіметке халықтың жағдайын жақсарту ісі бойынша көп жауапкершілік жүктелуі керек деп ойлайды. Ал бәсеке жөніндегі көзқарасында негатив басым, себебі 42,3%-ы «бәсекенің зияны көп» және «адамдар арасында негатив қарым-қатынас» тудырады деп санайды. Сондай-

ақ Қазақстанда бай мен кедейдің арасындағы теңсіздікті қысқарту керек деп біледі. Сауалнама жауаптарына сүйенсек, жастардың көпшілігі үкімет адам құқығы мен бостандығын қорғауға (88,5%), жастарға жағдай жасауға (88,4%), әлеуметтік теңдік орнатуға және әлеуметтік игілікті тең бөлуге (87,9%), қоршаған ортаны қорғауға (88%) ерекше мән беруі керек деп санайды. Үкімет органдарының жастар мәселелерін шешу, халық сенімін арттыру, әлеуетін көтеру бағытындағы, сондай-ақ мемлекет саясаты мен бағдарламасының әлсіз жұмысына риза емес.

Жастар және ұлттық бірегейлік. Сауалнамаға жауап бергендердің үштен екісі Қазақстан азаматы екенін мақтан тұтады. Қазақстан жастары, біріншіден, қалалық, ауылдық болып, сосын ұлты мен шыққан аймағына байланысты бөлінеді. Сондай-ақ 14–24 жас аралығындағы жастар, 25–29 жас аралығындағы жастарға қарағанда, өздерін көп ретте «әлем азаматымын» деп атаған. Тіл мәселесі мен кирилл әліпбиінен латын әліпбиіне көшу мәселесін 32,9%-ы қолдаса, 56%-ы қолдамайтынын көрсеткен.

Сыртқы саясат пен Орталық Азия елдері жөніндегі ұстаным. Бұл бөлімде Қазақстан жастарының елдің сыртқы саясатына көзқарасы, елдің халықаралық рөлінен күтер үміті және Орталық Азия елдеріне қатысты ұстанымы қарастырылады. Зерттеу көрсеткендей, жастардың көбінің өз елінің сыртқы саясатына деген көзқарасы оң және оның келешектегі халықаралық рөліне үмітпен қарайды. Әйтсе де, Қазақстан жастарының босқындар мен иммигранттарды қабылдау сияқты айрықша мәселелерде пікірі бір арнаға тоғыспайды. Өзге эностарға қатысты ұстанымы да әртүрлі. Атап айтқанда, Қазақстанның сыртқы саясатын орыс жастарына қарағанда қазақ жастары көбірек қолдайды.

КІРІСПЕ

Статистика бойынша¹ Қазақстанның 19 млн халқының жартысы жастар, яғни 30 жасқа дейінгілер. Олардың саны күннен сайын өсіп те келеді. Халықтың бұл тобы – Қазақстан 1991 жылы тәуелсіздік алғаннан кейін туғандар. Олар Кеңес Одағы туралы мектептегі тарих оқулығынан және ата-анасы мен ата-әжесінен ғана естіп білген. Тәуелсіздік алғаннан кейін туған жастардың көпшілігі – әсіресе қаладағы жастар, салыстырмалы түрде ел гүлдене бастаған, әсіресе 2000 жылдан кейін салыстырмалы түрде саяси тұрақтылық орныға бастаған кезде өскен буын. Бұл ұрпақ 2019 жылғы наурызда отставкаға кеткенге дейін Нұрсұлтан Назарбаевтан өзге президентті көрмеген. Сондай-ақ Қазақстан цифрлық дәуірге өткен, интернет, оның ішінде әлеуметтік медиа күнделікті өмірге терең енген кезінде өскен ұрпақ.

Бұл зерттеу жұмысының мақсаты – Қазақстанда 1991 жылдан бергі осы және өзге де көптеген әлеуметтік, саяси, экономикалық және демографиялық өзгерістердің Қазақстан жастарының көзқарасы, ұстанымы, пікірі мен өмір салтына тигізген әсерін зерттеу. Зерттеу жұмысы Қазақстан жастары қоғамның ең икемді және өзгеріске бейім демографиялық тобының, сайып келгенде, елдің болашақ көш бастайтын тобының сеніміне негізделіп жүргізілді. Жастардың құндылықтарына, саяси көзқарасына, отбасына, қоғамға, үкіметке қатысты ұстанымына талдау жасалды. Сондай-ақ жастардың біртектілігіне, басқаларға қатысты сенімі мен толеранттығының деңгейіне тоқталдық. Бұл еңбектің маңызы – жастардың құндылығын, ұмтылысын, мәдени, әлеуметтік деңгейін, өзіне және қоғамның өзге мүшелеріне көзқарасын зерттейтінде.

Зерттеу жұмысын жүргізуге тағы бір нәрсе – бұған дейін

Қазақстан жастарын зерттеген еңбек жоқ екені себеп болды. Бұл орайда Марлен Ларуелдің *The Nazarbayev Generation: Youth in Kazakhstan* (2019)² атты зерттеу жұмысын ғана атап өткен жөн. Бұл – аса маңызды еңбек, алайда онда осы еңбекте қарастырылған маңызды мәселелер мен сауалдардың көпшілігі қарастырылмаған. Сондай-ақ біздің бұл жұмысымыз – Фридрих Эберт қорының 2016 жылғы *Молодежь Центральной Азии* зерттеу жұмысының жалғасы іспетті.³ 2020 жылғы осы зерттеу жұмысымыз аталған 2016 жылғы зерттеу жұмысын толықтыра түсті десек қателеспейміз.

Бұл зерттеу – Орталық Азия мен Ресей, Орталық Еуропа елдері сияқты өзге де елдердің жастары жөніндегі ауқымды зерттеу жұмысының бір бөлігі.⁴

«Жастар» дегеніміз – біртекті адамдар шоғыры емес, жасына, этносына, тұрғылықты аймағына қарай көзқарасы мен пікірі әртүрлі буын. Бір тараптан, Қазақстан жастары адам құқығы, демократия, теңдік, сапалы білім, қауіпсіздікті ең жоғары құндылық деп санайтын өзге ел жастарынан соншалық ерекшеленбейді. Алайда Қазақстан жастарының отбасы жөніндегі көзқарасы мен ұстанымы айрықша екенін баса атап кеткен жөн. Жалпы, Қазақстан жастарының отбасы, неке, бала туралы көзқарасы дәстүрлі ұстанымда, жыныстық қатынас, гомосексуалдық туралы көзқарасы байсалды, өзге әлеуметтік топтарға көзқарасы соншалық толерантты емес деуге болады. Жастар саясатқа араласпайды, саяси пікірін ата-анасына ғана білдіріп, саяси процеске сирек араласады. Сондай-ақ саяси ұйымдар мен институттарға іштей көп ретте сенімсіздік танытады.

Зерттеу жұмысының құрылымы. Бірінші бөлімде жастардың ұстанымы мен құндылығын зерттеу әдіснамасы

қарастырылады. Жастардың пікіріне жан-жақты талдау жүргізу үшін сауалнама, бақылау сияқты сапалық, сандық әдістер қолданылды.

Екінші бөлімде жастардың тұлғааралық сенімі мен әртүрлі әлеуметтік топтар және сыбайлас жемқорлық сияқты әлеуметтік құбылыстарға төзіміне талдау жасалады. Сондай-ақ жастардың Қазақстандағы дискриминация туралы пікірі мен дискриминациямен бетпе-бет келген тәжірибесі туралы айтылды.

Үшінші бөлімде жастардың болашақ жоспары мен ұмтылысы, білімге, жұмысқа, миграцияға көзқарасы, сонымен қатар адам құқығы туралы пікірі мен қорқынышы, уайымы туралы баяндалады.

Төртінші бөлімде саясат жөнінде, жастардың саяси процеске араласуы, сайлауға қатысуы, саяси белсенділігінің түрі туралы айтылады. Бұл бөлімде президентке, парламентке, полицияға, сотқа, халықаралық ұйымдарға т.б. институциялық сенім сияқты өзге де тақырыптар қарастырылады. Саяси режимдерге, мемлекет азаматтарының өміріндегі рөліне көзқарасы зерттеледі. Бұл жерде жастардың идентификациясы туралы да баяндалады.

Бесінші бөлімде сыртқы саясат туралы көзқарасы, Орталық Азия елдері мен аймақтық интеграция жөніндегі, сондай-ақ босқындар мен мигранттар туралы пікірі беріледі. Жұмыстың аяқ жағында зерттеудің негізгі қорытындылары тұжырымдалады.

1

ӘДІСНАМА

ӘДІСНАМА

Бұл әлеуметтік зерттеу жұмысында мәлімет жинаудың сандық та, сапалық та әдісі қолданылды. Мәлімет 2020 жылғы 17 ақпаннан 9 сәуірге дейін жиналды. Зерттеудің сандық бөлігінде 14–29 жас аралығындағы 97 қазақстандықпен сұхбат жүргізілді. Сауалнамаға

қатысқандар бірнеше әдіс арқылы (тікелей, телефонмен, онлайн) жауап берді. Зерттеудің сапалық бөлігінде Алматы, Нұр-Сұлтан, Шымкент, Ақтөбе, Алматы облысы жастарынан жан-жақты он сұхбат алынды. Жастар сұхбат тілінің (қазақ, орыс тілі) қай тілде болу керегін өзі таңдады.

Далалық зерттеудің соңғы кезеңінде SARS-CoV-19 вирусының таралуы мен жалпыхалықтық локдаун

1-КЕСТЕ. Елдегі 14–29 жас аралығындағы жастардың жынысы, облысы, тұрғылықты жері бойынша үлесі

	Жалпы халық саны			Қала халқы			Ауыл халқы		
	Барлығы	Ерлер	Әйелдер	Қалада, барлығы	Ерлер	Әйелдер	Ауылда, барлығы	Ерлер	Әйелдер
Қазақстан	4 277 728	2 154 909	2 122 819	2 442 446	1 194 836	1 247 610	1 835 278	960 069	875 209
Ақмола облысы	161 357	83 877	77 480	73 781	37 187	36 594	87 575	46 690	40 885
Ақтөбе облысы	210 240	105 177	105 063	132 303	64 641	67 662	77 936	40 536	37 400
Алматы облысы	446 765	231 714	215 051	96 966	50 124	46 842	349 797	181 589	168 208
Атырау облысы	148 261	76 125	72 136	67 379	33 838	33 541	80 881	42 285	38 596
Батыс Қазақстан облысы	148 303	75 623	72 680	75 252	36 497	38 755	73 052	39 126	33 926
Жамбыл облысы	259 799	133 386	126 413	98 443	49 478	48 965	161 355	83 907	77 448
Қарағанды обл.	306 965	156 524	150 441	241 772	121 389	120 383	65 193	35 135	30 058
Қостанай облысы	193 958	99 011	94 947	103 198	51 264	51 934	90 759	47 746	43 013
Қызылорда обл.	191 921	99 793	92 128	80 628	41 467	39 161	111 293	58 326	52 967
Маңғыстау обл.	159 607	81 677	77 930	59 556	31 847	27 709	100 051	49 830	50 221
Түркістан облысы	505 560	265 538	240 022	87 439	47 133	40 306	418 122	218 406	199 716
Павлодар облысы	157 994	80 667	77 327	110 131	55 090	55 041	47 864	25 577	22 287
Солтүстік Қазақстан облысы	112 524	59 117	53 407	52 996	26 014	26 982	59 528	33 103	26 425
Шығыс Қазақстан облысы	304 736	149 273	155 463	192 864	91 460	101 404	111 872	57 813	54 059
Нұр-Сұлтан	252 257	120 405	131 852	252 257	120 405	131 852	0		
Алматы	473 482	218 085	255 397	473 482	218 085	255 397	0		
Шымкент	243 999	118 917	125 082	243 999	118 917	125 082	0		

енгізілуі мәлімет жинауға айтырлықтай кедергі келтірді. Сондықтан мәлімет жинау тәсілін өзгертуге мәжбүр болғанмызды айтып өткен жөн. Себебі адамдар бетпе-бет кездесуден бас тартып, көшеге аса қажет жағдайда болмаса, шықпауға тырысып бақты. Бастапқыда мәлімет үй аралау арқылы жиналды. Кейін көшеде (аулада) кездесіп мәлімет жинауға кірістік. Кейін тіпті телефон арқылы сөйлесіп, онлайн байланысу арқылы жиналды. Соңында «қар ату» әдісі қолданылып, сұхбат бергендерден өзі сұхбат бере алады деп ойлайтын адамдары туралы ақпарат беруді сұрадық.

САНДЫҚ МӘЛІМЕТ ЖИНАУ

Зерттеу жұмысының таргеті – қалада және ауылда тұратын 14–29 жас аралығындағы жастар. Сұхбат алар алдында іріктеудің күрделі процедурасын жасап, сұхбат берушілерді тұрғылықты жеріне (қала/ауыл), жынысына, этносына, жасына қарай бөліп алдық. Сауалнамаға Ақмола, Ақтөбе, Алматы, Атырау, Шығыс Қазақстан,

Жамбыл, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Қостанай, Қызылорда, Маңғыстау, Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Түркістан облыстарының қалалары мен ауылдарының және Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент қалаларының тұрғындары жауап берді. Барлығы 1 000 адам қатысты. Іріктеу бірнеше кезеңнен тұрды. Алдымен әр облыстағы жауап беретін адамдар санының пропорциясы анықталды. Содан соң қала мен ауылдағы 14–29 жас аралығындағы жастардың үлесі анықталды. Таргет сұхбат алушылардың ресми мәліметке сай үлесін 1-кестеден көре аласыз.

Содан кейін топтардың пропорциясы санап шығарылды. Ауыл/қала тұрғындары деп іріктелді, сонымен қатар жас ерекшелігі бойынша үш топқа бөлінді: 14–19 жас, 20–24 жас, 25–29 жас. Далалық зерттеу жұмыстарына даярлықтағы іріктеу көрсеткіші 2-кестеде берілген.

3-кестеде іріктеудің соңғы кезеңі берілген. Мұнда зерттеуге әр санаттан неше адам қатысқаны көрінеді. 1-суретте таргет қатысушылардың stat.gov.kz сайтындағы ресми статистикаға сәйкес үлесі берілген⁵.


2-КЕСТЕ. Іріктеу көрсеткіші

	Халық саны			Тұрғылықты жері	
	Барлығы	Ерлер	Әйелдер	Қалада	Ауылда
Қазақстан	1 000	505	495	570	430
Ақмола облысы	38	20	18	17	21
Ақтөбе облысы	49	25	24	31	18
Алматы облысы	104	54	50	22	82
Атырау облысы	35	18	17	16	19
Батыс Қазақстан облысы	35	18	17	18	17
Жамбыл облысы	61	31	30	23	38
Қарағанды обл.	72	37	35	57	15
Қостанай облысы	45	23	22	24	21
Қызылорда обл.	45	23	22	19	26
Маңғыстау обл.	37	19	18	14	23
Түркістан облысы	118	62	56	20	98
Павлодар облысы	37	19	18	26	11
Солтүстік Қазақстан облысы	26	14	12	12	14
Шығыс Қазақстан облысы	71	35	36	45	26
Нұр-Сұлтан	59	28	31	59	0
Алматы	111	51	60	111	0
Шымкент	57	28	29	57	0

3-КЕСТЕ. Жынысы мен тұрғылықты жеріне қарай үлесі

	Халық саны			Тұрғылықты жері	
	Барлығы	Ерлер	Әйелдер	Қалада	Ауылда
Қазақстан	1 000	500	500	570	430
Ақмола облысы	38	20	18	17	21
Ақтөбе облысы	49	24	25	31	18
Алматы облысы	104	54	50	22	82
Атырау облысы	35	18	17	16	19
Батыс Қазақстан облысы	35	18	17	18	17
Жамбыл облысы	61	30	31	23	38
Қарағанды обл.	72	37	35	57	15
Қостанай облысы	45	23	22	24	21
Қызылорда обл.	45	23	22	19	26
Маңғыстау обл.	37	18	19	14	23
Түркістан облысы	118	62	56	20	98
Павлодар облысы	37	19	18	26	11
Солтүстік Қазақстан облысы	26	14	12	12	14
Шығыс Қазақстан облысы	71	33	38	45	26
Нұр-Сұлтан	59	28	31	59	0
Алматы	111	51	60	111	0
Шымкент	57	28	29	57	0

1-СУРЕТ. Жасы бойынша үлесі



ДАЛАЛЫҚ ЗЕРТТЕУДІ ҰЙЫМДАСТЫРУ

Сауалнама жүргізу орнын таңдау

Сауалнаманы ұйымдастыру бірнеше кезеңмен өтті. Бірінші кезеңде әр елді мекендегі сауалнама жүргізу орны белгіленді. Орын былайша таңдалды:

Қалада: әр қаланың екі ауданы – орталық және шеткі ауданы таңдалды. Әр ауданда екі орын таңдалды, әр орында жауап бергендер саны сауалнамаға жауап берушілердің жалпы санының ширек бөлігінен аспауы қадағаланды.

Ауылда: әр ауылда сауалнама жүргізетін екі орын – орталық және шет жағы таңдалды. Әр орында жауап бергендер саны тең болды.

Сұхбат берушілерді іріктеу

Сұхбат берушілер сауалнаманың түріне қарай іріктелді. Компьютер көмегімен жеке сұхбаттасу (computer-assisted personal interviewing (CAPI) жүргізілгенде, BISAM Central Asia өкілдері компьютер мен мобильді құрылғыны қолдана алатын сұхбат берушіні бақылап қана отырды. Сауалнамаға қатысушы әр адамға алдымен нұсқаулық берілді.

Тренинг

Далалық зерттеу басталар алдында жоба әкімшілігі командасы жергілікті топтарға шұғыл тренинг өткізді. Тренингте зерттеу жұмысының тәртібі, қолданылатын аспаптары, сауалнаманың құрылымы түсіндірілді. Мәлімет жинау әр орындағы жоба әкімшілігі мен аймақтағы бақылаушыларына жүктелді. Алматыда жоба өкілдеріне нұсқаулық BISAM Central Asia кеңсесінде Қазақстандағы Фридрих Эберт қоры өкілдерінің көз алдында түсіндірілді. Өзге облыстарда Қазақстандағы Фридрих Эберт қоры өкілдерінің қатысуымен онлайн

конференция өткізілді. Облыстардағы бақылаушылар облыстардағы командалардың сұхбат алушыларға тренингті түсіндіргенін қадағалаған. Тренингтің ақырғы кезеңінде әр сұхбат алушыға жауап берушілердің белгілі бір санынан сұхбат алу міндеті жүктеліп, қолына қажет қағаздар: маршрут сызбасы, жолдама хаты, маршрутының сипаты мен қатысушыларды іріктеу жөніндегі нұсқаулық берілген.

Сауалнамаға қатысушыларды іріктеу

Екінші кезеңде, яғни сауалнамаға қатысушыларды іріктеуде оның тұрғылықты жеріне назар аударылды. Қатысушылар былайша таңдалды:

Қалада: көппәтерлі тұрғын үйде сұхбат алушылар әр екінші пәтерге барған. Сұхбат берушілер көппәтерлі үйге соңғы кіреберісінен (реттік нөмірі ең үлкен кіреберіс) кіріп, жоғарғы қабаттағы реттік нөмірі ең үлкен пәтерден бастаған. Сұхбат алу ісі өнімді болса, келесі қабатқа тоқтамай, одан кейінгі қабаттағы, реттік нөмірі ең үлкен пәтерге барған. Сұхбат алушылар пәтер тұрғындарымен сөйлескен кезде мынадай ережені ұстанған:

- бір пәтерге бір ғана сұхбат жүргізуге болады. Пәтерде сұхбат алуға болатын екі адам болса, туған күні сұхбат алынып жатқан күнге барынша жақын адамнан алынады;
- көпқабатты үйдің бір қабатында бір адамнан ғана сұхбат алынады;
- адам сұхбат беруден бас тартса, сол қабаттағы өзге пәтерге барады. Сұхбат алушы сұхбат беретін адамды тапқанша, пәтерлерді аралай береді.

Жер үйде тұратын жастардан сұхбат алғанда, сұхбат алушы әр бесінші үйге барады.

Ауылда: ауылда сұхбат беруші әр үшінші үйге баруға тиіс болды. Үйде ересек адам болмаса, сұхбат беруші келесі үйге баруы керек. Сұхбат берушіні іріктегенде мынадай ереже сақталған:

- а) әр үйден бір адам ғана жауап берген;
- б) үйде екі отбасы тұратын болса және бөлек тұрып жатса ғана екі адам жауап берген.

Қалада да, ауылда да сұхбат алушылар (ешкім есігін ашпаса, үйінде болмаса т.б.) сауалнама жүргізу орнына ерте орала алды, бірақ ол жерде ешкімнен сұхбат алуға рұқсат берілмейді. Сұхбат алатын адам таппағанда ғана сол жерде өзге жас адамдардан сұхбат алуға рұқсат берілді.

МӘЛІМЕТ ЖИНАУ САПАСЫН БАҚЫЛАУ

Мәлімет жинау сапасын бақылау зерттеу соңына дейін жалғасты. Далалық зерттеу сапасын бақылауға арнайы инспекторлар тағайындалды. Инспекторлар далалық зерттеу жұмысы басталған соң, үш күннен кейін ғана жұмысын бастады.

Survey Studio арнайы бағдарламасы арқылы әр сауалнаманың аудиожазбасы жазылып, жиналған мәлімет сапасын бақылауға ұсынылып отырды. Сапаны бақылау кезінде қабылданбаған жауаптар базадан өшіріліп, сауалнама өзге адамдарға қайта берілді.

Сол секілді геодеректер базасы жасалып, жоба командасы сауалнама жүргізушілер мен олардың маршрутын алыстан бақылап отырды.

САПАЛЫ МӘЛІМЕТ ЖИНАУ

Сапалы мәлімет жинаудың бір бөлігі ретінде қазақстандық он жастан жан-жақты сұхбат алынды. Сұхбат берушілер әлеуметтік-демографиялық сипатына қарай мұқият іріктелді. Яғни сұхбат берушілердің әртүрлі болуына назар аударылды (жұмыс істейді, жұмыссыз, жұмысшы, маман, ғалым, жоғары білімді, орта білімді, қалада тұрады, ауылда тұрады). Зерттеудің сапалық бөлігіне Алматы, Нұр-Сұлтан, Шымкент, Ақтөбе тұрғындары ғана қатысты. Сұхбат берушілерге қойылатын талапты Қазақстандағы BISAM қызметкерлері әзірледі. Елде SARS-CoV-19 індетіне қатысты шектеу шаралары болғандықтан, жан-жақты сұхбат онлайн өтті.

2

ҚҰНДЫЛЫҚТАР МЕН КӨЗҚАРАС

1991 жылы Кеңес Одағы ыдырағаннан кейінгі кезеңде қоғамның құндылықтар жүйесінде айтарлықтай өзгеріс болған⁶. Өзгеріске қоғамда миграцияның, урбанизацияның, жаһандану мен діни мәселелердің күрделенуі себеп болып отыр. Қазақстан Орталық Азиядағы Кеңес одағы құрамында болған өзге мемлекеттермен салыстырғанда, жаһанданған ел саналады. Қазақстанның жаһандық экономикамен тығыз ықпалдасқанының бір көрінісі – шетелде оқып жатқан жастарының көп екені. 2017 жылдың соңындағы ЮНЕСКО мәліметіне сәйкес, Қазақстанның 89 505 студенті шетелде оқып жатыр⁷. 12 000-нан астам жас Қазақстанның бұрынғы президенті Нұрсұлтан Назарбаев 1994 жылы құрған «Болашақ» ғылыми бағдарламасы арқылы білім алған⁸. Шетелде оқу мүмкіндігі болғанының өзі елдегі жастардың құндылығы мен мақсаты өзгеруіне себеп болуда. Бұл зерттеуде жастардан отбасы мүшелеріне, өзге ұлттар мен этностар, дін, саяси топтар өкілдеріне, көршілеріне, сыныптастарына, әріптестеріне, әртүрлі әлеуметтік топтар мен сыбайлас жемқорлық сияқты әлеуметтік құбылыстарға көзқарасын сұрадық.

2.1 ТҰЛҒААРАЛЫҚ СЕНІМ

Зерттеу жұмысының маңызды қыры – жастардың отбасы мүшелеріне, достарына, көршілеріне, этностарға, ұлттарға, дінге, саяси басшыларға т.б. әлеуметтік топтарға

сенім деңгейін анықтағаны. Қоғамда бейбітшілік болу үшін адамның айналасындағыларға сенім көрсеткіші жоғары болуы керек деген негізге сүйендік. Кейінгі бөлімдерде егжей-тегжейлі талданатын зерттеу нәтижелерін талдай отырып, Қазақстан жастарының сенім деңгейі бұған дейінгі зерттеу нәтижелеріне қарағанда төмендегенін айтуға болады⁹. Жастар біз күткендей-ақ өзге этнос, дін, әлеуметтік тап өкілдеріне қарағанда, отбасындағы жақындары мен достарына көбірек сенеді екен. Сол секілді отбасы және достарымен бейресми қарым-қатынасын өзге институттық ресми қарым-қатынастарынан сенімді деп бағалайтыны байқалды.

2.1.1 ӨЗГЕ ЭТНОСТАРҒА СЕНІМ


Ресми қарым-қатынасқа сенім көрсеткішінің төмен екені, әсіресе өзге этнос топтарына сенімсіздік танытқанында анық байқалады. Жастардың өзге ұлттарға сенім деңгейін 5 балл – «сенім артамын», 1 балл – «мүлде сенбеймін» деген тәртіпте 1-ден 5-ке дейінгі шәкілмен бағалауын сұрадық. Нәтижесін төмендегі кестеден көре аласыз. Кестеден байқап отырғанымыздай, өзге этностарға жастардың 31,8%-ы ғана сенім білдірсе, 32%-ы сенбейтінін көрсеткен. Әсіресе елдегі ең көп екі ұлт – қазақ пен орыс ұлттарының арасындағы айырмашылық өте жоғары. Қазақ жастарының орыс жастарына қарағанда, өзге этнос өкілдеріне сенімі төмен. Атап айтсақ, өзге этнос

өкілдеріне сенеміз деген қазақ жастары – 26,4%, орыс жастары 40,3% болса, сенбейміз деген қазақ жастары – 37,9%, орыс жастары 22,8% болған. Қазақ пен өзбек ұлттары арасында да осындай көрініс байқалады. Өзбек жастары қазақтан өзге ұлттарға көбірек сенім білдіреді екен. Сауалнама нәтижесі өзбек жастарының 50%-ы өзге ұлттарға сенетінін, 17,9%-ы сенбейтінін білдірген. Қазақстанда қазақ емес жастар ұлттық азшылық топ ретінде өзге этностарға толерантты болып отыр.


Жауап берушілер неғұрлым жас болса, сенім деңгейі соғұрлым төмен болатыны байқалған. Зерттеу нәтижесі 14–19 жастағылардың 33,4%-ы, 20–24 жастағылардың 30,6%-ы, 25–29 жастағылардың 31,9%-ы өзге этнос өкілдеріне сенбейтінін көрсеткен. Бұл қоғамдағы социализация кезеңімен байланысты болуы мүмкін:

жастардың өмір тәжірибесі мен қоғамдағы байланысы артқан сайын сенімі де өсе түседі. Сонымен қатар жігіттер мен қыздардың көзқарасында айтарлықтай айырмашылық жоқ. Өзге этносқа сенім туралы мәселеде жігіттердің де, қыздардың да сенім деңгейі бірдей болған (тиісінше, 32,2% және 31,8%). Қала мен ауыл жастарының сенім деңгейінде едәуір айырмашылық бар. Қала жастарының 33,8%-ы өзге этнос өкілдеріне сенетінін, 29,4%-ы соншалық сенім артпайтынын айтқан. Салыстырып қарасақ, ауыл жастарының 29,2%-ы өзге этнос өкілдеріне сенетінін, 35,5%-ы сенбейтінін білдірген. Бұл қала жастарының өзге этнос өкілдерімен тығыз әлеуметтік байланыс орнататынымен және қарым-қатынасын дамыту мүмкіндігі молырақ болуымен байланысты шығар.

4-КЕСТЕ. Өзге этнос өкілдеріне сенім деңгейі (пайызға шаққанда)



5-КЕСТЕ. Өзге дін өкілдеріне сенім деңгейі, жасына қарай (пайызға шаққанда)



2.1.2 ӨЗГЕ ДІНІ ТОП ӨКІЛДЕРІНЕ СЕНИМІ

Жастардың өзге дін өкілдеріне сенім деңгейіндегі айырмашылық та айтарлықтай. Кесте арқылы өзге дін өкілдеріне жастардың 21,5%-ы ғана сенетінін, 43,2%-ының сенімі төмен екенін немесе мүлде сенбейтінін көріп отырмыз. Жастардың өзге дін өкілдеріне сенім деңгейі жасына қарай төмендей түседі. 14–19 аралығындағы жастардың 23,1%-ы өзге дін өкілдеріне сенім артуға болатынын айтқан. 20–24 және 25–29 жас аралығындағы жастардың сенетіндері, тиісінше, 23,9% және 18,1%. Керісінше, 14–19 жас аралығындағы жастардың 40,8%-ы, 20–24 жас аралығындағылардың 42,5%-ы, 25–29 жас аралығындағылардың 46%-ы өзге дін өкілдеріне соншалық сенбейтінін немесе мүлде сенбейтінін көрсеткен.

Бұдан бөлек, қала мен ауыл жастарының өзге дін өкілдеріне сенім деңгейінде тұрғылықты жері бойынша айтарлықтай айырмашылық жоқ. Сенім деңгейінің бірдей болуы Фридрих Эберт қорының 2016 жылғы зерттеу нәтижесінен өзгеше болып отыр. Аталған зерттеу жұмысының нәтижесі қала мен ауыл жастарының өзге дін өкілдеріне сенім деңгейінде айырмашылық бар екенін көрсеткен болатын¹⁰.

Бірақ өзге дін өкілдеріне сенім деңгейі жауап берушінің ұлтына қарай өзгеріп отырған. Орыс ұлтының жастары қазақ жастарына қарағанда өзге дін өкілдеріне әлдеқайда толерантты. Сауалнама мәліметі орыс ұлты жастарының 20,9%-ы ғана өзге дін өкілдеріне «мүлде сенбейтінін», 14,3%-ы ғана «сенімі төмен» екенін айтқан. Ал өзге дін өкілдеріне «сенімі жоғары» немесе «сенемін» деп жауап берген орыс жастары, тиісінше, 12% және 12,4%. Ал қазақ жастарының 31%-ы «мүлде сенбеймін» десе,


16,3%-ы «сенімі төмен» екенін айтса, «сенімі жоғары» және «сенемін» дегендер саны, тиісінше, 9,7% және 9,4%.

2.1.3 САЯСИ КӨЗҚАРАСЫ БӨЛЕК ТҰЛҒАЛАРҒА СЕНИМІ

Сауалнама нәтижесі жастардың 16,3%-ы ғана саяси көзқарасы бөлек тұлғаларға сенетінін, басым көпшілігі (47,3%) сенбейтінін көрсетіп отыр. Қала жастарының 45,8%-ы саяси көзқарасы бөлек тұлғаларға сенбейтінін, 17,7%-ы ғана «нық сенетінін» немесе «сенетінін» белгілеген. Ауыл жастарының 49,3%-ы саяси көзқарасы бөлек тұлғаларға сенбейтінін, 14,4%-ы ғана «нық сенетінін» немесе «сенетінін» айтқан.

Бұл көрсеткіш жауап берушінің ұлтына қарай өзгеріп тұрады. Төмендегі кестеден қазақ жастарының 49,7%-ы, өзбек жастарының 42,9%-ы, орыс жастарының 40,7%-ы, украин жастарының 56,3%-ы өзге саяси көзқарастағыларға «мүлде сенбейтінін» немесе «сене бермейтінін» айтқан. Салыстырып қарасақ, қазақ жастарының 15,7%-ы, орыс жастарының 16,3%-ы, өзбек жастарының 32,1%-ы, украин жастарының 18,8%-ы ғана саяси көзқарасы бөлек тұлғаларға «сенімі жоғары» екенін немесе «сенетінін» айтқан. Бұл тұрғыдан жастардың саяси көзқарасы бөлек тұлғалар туралы пікірі елдегі саяси режим арқылы қалыптасқанын, оған әсіресе елдегі саяси оппозиция мен саяси диссиденттердің репрессиясы әсер еткенін көреміз. Осы және өзге де дәлелдерге сүйеніп, елдегі қазіргі режимнің құндылықтары, институттары мен практикасы жастардың саяси көзқарасына әсер ететінін айта аламыз¹¹.

6-КЕСТЕ. Саяси көзқарасы бөлек тұлғаларға сенім деңгейі; жауап берушінің ұлтына, тұрғылықты жеріне қарай (пайызға шаққанда)



2.1.4 КӨРШІЛЕРІНЕ СЕНІМІ

Жастардың көршілеріне сенім білдіру деңгейіне назар аударсақ та дәл осындай көрсеткішті байқаймыз. Мысалы, жастардың 30,9%-ы ғана көршілеріне сенетінін айтқан. 39,2%-ы сенбейтінін білдірген. Мұндай жауап Фридрих Эберт қорының 2016 жылғы зерттеу нәтижесіне сәйкес келеді¹². Көршілеріне сенім деңгейі жастардың этносына байланысты ерекшеленеді, онысы қазақ пен орыс ұлттарының күнделікті қонақжайлығындағы айырмашылығына байланысты болуы мүмкін¹³. Төмендегі кестеден көршілеріне қазақ жастарының 36,3%-ы, орыс жастарының 23,2%-ы ғана сенетінін байқаймыз. Екінші жағынан, қазақ жастарының 34,5%-ы мен орыс жастарының 42,3%-ы көршілеріне мүлде сенбейтінін және сенімі аз екенін айтқан. Қала мен ауыл жастарының көршілеріне сенім деңгейінде де айтарлықтай айырмашылық бар. Қала жастарының 25,1%-ы ғана көршілеріне «нық сенемін» немесе «толық сенемін» деп жауап берген. Ал ауыл жастарының арасында көршілеріне «сенемін» немесе «толық сенемін» деп жауап бергендер көрсеткіші – 38,6%. Мұндай айырмашылықтың себебі әртүрлі болуы мүмкін. Бір жағынан, бұл қала жастарының икемділігімен немесе қалада көршілердің жиі көшуіне байланысты болуы мүмкін. Сол сияқты, қала тұрғындарының ауыл тұрғындарына қарағанда бір-бірін жете танымайтынымен байланысты болуы да мүмкін.

2.1.5 ОТБАСЫ МЕН ДОСТАРЫНА СЕНІМІ

Жастардың өзге этнос, дін, саяси көзқарас өкілдеріне,


көршілеріне сенім деңгейіне қарағанда, күнделікті жақын араласатын адамдарына білдірер сенім көрсеткіші жоғары. Күнделікті жақын араласатын адамдары қатарына отбасы мүшелері, достары, сыныптастары, курстастары, әріптестері жатады. Бұл көрсеткіш Фридрих Эберт қорының бұған дейінгі сауалнамасы көрсеткішінен айтарлықтай өзгешеленбейді¹⁴. Мысалы, отбасы мүшелеріне сенімі жөнінде айтар болсақ, жастардың басым көпшілігінің күйеуі, әйелі, қарындасы, сүйіктісі сияқты жақындарына сенімі жоғары деңгейде. Әсіресе жауап бергендердің 88%-ы отбасы мүшелеріне нық сенетінін айтқан. Жауап бергендердің бірі мұны былайша түсіндірді.

«Жастардың көбіне ата-анасына нашар достары туралы айта бермейтінін білсем де, үйдегі ата-анама күні бойы не көргенімді бірін қалдырмай айтып беремін».

Әйел, 19 жаста, студент

Отбасындағы жақын туыстарына сенім артуы жастардың әлеуметтік-демографиялық тобына, жасына, жынысына, ұлты мен тұрғылықты жеріне қарай ерекшелене қоймайды. Отбасының өзге мүшелеріне сенім білдіруде аз-маз ерекшелік бар. Жастар алыс туыстарына беріле сене бермейді. Алыс туыстарына сенім білдіру туралы

7-КЕСТЕ. Көршілеріне сенім деңгейі; жауап берушінің ұлтына, жынысына, тұрғылықты жеріне қарай (пайызға шаққанда)



сұраққа жастардың 45,8%-ы ғана толық сенетінін айтса, 31,7%-ы сенбейтінін белгілеген.

Бұл көрсеткіш жастардың достарына артар сеніміне ұқсас. Жауап бергендердің 71,6%-ы достарына сенетінін, 8,5%-ы ғана сенбейтінін айтқан. Жынысына, жасына, этносына қарай сенім білдіру деңгейі 2016 жылғы нәтижеге ұқсас, аз ғана айырмашылығы бар¹⁵. Жынысы бойынша айтсақ, қыздардың 68,4%-ы мен жігіттердің 74,8%-ы достарына бек сенетінін айтқан. Этносты тұрғысынан алғанда, қазақ жастарының 73,7%-ы, орыс жастарының 72,1%-ы достарына нық сенім артады.

2.1.6 СЫНЫПТАСТАРЫНА, КУРСТАСТАРЫНА, ӘРІПТЕСТЕРІНЕ СЕНІМІ

Бұл орайда жастардың сыныптастарына, курстастарына, әріптестеріне сенім деңгейі бөлек екенін көріп отырмыз. Бұл сұраққа жастардың 36,8%-ы сенетінін, 26,8%-ы сенбейтінін айтқан. Қазақ пен орыс жастарының жауаптары арасында айырмашылық көп емес. Қазақ жастарының 43,7%-ы сыныптастары мен әріптестеріне сенемін десе, 22,1%-ы сенбейтінін айтқан. Орыс жастарының 27,5%-ы сыныптастары мен әріптестеріне сенетінін айтса, 32,2%-ы сенбейтінін айтқан. Орыс жастарының сыныптастары мен әріптестеріне соншалық сенім білдірмеуіне назар аударып, бұдан ары тереңдей түсіп зерттеу керек. Бұл орайда орыс жастарының бойында қоғамда, оның ішінде жұмыс орындары мен білім беру мекемелерінде қазақтар басым болып бара жатқанынан – «қазақшалану» процесінен қорқу сезімі бар деген болжам жасауға болады¹⁶. Жастардың тұрғылықты жеріне қарай берген жауабына назар аударсақ, сенім деңгейінде аз-маз айырмашылық бар екенін байқаймыз. Қала жастарының 33,8%-ы сыныптастарына сенетінін, 30,6%-ы сенбейтінін айтқан. Ауыл жастарының 40,9%-ы сыныптастарына сенетінін, 22,2%-ы сенбейтінін айтқан.

2.1.7 ӨЗГЕ ЭТНОС ПЕН ДІН ӨКІЛДЕРІНЕ СЕНІМІ

Сауалнама арқылы жастардың өзге әлеуметтік топтарға сенім деңгейін өзге этнос және діни топ өкілдерімен дос болуға қаншалық дайын екені туралы сұрақ қоя отырып анықтадық. Жастардың жауабын 1-ден 4-ке дейінгі шәкілге бөлдік: 1 – «иә», 2 – «жоқ», 3 – «білмеймін», 4 – «жауабы жоқ». Келесі кестеден осы бөлімнің нәтижесін көре аласыз.

Кестеден байқағанымыздай, өзге этнос өкілдерімен дос болуға қаншалық дайын екені туралы сұраққа жауап бергендердің 75,8%-ы «иә» деп, 22,7%-ы «жоқ» деп жауап берген. Бұл сұраққа әйелдер мен

ерлердің жауаптарында айтарлықтай айырмашылық болмағанымен, жауап берушінің этностық шығу тегіне қарай айырмашылықтар бар. Орыс жастарының 96,5%-ы, қазақ жастарының 64,5%-ы өзге этнос өкілдерімен достасуға дайын екенін айтқан. Бұл сұраққа берілген жауап жастардың тұрғылықты жеріне қарай әртүрлі болған. Қала жастарының 82,9%-ы өзге этнос өкілдерімен дос болуға дайын болған. Ал бұл көрсеткіш ауыл жастары арасында – 66,4%.

Өзге дін өкілдерімен дос болу жөніндегі сұрақтың жауабы да осыған ұқсас. Жауап бергендердің 71,5%-ы дос болуға дайын екенін, 26,7%-ы ғана қарсы екенін айтқан. Жастардың жауабы этносына қарай ерекшеленген. Өзге дін өкілдерімен дос болуға қазақ жастарының 60,2%-ы ғана дайын болса, орыс жастарының 91,9%-ы дайын болған. Жастардың тұрғылықты жері бойынша жауабы да әртүрлі. Атап айтсақ, қала жастарының 78,8%-ы, ауыл жастарының 61,7%-ы өзге дін өкілдерімен дос болуға дайын екен.

Өзге тілде сөйлейтін адаммен дос болу туралы сұрақтың жауабы да дәл осыған ұқсас. Жауап бергендердің басым көпшілігі (72,3%) бұл сұраққа «иә» деп, 26,4%-ы «жоқ» деп жауап берген. Қазақ жастарының 64,7%-ы, орыс жастарының 84,1%-ы дос болуға дайын екенін айтқан. Қала жастары дос болуға көп ретте дайын болса, ауыл жастарының көрсеткіші төмендеу (тиісінше, 76,6% және 66,6%).

Жауап бергендердің 79%-ы өзге әлеуметтік топ өкілімен дос болуға қарсы емес. Дос таңдайтындар 18,9% қана. Қазақ жастарының 71,1%-ы, орыс жастарының 93,8%-ы өзге әлеуметтік топ өкілдерімен дос болуға дайын екенін айтқан. Бұған дейінгі бөлімдердегі сияқты, бұл жолы да қала мен ауыл жастары арасында айырмашылық бар (өзге әлеуметтік топ адамдарымен дос болуға, тиісінше, 83,6% және 72,9% дайын болған).

Бұл сұрақтың жауап нәтижесі қазақ жастарының орыс жастарына қарағанда өзге дін мен өзге әлеуметтік топ өкілдеріне сенімі төменірек екенін көрсетеді. Бір жағынан, ауыл жастарының қала жастарына қарағанда дос болуға соншалық дайын емес екенін көрсетіп тұр. Жастардың өзге этнос және дін өкілдерімен дос болуға қатысты жауабы жасына байланысты да ерекшеленіп, адамның жас өскен сайын қоғамға сенімі мен толеранттығы өсетінін көрсетіп отыр.

2.1.8 ӨЗГЕ ӘЛЕУМЕТТІК ТОПТАРҒА ТОЛЕРАНТТЫҒЫ


Сауалнамаға сұрақтар енгізіп, жастардың өзге әлеуметтік топтарға, әсіресе әлеуметтік тұрғыда аз қорғалған топтарға, аз этностарға және ЛГБТК+ топтарына

көзқарасын зерттеуді де мақсат тұттық. Жастардың бөтен салт-дәстүр мен әдет-ғұрыпқа көзқарасын анықтаудың маңызы зор. Атап айтқанда, сауалнамаға қатысушыларға «тұрғылықты ауданыңызға өзге әлеуметтік топтар келсе не істер едіңіз» дегендей мазмұнда сұрақ қойылған. Сауалнама нәтижесін шығарғанда, Қазақстан жастарының өзге дін мен этнос өкілдеріне толеранттық деңгейі


көрсеткіші төмен деген бұған дейінгі айтылған қорытынды өзгеріссіз қалғанын байқадық (қараңыз: 2.1.1-бөлім).

Жауап берушілердің басым көпшілігі босқындармен көрші тұрғысы келмейді. Жауап бергендердің 14,2%-ы ғана бұл сұраққа «иә» деп, 57,8%-ы «жоқ» деп жауап берген. Төмендегі кестеден байқағанымыздай, бұл сұраққа берген жауаптары бойынша қазақ жастары мен орыс жастарының

8-КЕСТЕ: **Жынысы мен этносына қарай дос болуға дайындық деңгейі** (пайызға шаққанда)



9-КЕСТЕ: **Жасына қарай дос болуға дайындық деңгейі** (пайызға шаққанда)




жауаптары арасында едәуір айырмашылық бар. Қазақ жастарының 65,8%-ы босқындармен көрші болуға келіспейтін болса, 9,9%-ы ғана қарсы емесін айтқан. Ал орыс жастарының 46,5%-ы келіспесе, 22,1%-ы келісетінін білдірген. Одан бөлек, қала мен ауыл жастарының келіспеу мәніндегі жауаптарында да айырмашылық бар (тиісінше, 52,8% және 64,5%). Жігіттер мен қыздардың босқындармен көрші тұру туралы жауаптарында айтарлықтай айырмашылық жоқ. Жалпы, босқындарға қатысты жігіттердің де, қыздардың да көзқарасы нашар (қыздар – 57,2%, жігіттер – 58,4%). Босқындарға жағымды көзқарасын білдірушілер арасында айырмашылық жоқ (қыздардың 16%-ы, жігіттердің 12,4%-ы).

Роман тектес отбасымен көрші болу туралы сұрақтың жауабы да осыған ұқсас. Жауап бергендердің 11,3%-ы көрші болуға қарсы емес, 65,3%-ы қарсы екенін айтқан. Келесі кесте арқылы бұл сұрақ жауабын талдағанда, ерлердің қарсылығына қарағанда әйелдердің қарсылығы


төмен екенін байқаймыз (тиісінше, 61,8% және 68,8%). Екінші жағынан, орыс жастарының толеранттығы, қазақ жастарына қарағанда жоғары (тиісінше, 53,1% және 71,6%). Қала мен ауыл жастарының жауабында айырмашылық бар. Ауыл жастарының толеранттығы қала жастарына қарағанда төменірек (тиісінше, 69,4% және 62,3%).

Жастардың ЛГБТК+ туралы көзқарасы да осыған ұқсас. ЛГБТК+ өкілімен немесе ЛГБТК+ жұбымен көрші тұру туралы сұраққа жауап бергендердің 9,3%-ы ғана қарсылық танытпайтынын айтқан, 71,2%-ы қарсы болған. Әсіресе жас жігіттердің гомофобиялық көзқарасы жоғары. Жігіттердің 77,6 %-ы, әйелдердің 64,8 %-ы ЛГБТК+*-мен көрші болуға қарсы екенін анық білдірген. Ал ЛГБТ өкілімен көрші болуға қарсы екенін айтқан қазақ жастары мен орыс жастарының үлесі әртүрлі (тиісінше, 73,2% және 69,0%). 9-кестеден байқағанымыздай, үлкен қалалардағы жастар арасында гомофобиялық үрей бәсең. ЛГБТК+ өкілімен көрші болуға қарсы болғандардың 66,1%-ы – қала


10-КЕСТЕ. **Ықтимал көршілер туралы көзқарас** (пайызға шаққанда)



11-КЕСТЕ. **Босқындармен көрші тұруға қатысты көзқарас** (пайызға шаққанда)



12-КЕСТЕ. Роман тектес отбасымен көрші тұруға қатысты көзқарас (пайызға шаққанда)



жастары, 78%-ы – ауыл жастары. Яғни ауыл жастарына қарағанда қала жастарының ішінде ЛГБТК+ өкілімен көрші болуға қарсы болмайтындар саны көп (тиісінше, 12,6% және 4,9%). Жауап берушілердің көпшілігінің ЛГБТК+ жөніндегі сұраққа қарсы болатыны алдын ала белгілі болды және жауаптары да бұған дейінгі зерттеу нәтижесіне сәйкес келді. Мысалы, Қазақстандағы Сорос қорының 2009 жылғы зерттеуі нәтижесінде қоғамда өзге жыныстық ориентациядағыларға гомофобия мен трансфобия деңгейі жоғары болғаны анықталған¹⁷. Бұл жағымсыз көзқарас Қазақстан қоғамына сіңіп қалған. Жауап бергендердің бірі Қазақстандағы біржыныстылардың некесі туралы пікірін былайша білдірді.

Сауалнамаға жауап бергендердің есірткі тұтынушылар мен сотталғандар туралы көзқарасы да негізінен нашар болды. Есірткі тұтынатындармен араласуға жастардың 88,7%-ы, бұрын сотталғандармен араласуға 78,3%-ы қарсы болған. Сауалнамаға жауап берген жастардың жасына, жынысына, этносы мен тұрғылықты жеріне қарамастан көзқарастар көрсеткіші тең болған.


Жастардың басым көпшілігі көпбалалы немесе зейнеткерлер отбасымен көрші болуға қарсы емес. Қарсы болмағандардың саны, тиісінше, 74,4% және 69,8%. Көпбалалы отбасымен көрші тұруға қарсы болған жастар – 4,9%, зейнеткерлер отбасымен көрші болуға қарсы болғандар – 5,6%. Студенттермен көрші тұруға қарсы болғандар да бар – 17,6%.

Бір қызығы, батыс еуропалықтармен көрші тұрғысы келетіндер көп емес. Жастардың 38,9%-ы батыс еуропалықтармен көрші болуға «өте жақсы» және «жақсы» қараса, 27,1%-ы «өте нашар» және «нашар» деп ойлайды. Сауалнамаға қатысқандардың ұлтына қарай жауаптары әртүрлі болды. Орыс жастарының 14,8%-ы батыс еуропалықтармен көрші болуға қарсы болған. Қазақ жастарында бұл көрсеткіш едәуір жоғары – 32,5%. Батыс еуропалықтармен көрші болуға келісетін қазақ жастары – 35,8%, орыс жастары – 48,9%. Батыс еуропалықтармен көрші болуды «өте нашар» және «нашар» деп қабылдайтын ауыл жастарының саны – 37,4%, қала жастары – 19,4%.


« Біржынысты отбасын құрғым келеді. Қазақстанда бұған жол жоқ, ата-анам да, қоғам да қолдамай отыр. Дегенмен кейінгі ұрпақ та, достарым да маған толерантты көзқарас танытуда. Оның үстіне, бұл менің таңдауым емес, биологиялық-психологиялық қажеттік екенін түсінеді. Ғалым ретінде мұны жақсы түсінемін, бірақ қоғамға түсіндіре алмаймын, себебі біздің қоғам ескірген тыйымдармен өмір сүріп келеді. Шешемнің санасын өзгертуге тырысқан емеспін, себебі шешем маған ешқашан рұқсатын да, батасын да бермейтінін білемін».

Ер, 20 жаста, студент


13-КЕСТЕ. ЛГБТК+ өкілімен көрші болуға қатысты көзқарас (пайызға шаққанда)



14-КЕСТЕ. Есірткі тұтынушыларға қатысты көзқарас (пайызға шаққанда)



15-КЕСТЕ. Батыс еуропалықтармен көрші болуға қатысты көзқарас (пайызға шаққанда)




2.1.9 САЯСИ КӨШБАСШЫЛАРҒА КӨЗҚАРАСЫ

Жастардың саяси көшбасшыларға артар сенім деңгейі өте төмен. 13,8%-ы ғана саяси көшбасшыларға кәміл сенім білдірсе, басым көпшілігі (56,1%) мүлде сенбейді.


Саяси көшбасшыларға сенім деңгейі ерлер мен әйелдер арасында бірдей дерлік (тисінше, 55,8% және 56,4%). Жауап бергендердің саяси көшбасшыларға сенімі жасқа қарамастан бір деңгейде. 25–29 жас аралығындағылардың 59,5%-ы, 20–24 жас аралығындағылардың 57,5%-ы, 14–19 жас аралығындағылардың 51,1%-ы саяси көшбасшыларға сенбейтінін айтқан.

ЖАЛПЫ, МЫНА ТІЗІМДЕГІ АДАМДАР МЕН ҰЙЫМДАРҒА ҚАНШАЛЫҚ СЕНІМ БІЛДІРЕСІЗ?


■ Мүлдем сенбеймін ■ 2 ■ 3 ■ 4 ■ Кәміл сенемін
■ Білмеймін ■ Жауабы жоқ




Президентке




Парламентке




Үкіметке




Үкіметтік емес ұйымдарға




Саяси партияларға




Жергілікті билік органдарына




Әскерге




Сот жүйесіне (сотқа)




Полицияға




Шіркеуге, дін институттарына




Қазақстандағы медиаға




Кәсіподақтарға




Ірі компанияларға




Банктерге




Еріктілер қозғалысына




Еуропа Одағына




БҰҰ



ЕҚЫҰ



НАТО



Халықаралық валюта қорына

Этнос тұрғысынан қарасақ, орыс жастарының сенім деңгейі (63,2%) қазақ жастарының сенім деңгейінен (51,3%) төмен. Украин жастарының 87,5%-ы саяси көшбасшыларға сенбейтіні алаң туғызар жайт. Ел халқының жалпы санының жартысын құрайтын жастардың елдегі саяси көшбасшыларға сенімінің төмен болуы келешекте мемлекет саясатына сенімнің жойылуына жеткізуі мүмкін. Үкіметке сенетін жастар көп емес. Үкіметке орыс жастарының 7,4%-ы, қазақ жастарының 17,4%-ы, украин жастарының 0%-ы сенім білдіреді. Бұл нәтижені де терең зерттеу керек. Қазақ емес жастардың арасында саяси көшбасшыларға сенімнің аз болуы, жоғарыда айтып өткеніміздей, қоғамның «қазақшалануынан» болуы мүмкін. Сондай-ақ қала мен ауыл жастарының саяси көшбасшыларға сенім деңгейінде айырмашылық бар. Қала жастарының 11,3%-ы саяси көшбасшыларға сенім артса, 63,2%-ы сенім білдірмейді. Ауыл жастарының 17,0%-ы сенсе, 46,7%-ы сенбейді.


2.2 ДИСКРИМИНАЦИЯ

Қазақстан жастарының тұлғааралық сенімі мен өзге топтарға толеранттығының төмен болуы фактісімен қатар, этносы, діни сенімі, саяси көзқарасы бойынша дискриминацияға ұшырау мүмкіндігін де анықтауға тырыстық. Дегенмен төмендегі кестеден байқағанымыздай, сауалнамаға қатысқан жастардың


дискриминацияға ұшырағандары өте сирек. Оның ішінде ерлерге қарағанда көп ретте әйелдер дискриминацияға ұшырағанын көрсеткен¹⁸. Екінші жағынан, қазақ жастарына қарағанда орыс жастары дискриминацияға көбірек ұшыраған. Ал діни сенімі, ұлты, саяси көзқарасы, тілі бойынша «кейде» дискриминацияға ұшырайтындар саны әлі де көп, тіпті ондап саналады (мысалы, ұлты, тілі бойынша). Бұл да ары қарай зерттеуді қажет ететін маңызды нәтиже.

Мысалы, ұлты бойынша айтар болсақ, сауалнамаға жауап бергендердің 3,9%-ы дискриминацияға үнемі ұшырайтынын, ал 11,5%-ы кейде ғана ұшырайтынын білдірген. Екінші жағынан, жастардың 82,5%-ы ұлты бойынша ешқашан дискриминацияға ұшырамағанын белгілеген. Қазақ жастарына қарағанда орыс жастары ұлты бойынша дискриминацияға әлдеқайда көбірек ұшырайтынын айтқан. Орыс жастарының 76%-ы, өзбек жастарының 60,7%-ы, қазақ жастарының 88,9%-ы ұлты бойынша ешқашан дискриминацияға ұшырамағанын айтқан. Орыс жастарының 22,5%-ы, өзбек жастарының 32,2%-ы, қазақ жастарының 9,3%-ы дискриминацияға ешқашан ұшырамаған. Бұл орайда ерлерге қарағанда әйелдер дискриминацияға көбірек ұшырайды. Жауап берген әйелдердің 17%-ы дискриминацияға кейде ғана немесе жиі ұшыраған (ерлерде бұл көрсеткіш – 13,8%). Жасына қарай айтсақ, 25–29 жас аралығындағылардың 17,5%-ы дискриминацияға кейде ғана немесе жиі ұшыраған, ал 14–19 жас аралығындағылардың көрсеткіші – 13%. Қала жастары дискриминацияға, ауыл жастарына

16-КЕСТЕ. Саяси көшбасшыларға сенімі, (пайызға шаққанда)




2-СУРЕТ. Жастардың жалпы сенім деңгейі (пайызға шаққанда)




қарағанда жиі ұшырайды (тиісінше, 20,5% және 8,6%). Жастардың 87,4%-ы діні бойынша дискриминацияға ұшырамаған, 2,5%-ы жиі, 7,9%-ы кездейсоқ ұшыраған. Бұл көрсеткіш жауап берушілердің ұлтына қарай өзгеріп тұрады. Орыс жастарының 14,4%-ы, қазақ жастарының 7,1%-ы діні бойынша дискриминацияға «кейде» және «жиі» ұшырайтынын айтқан.

Саяси көзқарасы бойынша дискриминацияның деңгейі де осы көрсеткішке сай дерлік. Жастардың 86%-ы саяси көзқарасы бойынша дискриминацияға ешқашан ұшырамағанын, 3,6%-ы жиі ұшырайтынын, 7,6%-ы кездейсоқ ұшырағанын айтқан. Қазақ жастары орыс жастарына қарағанда саяси көзқарасы бойынша дискриминацияға жиі ұшырайды (тиісінше, 10,6% және 8,5%). Жыныстық ориентациясы бойынша дискриминацияға ұшырағандар да бар. Ерлердің 1%-ы, әйелдердің 1,2%-ы жыныстық ориентациясы бойынша дискриминацияға кейде немесе жиі ұшырағанын айтқан¹⁹. Жастардың 94,3%-ы жыныстық ориентациясы бойынша дискриминацияға ешқашан ұшырамағанын айтқан. Бірақ 20,1%-ы қаржылық жағдайы бойынша, 12,9%-ы әлеуметтік жағдайы бойынша дискриминацияға жиі ұшыраған.


17-КЕСТЕ. Дискриминацияға ұшырау жиілігі (пайызға шаққанда)



18-КЕСТЕ. Ұлты бойынша дискриминация (ұлты, жасы, жынысы, тұрғылықты жері бойынша)
(пайызға шаққанда)



19-КЕСТЕ. Дініне қарай дискриминация (пайызға шаққанда)




2.3 ТОЛЕРАНТТЫҚ

Бұл зерттеудің тағы бір мақсаты – жастардың жағымсыз және салыстырмалы түрде ортақ әлеуметтік құбылыстар мен мінез-құлыққа көзқарасын зерттеу. Зерттеу нәтижесі сауалнамаға жауап берген жастардың басым көпшілігінің түсік жасату, пара беру, салық төлеуден жалтару, жұмысқа таныс арқылы орналасу немесе өзге де мәселелерді таныс арқылы шешу сияқты құбылыстарға қарсы екенін


көрсетті. Жастардың мұндай құбылыстар мен жыныстық ориентацияға көзқарасы Фридрих Эберт қоры 2016 жылы жүргізген зерттеу нәтижесінен айтарлықтай өзгермегенін көрсетіп отыр²⁰.

МЫНА МӘСЕЛЕЛЕР БОЙЫНША ДИСКРИМИНАЦИЯҒА ҰШЫРАП КӨРДІҢІЗ БЕ?


■ Ешқашан ■ Кейде ■ Жиі
■ Білмеймін ■ Жауабы жоқ




Жынысы бойынша




Қаржы жағдайы бойынша




Жасы бойынша




Діни сенімі бойынша




Ұлты бойынша




Білім деңгейі бойынша




Әлеуметтік қызметі бойынша




Саяси көзқарасы бойынша



Тұрғылықты жері бойынша



Жыныстық ориентация бойынша



Тілі бойынша

2.3.1 СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА КӨЗҚАРАСЫ

Келесі кестеде байқалғандай, Қазақстан жастарының басым көпшілігі сыбайлас жемқорлыққа қарсы. Сауалнама барысында жастарға «сенің ойыңша, осы жүріс-тұрысқа көнесің бе, әлде мүлде көнбейсің бе, әлде осыған көну керек пе» деген сұрақ қойылып, жауабы 1 – «көнбеймін», 10 – «көнемін» деген, 1-ден 10-ға дейінгі шәкіл бойынша белгіленді. Жауап бергендердің 61,3%-ы сыбайлас жемқорлыққа «мүлде көнбеймін» деген. Тек 9,6%-ы «кейде көнемін» десе, 2,2%-ы пара алу мен пара беруге қашан да көну керек деп жауап берген. Сауалнама нәтижесі жастардың сыбайлас жемқорлыққа көзқарасы жасына қарамастан бірдей екенін көрсетті. 14–19 жас аралығындағылардың 60,2%-ы сыбайлас жемқорлыққа қарсы болса, 2,7%-ы ғана «көну керек» деп жауап берді. Сыбайлас жемқорлыққа қарсылық білдіруші жауап берушілерді ұлтына қарай саралағанда айырмашылық аз екені байқалды. Қазақ жастарының 63,5%-ы, орыс жастарының 58,1%-ы қарсы болса, орыс жастарының 17,1%-ы мен қазақ жастарының 9,9%-ы «көну керек» деп жауап берген. Қала жастары арасында сыбайлас жемқорлыққа көнетіндер (14,9%) ауыл жастарына қарағанда (7,7%) көп.


2.3.2 ГОМОСЕКСУАЛДЫҚҚА КӨЗҚАРАСЫ

Жастардың салыстырмалы түрде көп бөлігі гомосексуалдықты қолдамайды. Қазақстанда

біржыныстылардың қарым-қатынасына шектеу қойылмаған. Алайда біржыныстылар некесіне ресми тыйым салынған. Мысалы, біржынысты жұптың құқығы гетеросексуалдардың құқығы сияқты қорғалмайды. Біржынысты жұп заңды некеге тұра алмайды, бала асырап ала алмайды²¹. Жастардың 65,7%-ы біржыныстылардың қарым-қатынасын ешқашан түсіне алмайтынын айтса, 7,7%-ы «кейде» түсінетінін, 4,8%-ы түсінетінін айтқан. Гомосексуалдыққа әсіресе жігіттер қарсы. Жауап берген жігіттердің 71,8%-ы, әйелдердің 59,6%-ы гомосексуалдыққа қарсы екенін айтқан. Жастардың көзқарасы ұлтына қарай әртүрлі болған. Гомосексуалдыққа қазақ жастарының 68,9%-ы, орыс жастарының 58,1%-ы қарсы. Гомосексуалдықты қолдайтындар арасында қазақ жастарына қарағанда орыс жастары көбірек (тиісінше, 9,2% және 19,4%). Болжағанымыздай, гомосексуалдықты қала жастары көбірек қолдайды, ал ауыл жастарының арасында қолдайтындар саны өте аз (тиісінше, 16,1% және 7,7%).

2.3.3 АБОРТҚА КӨЗҚАРАС

Жастарды алаңдататын жағдайлардың бірі - жасанды түсік. Елде әйелдердің жасанды түсік жасату құқығы туралы мәселе көтерілмейді, бірақ Қазақстан жасанды түсік жасату көрсеткіші бойынша экономикасы дамыған елдермен бір қатарда тұр²². Сауалнама барысында жастардың 51,9%-ы жасанды түсікке қарсы екені анықталса, 13,4%-ы мен 4,3%-ы «кейде» және «әрдайым» рұқсат беру керек деп санайды. Болжағанымыздай,




жасанды түсікке қатысты ерлер мен әйелдердің көзқарасы екі түрлі. Әйелдердің 50,6%-ы жасанды түсікке қарсы болса, 6%-ы рұқсат беру керек деген. Жігіттердің 53,2%-ы қарсы болса, 2,6%-ы рұқсат беру керек деп белгілеген. Қазақ жастары мен орыс жастарының жасанды түсікке көзқарасы әртүрлі. Қазақ жастарының 58,4%-ы жасанды түсікке қарсы болса, орыс жастарының көзқарасы басқаша, атап айтқанда, 39,5%-ы ғана жасанды түсікке қарсы екенін білдірді. Қазақ және орыс жастарының жасанды түсікке қатысты көзқарасы екі түрлі болуы алдағы бөлімде егжей-тегжейлі талқыланатын жастардың жыныстық тәжірибеге көзқарасына байланысты болуы мүмкін.


2.3.4 ЖЫНЫСТЫҚ ТӘЖІРИБЕ

Зерттеу жұмысымызда жыныстық тәжірибе саласында Қазақстан жастарының үштен бірі (32,1%) жыныстық қатынас еркін болуы керек және некеге дейінгі қатынасқа тыйым салу ескірген ғұрып деп санайтынын анықтадық. Одан бөлек, жастардың 15%-ы мұндай тыйым жастарға орынсыз психологиялық міндет жүктейді деп жауап берген. Жастардың 14,7%-ы ғана некеге дейінгі жыныстық қатынасқа тыйым салу дұрыс екенін және оның әлі құны жоғалмағанын, оны жігіт те, қыз да ұстануға міндетті екенін айтқан. Некеге дейінгі жыныстық қатынасқа тыйым салуды жігіттерге қарағанда қыздар көп қолдаған (тиісінше, 13,3% және 16,4%), ал қыздардың 28,8%-ы мен жігіттердің 18,1%-ы мұндай тыйымды қыздар ғана ұстануы керек деген. Жауап бергендердің жартысына жуығы (48,9%) бір немесе бірнеше серігімен жыныстық қатынаста болғанын,

20-КЕСТЕ. **Пара алу мен пара беруге көзқарас** (пайызға шаққанда)



20-КЕСТЕ. **Гомосексуалдыққа көзқарас** (пайызға шаққанда)



ал 30%-ы жыныстық қатынасқа әлі түспегенін айтқан. Дегенмен некеге дейін пәктігін сақтау қыздардың ғана шаруасы болып қалып отыр. Ерлер жыныстық өмірді әйелдерге қарағанда ертерек бастайтыны анықталды. Сауалнамаға жауап берген жігіттердің 17,8%-ы, қыздардың 40,2%-ы жыныстық қатынаста болып көрмегенін айтқан. Сауалнамаға қатысқандардың басым көпшілігі жыныстық өмірін кәмелетке толған соң бастаған. 14–19 жас аралығындағылардың 19,4%-ы ғана жыныстық қатынасқа барып үлгергенін айтса, 68,7%-ы әлі түсіп көрмегенін айтқан. 20–24 жас аралығындағылардың 22,1%-ы әлі жыныстық қатынаста болып көрмеген. Бұл мәселеде жастардың ұлтына қарай айырмашылық аз. Қазақ жастарының 28,7%-ы, орыс жастарының 30%-ы әлі жыныстық қатынасқа түсіп көрмегенін айтқан.

Жыныстық қатынаста контрацепция пайдалануды жастардың басым көпшілігі қолдайды. Жастардың 41%-ы контрацепцияны жиі пайдаланатынын айтса, 16%-ы кейде пайдаланатынын айтқан. Тек 2,6%-ы, оның ішінде басым көпшілігі қыздар, контрацепция деген не екенін білмеген. Жыныстық қатынаста контрацепцияны ешқашан пайдаланбаймыз деген әйелдер саны ерлерден көп болған (тиісінше, 38,4% және 22,9%). Қазақ жастары арасында контрацепция пайдалану аса тарай қоймаған: контрацепцияны тұрақты немесе міндетті түрде пайдаланатындар көрсеткіші 50,7% болса, орыс жастарында – 58,1%. Контрацепцияны ешқашан пайдаланып көрмеген қазақ жастары – 39%, орыс жастары – 21,8%.

2.3.5 ОТБАСЫ МЕН НЕКЕГЕ КӨЗҚАРАСЫ

Қазақстан жастарының ұғымында отбасы қасиетті саналады. Сауалнамаға жауап берген жастардың басым көпшілігі ата-анасымен тұрады және ата-анасынан бөлек тұрып көрмеген. Жиналған мәлімет бойынша Қазақстан жастарының 70,3%-ы ата-анасымен тұрады, оның ішінде 68,8%-ы бөлек тұрып көрмеген. Жастардың 66%-ы ата-анасымен тұрған қолайлы және тиімді екенін айтқан. 70%-ы ата-анасымен қарым-қатынасы жақсы екенін, 27,5%-ы кейде келіспей қалса да, жалпы қарым-қатынасы жақсы екенін айтқан, 1,8%-ы ғана ата-анасымен тіл табыса алмайтынын, жиі керісіп қалатынын білдірген. Жауап бергендердің жартысына жуығы (43%) жастар ата-анасының қатал тәрбиесінде болуы керек деп білсе, 11,7%-ы бұл пікірге келіспейді. Көпшілігі қоғамдағы нормалар мен мінез-құлқын отбасында меңгергенін айтқан. «Отбасында қоғамдағы мінез-құлық нормаларын үйретті ме, қаншалық үйретті» деген сұраққа жауап бергендердің 61,9%-ы «әрдайым» деп жауап берсе, 2,7%-ы «ешқашан» деп жауап берген. Жастардың үштен бірі ата-

анасымен отбасындағы мінез-құлық туралы үнемі сөйлесіп отырады. 36,8%-ы отбасында мінез-құлық нормасын жиі талқылағанын айтса, 11,2%-ы бұл туралы ешқашан сөз қозғап көрмеген.

Сауалнамаға қатысқандардың төрттен бірі (23,3%) ата-анасынан бөлек тұрғысы келеді. Ата-анасымен бірге тұрғысы келетіндердің саны басым (қыздардың 74%-ы, жігіттердің 66,6%-ы). Ұлтына қатысты айтар болсақ, қазақ жастарының 72,7%-ы, орыс жастарының 65,9%-ы отбасымен бірге тұрғысы келеді екен. Жауап бергендердің басым көпшілігі ата-анасына еліктейді, әсіресе бала тәрбиесіне байланысты әрекеттерін құп көреді. Мысалы, «балаңды ата-анаң сияқты тәрбиелегің келе ме» деген сұраққа жауап бергендердің 71,9%-ы «шамамен сол сияқты» немесе «дәл солай» деп жауап берген. Отбасында жастар көбіне шешесін тыңдайды (шешесінің кеңесіне құлақ асатындар – 57,2%, әкесінің ақылына ден қоятындар – 37,1%). Бірақ бұл көрсеткіш жауап берушілердің жынысына байланысты өзгеріп тұрады. Мысалы, қыздар көп ретте шешесінің ақылын ескереді (шешесінің ақылын құп көретіндер – 63,4%, әке ақылын тыңдайтындар – 25,6%). Ал жігіттердің жауабы осы көрсеткішпен бірдей дерлік (шешесінің ақылын тыңдайтындар – 51%, әкесінің кеңесіне құлақ асатындар – 48,6%).

Жастардың басым көпшілігі некені өмірдегі аса маңызды қадам деп санайды және болашақта отбасылы, балалы болғысы келеді. Жауап бергендердің 64,6%-ы некені аса маңызды деп санаса, 8%-ы маңызды емес деп біледі. Жастардың 86,1%-ы отбасылы және балалы болғысы келеді. Демографиялық тұрғыдан қарасақ, жастардың 29,3%-ы отбасылы, 58,2%-ы әлі некеге тұрмаған. Жауап бергендердің 66,3%-ы отбасын құрмаған. Жігіттердің 72,2%-ы үйленбеген, қыздардың 60,4%-ы тұрмысқа шықпаған. 17–20 жастағы қазақ жастарының 6,5%-ы ғана үйленген. Бұл көрсеткіш орыс жастарына қарағанда жоғары. Сауалнама нәтижесі үйленген жастардың 11,7%-ы өз құрдасымен отау құрғанын көрсетіп отыр. Бір қызығы, некеге тұрған кездегі жас шамасы тым үлкен. Тіпті әдетте ерте жасында некесі қиылған қазақ жастары да некеге кеш тұратын болған²³. Жастардың 21,6%-ы қыздарға қолайлы некеге тұру жасы 25 десе, 19,2%-ы 20 жас деп санайды. Жігіттерде бұл көрсеткіш басқаша. Жауап бергендердің 30,2%-ы жігіттер 25 жасында үйленуі керек десе, 12,7%-ы жігіт 30 жасында үйленуі керек дейді. Болашақтағы бала саны туралы сұраққа жастардың 31%-ы екі бала, 29,3%-ы үш бала деген. Төрт балалы болғысы келетіндер саны аз – 12,3%, одан да көпбалалы болғысы келетіндер көрсеткіші – 15,7%. Үйленгендердің көпшілігі (79,5%) некесіне риза, 1,7%-ы ғана «мүлде риза емес», 0,6%-ы «риза емес». Бұл сұрақтың жауабы сауалнамаға қатысушылардың жасы мен жынысына қарамастан бірдей болған.

Сауалнамаға қатысушылардың бірі неке туралы пікірін былайша білдірген.

Қатысушылардың бірі өзге ұлт өкілімен тұрмыс құру туралы былай деді:

«*Бұрын отбасы туралы ойламайтынмын, жұмыс істеп, жағдайымды жасағым келетін. Қазір жұмыс пен мансапты ғана емес, отбасымның игілігі мен жағдайын да ойлаймын. Ойлап қана қоймай, осы мақсатпен әрекет етіп келемін».*

Әйел, 24 жаста, кеңсе қызметкері

«*Әр ұлттың өз ерекшелігі, дәстүрі бар. Мен мұсылманмын, қазақпын, өз салт-дәстүрім бар, сондықтан өзге ұлт өкіліне тұрмысқа шықсам, ол адаммен дәстүріміз бен көзқарасымыз қайшы келуі мүмкін».*


Әйел, 24 жаста, жеке компания қызметкері

Жастардың көпшілігі өмірлік серігін таңдауда: мінезіне (65,1%), ортақ қызығушылықтарына (64%), отбасының рұқсатына (57,1%), біліміне (45,2%) көп мән береді. Одан кейінгі орында қыздың пәктігі (43,8%) мен сырт келбеті (42,7%) тұр. Серіктесінің ұлтына 44,3%-ы, дініне 39,4%-ы, қаржылық жағдайына 31,1%-ы мән береді.

Қазақстанда Еуропа қоғамындағыдай азаматтық неке, яғни жігіт пен қыздың некесіз бірге тұруы кең тарамаған. Сауалнамаға жауап бергендердің 2%-ы ғана некеге тұрмай бірге тұрып жатқандарын айтса, 1,1%-ы ғана некесіз бірге тұруды жақтаған. Екінші жағынан, сауалнамаға қатысушылардың 70%-ы некесіз бірге тұруға ешқашан келіспейтінін айтқан. Дегенмен бұл сұрақтың жауабы

БОЛАШАҚ ЖАР ТАҢДАҒАНДА МЫНА ФАКТОРЛАР ҚАНШАЛЫҚ МАҢЫЗДЫ ДЕП ОЙЛАЙСЫЗ?

(пайызға шаққанда)



сауалнамаға қатысушының ұлтына байланысты өзгеріп тұрады. Некесіз бірге тұруға келісетіндер 25–29 жастағы тұлғалар арасында көп кездеседі. 25–29 жастағылардың 39,2%-ы ғана ешқашан некесіз бірге тұрмағанын айтқан. 20–24 жастағыларда бұл көрсеткіш 78,4% болған.

Азаматтық некеде тұруды жастардың ұлтына қарай зерттегенді жөн көрдік. Қазақ жастарының 75,8%-ы азаматтық некеде тұрмаған, орыс жастарында бұл көрсеткіш әлдеқайда төмен (57,8%). Мұндай айырмашылық жауап берушінің отбасына байланысты болуы мүмкін. Қазақ отбасылары дәстүрлі құндылықтарын ұстанады, отбасы мен қыздың пәктігін маңызды санайды, ал орыс отбасыларында бұған соншалық мән бере бермейді²⁴. Қатысушылардың қалған бөлігі ерлі-зайыптық қатынаста болған, бірақ бірге тұрмаған (8,5%), ажырасқан (1,9%), жесір (0,1%).


болды²⁵. Осы идеологиялық өзгеріске байланысты Қазақстан жастарына дінге көзқарасы жөнінде сұрақ қойдық. Жастардың басым көпшілігі дін және діни ғұрыптарды ұстанбайтынын айтты. Жастардың бірі былайша жауап берді:

«*Ендеше дін жайында пікірімді айтайын. Өмірімде діннің рөлі маңызды емес. Сөзім мен ісім дінге қаншалық сай екенін ойлап жатпаймын. Бірақ атеист те емеспін. Қайткен күнде де дінге сенемін».*


Ер адам, 23 жаста, қызметкер

2.3.6 ДІНГЕ КӨЗҚАРАС

1991 жылы Кеңес Одағы ыдырағаннан кейін Қазақстан азаматтарының өмірінде діннің рөлі күшейе түсті. Дінге қызығушылықтың өсуіне Кеңес идеологиясы тоқырағаннан кейінгі идеологиялық вакуум да себеп



4-СУРЕТ. Өмірлік серігіне қояр талабы
(пайызға шаққанда)



Сауалнамаға қатысушылардың басым көпшілігі өзін мұсылманмын (63,9%) деген. Одан кейінгі орындарда ортодокс христиан өкілдері (23,6%) мен католицизм (0,7%), протестантизм (0,6), буддизм (0,2%) өкілдері тұр. Жастардың бір бөлігі (10,2%) ешбір дін қағидаларын ұстанбайды. Діни ғұрып ұстану туралы сұраққа жастардың 14,8%-ы ғана діни орындарға барып тұратынын және діни ғұрыпты тұрақты ұстанатынын айтқан. Неке қию мен қайтыс болған адамды жерлеуден өзге кезде діни ғұрыпты сақтау туралы сұраққа жастардың 30,2%-ы «ешқашан» деп жауап берген. Қалған жастар діни ғұрыпты айрықша жағдайда ғана (16%), айына бір рет (10%), жылына бір рет (16,5%), одан да сирек (12,5%) ұстанатынын айтқан. Екінші жағынан, жастардың басым көпшілігі, атап айтқанда, 55,1%-ы дінге сенетінін, бірақ күнделікті өмірде діни ғұрыпты ұстанбайтынын айтқан. Жинақталған мәлімет Қазақстан жастарының өмірінде діннің рөлі басым емес екенін көрсетеді. Бұл жайт Қазақстан жастарының зайырлы қоғамда өскенінің белгісі болуы мүмкін. Жауап бергендердің 4,6%-ы ғана ата-анасын «өте діншіл» деген. Одан бөлек, қазақ жастары орыс жастарына қарағанда дінді көбірек ұстанатыны байқалды (тиісінше, 18,1% және 5,4%). Сондай-ақ қала жастарына қарағанда ауыл жастары дінге көбірек мойынсұнады (тиісінше, 11% және 19,9%).

Жауап бергендердің бірі интернеттің адамдардың діни сеніміне әсері туралы былай деді:

« Интернет адамдарды дінге сын көзімен қарауға итермелеп отыр, себебі интернеттен кез келген нәрсең туралы ақпаратты тауып ала аласың. Сондай-ақ дін халықты басқару үшін ойлап табылған дегенді жиі оқимыз. Кейбіреу соған сеніп, діннің «құлдығынан» босап еркіндікке ұмтылғысы келеді».

Ер адам, 17 жаста, студент


2.3.7 ДЕМАЛЫС ПЕН ӨМІР САЛТЫНА КӨЗҚАРАСЫ

Жоғарыда айтып өткеніміздей, Қазақстанның 19 миллион халқының жартысы 30 жасқа дейінгі жастар²⁶. Бұл жастар ата-анасы өскен қоғамнан мүлде өзге қоғамда өсіп келеді. Жастардың көпшілігі Кеңес кезіндегі нормалар туралы ата-анасынан естіген және ана тілі мен орыс тілін, сонымен қатар кем дегенде Еуропаның бір халқының тілін біледі²⁷. Сауалнамаға жауап бергендердің бірі тіл үйренуге қызығуын былай түсіндірді:

« ... әркім өз ісіне жауапты. Сабақ пен жұмыстан кейін бос уақытым болады. Сол бос уақытымда тіл үйреніп жүрмін. Қазір ана тілім – қазақ тілінде, орыс тілінде, ағылшын, корей, неміс тілдерінде сөйлеймін. Болашақта осы тілдерді еркін меңгергім келеді».

Әйел, 22 жаста, студент


ҚАЙ ДІНИ КОНФЕССИЯ ӨКІЛІСІЗ?



22-КЕСТЕ. Дінге көзқарас (пайызға шаққанда)

	Барлығы	Әйелдер	Ерлер	Қазақ жастары	Орыс жастары	Қала жастары	Ауыл жастары
Діни ғұрыптарды ұстанатын діни ұйым мүшелері	14.8 %	11.4 %	18.2 %	18.1 %	5.4 %	11.0 %	19.9 %
Дінге сенеді, бірақ діни ғұрыпты ұстанбайды	55.1 %	59.0 %	51.2 %	58.1 %	52.3 %	52.6 %	58.4 %
Діншіл емес, бірақ діни ғұрыпты ұстанады	5.3 %	5.6 %	5.0 %	5.2 %	6.6 %	5.4 %	5.1 %
Дінге сенбейді, бірақ дінге сенетіндерді құрметтейді	11.3 %	11.6 %	11.0 %	7.3 %	19.0 %	14.2 %	7.5 %
Дінге сенбейді және дінұстанатындарды жақтырмайды	1.2 %	0.4 %	2.0 %	0.5 %	2.3 %	1.6 %	0.7 %
Дінге сенеді, бірақ діни ұйымдарға мүше емес	6.9 %	7.4 %	6.4 %	6.5 %	8.1 %	9.1 %	4.0 %

ДІН ТУРАЛЫ КӨЗҚАРАСЫҢЫЗ ҚАНДАЙ?



Бұл буынның алдыңғы буыннан ерекшелігі – интернет және әлеуметтік медиа платформалармен таныс екені. Одан бөлек, Қазақстан жастары 2000 жылдың басынан бері саяси тұрақты қоғамда, салыстырмалы түрде материалдық молшылықта өскен және тұтыну мәдениеті қалыптасқан²⁸. Осының бәрі жастардың демалыс уақыты мен айналасындағылармен қарым-қатынасына әсер етті. Осы зерттеу жұмысымыздың барысында жастардың бос уақытында немен айналысатынын және құрбы-құрдастарымен қалай көңіл көтеретінін білуге тырыстық.

Сауалнама нәтижесі көрсеткендей, жастардың барлығы жас шамасы мен тұрғылықты жеріне қарамастан, көп уақытын интернетке жұмсайды. Жауап бергендердің 0,6%-ы ғана интернетке тұрақты түрде кірмейтінін, ал 96,2%-ы интернетке жиі жүгінетінін айтқан. Қала мен ауыл жастарының арасында интернетті пайдалану бойынша айтарлықтай айырмашылық жоқ (тисінінше, 96,7% және 95,6%). Жастар күніне орта есеппен 5,6 сағатын интернет әлемінде өткізеді.

Сауалнамаға қатысушылардың бірі Қазақстандағы интернет пайдалану туралы былай деді:

«Қазіргі жастар үйден шықпайды, инстаграм мен интернетте отырады, құрдастарының өмірін көріп, ақша тауып жатқанын көреді (инстаграмда). Солар сияқты ақша тапқысы келіп, тырысып ұмтылады. Алдыңғы буында мұндай мүмкіндік болмады, мүмкіндігі аз болды (...) Ол кезде мүмкіндік аз еді, ал қазір мүмкіндік күннен сайын артып келеді. Жастар бір-біріне қарап, алға ұмтылып жатыр. Ұмтылысын тоқтата алмайсыз».

Әйел, 24 жаста, кеңсе қызметкері

Жастардың интернетте өткізетін уақыт шамасы немен шұғылданатынына байланысты әртүрлі. Басым көпшілігі, яғни 97%-ы интернетке достарымен немесе туысқандарымен сөйлесу үшін кейде немесе жиі кіреді. Жауап бергендердің басым көпшілігі кіретін әлеуметтік медианың бір артықшылығы – бір уақытта бірнеше досымен қатар сөйлесе алатынында. Мысалы, жауап бергендердің 40,7%-ының әлеуметтік желіде 200 досы, 11,3%-ының 500 досы бар. 38,6%-ының ғана интернеттегі досының саны 50-ден аз. «Виртуал достардың нешеуін жақын досым деп санайсың» деген сұраққа орта есеппен 20-сы деп жауап берген. Достарымен қарым-қатынасы виртуал кеңістікте өтетін болған соң, достар арасында физикалық, эмоциялық байланыс аз. Осыған қарап, жастар өзін жалғыз сезінуі мүмкін деген болжам жасауға болады. Бірақ сауалнама нәтижесі бұл болжамды растамады. «Қиын жағдайда көмек беретін досың бар ма» деген сұраққа жастардың 93,7%-ы, «мұңыңды айтатын досың бар ма» деген сұраққа 96%-ы «иә» деп жауап берген.

Сауалнамаға қатысқан жастардың 76,7%-ы достарымен кездесіп қыдыратынын айтса, 3,1%-ы ғана достарымен кездесіп жүрмейтінін айтқан. Интернетте отыру мақсатын сұрағанда, жастардың 93,6%-ы музыка тыңдау, сурет көру, видео көру десе, 92,7%-ы – жаңалық/ақпарат оқу, 91,1%-ы – музыка тыңдау мен көшіріп алу, 88,3%-ы – видео мен фильм көру, 83,4%-ы – жұмыс істеу және оқу, 80,8%-ы хат жолдау деген. Онлайн ойындар ойнау (59,7%), зат сатып алу (56,4%), ақша аудару (60,3%) деп жауап бергендер саны аз.

Жастар бос уақытын интернетте көбірек өткізген сайын теледидар демалыс құралы рөлінен айырылып келеді. Жастардың теледидар көру уақыты күніне орта есеппен 2,4 сағат. Сауалнамаға жауап бергендердің өзге демалыс құралдары «жиі», «өте жиі» деп жауап бергеніне байланысты төмендегі кестеде берілген.

Кестеден байқалғандай, жастардың көбі музыка тыңдау, теледидар көру, отбасымен бірге уақыт өткізу сияқты белсенді емес демалыс түрін таңдайды. Бұдан кейінгі орында жастар аптасына кемінде бір рет немесе күнделікті күн тәртібіне айналған әдеттер «ештеңе істемеу», «видеоойын ойнау» сияқты демалыс түрлері тұр (тиісінше, 23,8% және 20,9%).

Жастардың медитация, йога (4,2%), ғибадат (9%) сияқты өз бетінше демалысқа қанша уақыт жұмсайтынына назар аудару керек. Кестеден жастар мұндай жаттығуға аз уақыт жұмсайтыны көрінеді. Жастардың бір-бірімен байланысын нығайтатын демалыс түрлері арасында спорт қана жоғары тұр (29,8% немесе жауап бергендердің үштен бірі). Екінші жақтан, достары және жолдастарымен сирек араласады, бірге кафеге, барға, жастар орталығына бармайды. Мұндай жерге қыздардың 16%-ы тұрақты баратын болса, жігіттердің 10%-ы ғана осындай орындарда бас қосады екен. Жастардың 47,7%-ы достарымызбен кездесеміз деп жауап берсе

де, нақты ештеңе айтпаған. Кестеде тағы бір назар аударатын нәрсе – Қазақстан жастары кітап пен газетті аз оқитыны.

Қыздардың 18,6%-ы, жігіттердің 7,6%-ы ғана тұрақты түрде кітап оқиды. Демалыстың бұл екі классикалық түрінің орнын бүгінде интернет басқан. Адамды рухани байытатын кітап оқитындар саны тіпті аз. Мұндай кітапты


5-СУРЕТ. Жастардың интернетті қолдануы
(пайызға шаққанда)



жастардың 7,1%-ы ғана оқиды. Демалыс түрлерінің соңғы жағында шетелге шығып қыдыру орныққан, бірақ демалыстың бұл түрі жастардың қаржылық жағдайына байланысты.

Тағы бір таңғаларлық байқалған нәрсе – Қазақстан жастары волонтерлік жұмысқа аз атсалысатыны. Кестеден жастардың 8%-ы ғана еріктілер ұйымына көмектесетінін көріп отырмыз. «Кейінгі 12 айда еріктілер қатарында болдың ба» деген сұраққа жауап бергендердің 13,2%-ы ғана ерікті болғанын айтса, 85,6%-ы мұндай ұйымдарға мүлде қатыспағанын білдірген. Мұндай жауап көрсеткіші жігіттер мен қыздар арасында бірдей (қыздардың 13%-ы, жігіттердің 13,4%-ы). 14–19 жас арасында еріктілер ұйымына көмектескендердің саны көбірек (16,7%). Жас өскен сайын ерікті болуға ынтасы кеми түсетіні байқалған. Ұлты бойынша алып қарағанда да, жастардың жауаптарында айырмашылық көп емес. Қазақ жастарына қарағанда, орыс жастары еріктілер қатарына жиі барады (қазақ жастарының 11,8%-ы, орыс жастарының 13,6%-ы). Сондай-ақ еріктілер қатарында ауылдық тұрғындарға қарағанда қалалық тұрғындар көбірек. Жастар көбіне мектеп, университет сияқты білім беру мекемелерінде (40,9%), кейін

6-СУРЕТ. Демалыс түрлері (пайызға шаққанда)




жастар ұйымдарында (18,2%), жеке (13,6%) және азаматтық қауымдастықтарда (12,1%) ерікті болады. Бірақ қауымдастық пен клуб (7,6%), мемлекеттік емес ұйым (4,5%), саяси партия (0%), кәсіподақ (1,5%) сияқты ұйымдарда ерікті болғысы келетіндер саны аз. Бұл көрсеткіш жастардың демократиялық құндылығы туралы ойлануды талап етеді.


МЫНА ДЕМАЛЫС ТҮРЛЕРІНЕ ОРТА ЕСЕППЕН ҚАНША УАҚЫТ ЖҰМСАЙСЫЗ?

- Ешқашан
- Айына бір рет немесе одан да сирек
- Айына бірнеше рет
- Аптасына бір реттен кем емес


- Күнде немесе күнде дерлік
- Білмеймін
- Жауабы жоқ




Кітап оқу




Газет-журнал оқу




Музыка тыңдау




Достармен кездесу




Шығармашылық жұмыс




Видеоойын ойнау




Спортпен шұғылдану




Кино көру




Ештеңе істемеу / қыдыру / тынығу




Барға, кафеге, клубқа бару




Жастар орталығында уақыт өткізу




Әлеуметтік жобаларда, бастамаларда ерікті болу




Отбасымен бірге уақыт өткізу




Ғибадат ету




Медиация, йога



Рухани және тұлғалық толысу туралы кітап оқу



Дүкен аралау



Шетелге қыдыру

3

ӨМІРДЕГІ ЖОСПАРЫ, БІЛІМ АЛУ, ЖҰМЫСҚА ОРНАЛАСУ ЖӘНЕ ИММИГРАЦИЯ

3.1 БІЛІМ АЛУ



Білім алу жастардың өміріндегі аса маңызды кезең. Сауалнамаға қатысқан жастардың 40,8%-ы орта мектеп пен арнайы орта оқу орнында, 25,2%-ы жоғары оқу орнында, 3,6%-ы магистратура мен докторантурада оқиды; қалған 27,9%-ы оқымайды. Сауалнама нәтижесі ауыл қыздарының көпшілігі орта мектеп пен арнайы орта оқу орнын тамамдаумен шектелетінін көрсеткен. Бір жағынан, қала жастарына қарағанда ауыл жастарының жоғары білім алу мүмкіндігі азырақ, сондықтан жоғары оқу орындарында оқи бермейді²⁹. Екінші жағынан, ауыл жастарының мақсаты бөлек, ауылда арнайы орта білім дипломы бар маманға жұмыс оңай табылады. Сондықтан ауыл жастары жоғары білім алуға талпынбайды. Магистратура мен докторантурада ауыл жастарына (2,3%) қарағанда қала жастары көбірек оқиды (4,5%). Сол сияқты, бакалавриат пен магистратурада оқитын жігіттерге қарағанда қыздар саны көп. Жалпы, оқитын қыздар саны жігіттерге қарағанда анағұрлым көп.

Келесі суретте берілгендей, әрбір төртінші жастың

бакалавр дәрежесі (24,9%), жастардың 3%-ының магистр дәрежесі бар. Жынысына қарай айтсақ, қыздардың 58,8%-ы, жігіттердің 50,6%-ы арнайы орта оқу орнын бітірген. Бакалавр дәрежесіндегі қыздар мен жігіттердің санында айтарлықтай айырмашылық бар. Бакалавр дәрежесіндегі қыздар – 30,2%, жігіттер – 19,6%. Мұндай айырмашылық жігіттердің көп ретте жұмыс істеп, отбасын асырайтынымен байланысты болса керек. Қазақ жастарының 30%-ы, орыс жастарының 17,8%-ы бакалавр дәрежесін алған. Ал ауыл жастарына қарағанда қала жастары кейінгі магистр дәрежесін алу үшін оқиды екен.

Қазақстан жастарының көпшілігі бакалавр мен маман дәрежесін алған (38,3%), магистр дәрежесін алғандар – 18,9%, ғылым кандидаты дәрежесін алғандар – 4,5%. Магистр дәрежесіне ие болғандардың ішінде қазақ жастары көп (24%). 14–19 жас аралығындағы жастар арасында бакалавр мен маман дәрежесін алғандар – 54,4%. Оның 29,2%-ы білімін ары қарай жалғастырғысы келеді екен. Жастардың 57,6%-ының көңілі қалаған білімін алуға мүмкіндік барына сенімді, ал 3,4%-ының сенімі жоқ. Ауыл жастарының ішіндегі қазақ жастары жоғары білім алаты-

7-СУРЕТ. Білім деңгейі (пайызға шаққанда)



нына өзге ұлт өкілдеріне қарағанда және қала жастарына қарағанда сенімдірек.

Сауалнамаға жауап бергендердің 11%-ы сабақтан кейін үй тапсырмасын орындауға күніне 1 сағат, 23,7%-ы 1–2 сағат, 27,8%-ы 2–3 сағат уақыт жұмсайтынын, қалған үштен бір бөлігі үш сағаттан көп уақыт жұмсайтынын айтқан. Қыздар үй тапсырмасын орындауға үш сағаттан көп уақыт кететінін айтқан, яғни қыздар үй тапсырмасын орындауға жігіттерге қарағанда көп уақыт жұмсайды. Ал қала жастарына қарағанда ауыл жастарының үй тапсырмасын орындауға көп уақыт жұмсайтыны анықталып отыр. Мегаполис жастарының университетте оқуға дайындығы, ауыл жастарына қарағанда әлдеқайда жақсы, сондықтан үй тапсырмасын орындауға аз уақытын бөледі. Бұл жайт қала жастарының әртүрлі дайындық курстары мен білім алу бағдарламаларына бару, репетитор жалдау мүмкіндігінің жоғары болуымен байланысты болуы мүмкін. Қала жастары студенттік өмірге тез үйренеді. Жауап бергендердің үштен бірінен көбі (35,5%) университетте оқу оңай десе, 18,4%-ы қиын деген, ал 37,5%-ы белгілі бір деңгейде ғана қиын деп жауап берген. Студенттердің көбі емтиханда жақсы баға алып жүргенін айтқан. Студенттердің орта есеппен 30%-ы емтихандағы бағасы 3–4 екенін, 63,2%-ы 4–5 екенін білдірген³⁰. Алдын ала болжағандай, қыздардың 69,9%-ы мен ауыл жастарының 67%-ы емтиханда 4–5 деген баға алса, жігіттердің

56,6%-ы мен қала жастарының 60,5%-ы ғана жақсы баға алатынын айтқан.

Қазақстанда білім беру сапасы – үкімет пен қоғамда жиі талқыланатын үлкен мәселе. Кеңес Одағы ыдырағаннан кейін білім саласында бірнеше реформа жасалды. Бастауыш, негізгі, орта білім саласына жаңа оқу бағдарламасы мен жаңа оқулықтар енгізілді. Бірақ оқулықтардың сапасы әлі де жетілдіруді талап етеді. Ата-аналар мен оқушылар оқулықтардағы қателіктерге, тапсырманың баланың жасына сай емес екеніне бірнеше рет шағымданған³¹. Білім саласындағы олқы жайттарға қарамастан, сауалнама нәтижесі жастардың білім сапасына риза екенін көрсетіп отыр. Жауап бергендердің 41%-ының білім саласына көңілі толады, 24,1%-ының көңілі толмайды. Білім сапасына көңілі толмайтындардың бірі пікірін былайша білдірді:

« Оқытушылардың студентке білім беруге ынтасы жоқ. Лекция оқыса болғаны. Болашақта қандай маман болатынымызды ойламайды. Мысалы, оқытушыдан түінбеген жайтты, сабақтың тақырыбы бойынша не оқытынымызды сұрасақ жауап бермейді. Алайда бірінші курстан бері көмектесіп келе жатқан мұғалімдер де бар. Басқаша айтсақ, білім сапасы оқытушының көзқарасы мен ой өрісіне байланысты. Сол оқытушылардан ой өрісімізді кеңейтуді, сөйлеп үйренуді, әртүрлі тақырыптарды талқылауды, қорытынды жасауды үйрендік. Кеңес Одағы құрамында болған елдерде оқытушылар бұған үйренбеген, сондықтан оларға таңсық көрінеді. Сол себепті қандай да бір қиындық туса үндемей қалуға тырысады. Бұл – үлкен мәселе. Басқаша айтсақ, білім саласындағы шешімдер біржақты шешіліп жатыр. Басшылар шешімін ешкіммен ақылдаспай қабылдайды да, сол бойынша жұмыс істейді, соңында сәтсіздікке әкеп соғады, яғни жемісін бермейді».

Әйел, 19 жаста, студент

Сауалнаманың нәтижесі жауап берушілердің жасына байланысты әртүрлі болды. Орта мектеп оқушыларының білім сапасына, өзге жас топтарына қарағанда 14–19 жас аралығындағылардың (24,6%) көңілі толады. 24–29 жас аралығындағы жастар арасында білім саласына көңілі толатындар көрсеткіші – 18,9%. Бұл таңғаларлық жайт емес, себебі жоғары білім мекемелерінде жастар сыбайлас жемқорлық жағдайын көп байқап, бастан өткізеді. Жауап бергендердің бірі былай деді:

«**Бүгінде ақша бәрінде бар. Университет мұғалімі ақша сұраса, бере саламын. Бүгінде мәселенің бәрі таныс арқылы шешіледі. Танысың болмаса пара да бере алмайсың. Себебі бүгінде бәрі өзара байланыс орнатқан. Бастысы – ақша емес, таныс».**

Әйел, 22 жаста, қызметкер

Сөйте тұра, университетте сыбайлас жемқорлық деңгейі жоғары екеніне қарамастан, кейінгі бес жылда мемлекеттің сыбайлас жемқорлықпен күрес саясатының арқасында бұл саладағы сыбайлас жемқорлық деңгейі едәуір төмендеген. Жауап берушілердің бірі былай деді:

«**Бүгінде университетімізде сыбайлас жемқорлыққа тосқауыл қойылған. Пара берген студент оқудан, оқытушы жұмыстан шығады. Парақорлық туралы барлығы біліп қойса, Оруэлл жазғандай, жазып та жатады. Аты-жөнін атап, мән-жайды көрсетіп, студенттердің бәріне таратады. Сондай-ақ семестр сайын оқытушымыз ауысып тұрады. Семестр сайын кураторымыз да ауысады. Сыбайлас жемқорлықты жоюға бұл да көмектесетін шығар».**

Әйел, 20 жаста, студент

Тағы бір жауап беруші бүгінде сыбайлас жемқорлық біраз азайғанын айтып отыр:

«**Жалпы, өзге университеттегідей жемқорлыққа тосқауыл қойылған. Қандай да бір оқытушының пара алатыны туралы сыбыс шықса, жұмыстан шығарылады. Бірде декандардың бірі семестр соңында ректорға торт апарыпты. Ректор оған маған ештеңе әкелме, бұл жемқорлықтың белгісі депті. Сыйлық беруге, тіпті торт апаруға тыйым салынған. Қатал тәртіп ондайға да тыйым салады».**

Әйел, 20 жаста, студент

Университет студенттері еңбек нарығындағы бәсекеге, жұмысқа орналасу мүмкіндігіне алаңдайды және жұмысқа орналасу мүмкіндігі алған білімнің сапасына байланысты деп білетіндіктен, білім сапасына сын көзбен қарайды.

Білім сапасына көңіл толмау жастардың жалғыз мәселесі емес. Қазақстандағы білім саласындағы сыбайлас жемқорлық әлі де толық түйіні шешілмеген мәселе болып қалуда. Жастардың 52%-ы Қазақстандағы жоғары білім мекемелерінде «бағаны сатып алу» үрдісі әлі де бар екенін айтса, 16,6%-ы бұл пікірге келіспейді. Алайда пікірлер жас шамасына қарай түрленіп отырады. Өзге жастағыларға қарағанда 14–19 жас аралығындағылардың «бағаны сатып алу» туралы айтқандары кемде-кем (41,3%). Ал 20–24 жас аралығындағылардың 56,2%-ы, 25–29 жас аралығындағылардың 58,1%-ы бұл үрдіс әлі де бар екенін жоққа шығармайды. Бұл көрсеткіш сыбайлас жемқорлық мектепке қарағанда жоғары білім мекемелерінде көбірек екенін айғақтайды. Мектеп оқушылары сыбайлас жемқорлықпен бетпе-бет жолыға бермейді, себебі үкімет мектептерде ақша жинау сияқты жемқорлықтың өзге де түрлеріне тыйым салған. Үкімет қамқоршылар кеңесі мен мектептің банк шотын аштырып, мұғалімдер мен директорларға ата-аналардан ақша жинауға тыйым салған³². Университеттерде мұндай шаралар қабылданбаған, сондықтан «бағаны сатып алу» сияқты жайттар орта мектептерге қарағанда жиірек кездеседі.

Білім сапасының нашарлығы және жемқорлық Қазақстандағы білім сапасына жастардың сенімін азайтып отыр:

көрсетті. Мысалы, жауап берушілердің бірі шетелде оқып келгеннен кейін жұмыс табу мүмкіндігі артатынына сенеді. Ол пікірін былайша білдірді:

«*Білім беруге ешкімнің құлқы жоқ. Ешкім ойламайды да. Келіп жатырсың ба, кетіп жатырсың ба, бәрібір. Студенттер өз бетінше оқысын дейді, бірақ бұл медицина саласы емес пе?! Дәрігер бәрін білуге тиіс. Жылына 1,2 миллион теңге төлейміз. Сонша ақшаны бәрін үйрену үшін төлемейміз бе? Ешкім ештеңе үйретпейтінін, бірақ талап ететінін түсінбеймін...».*

Әйел, 22 жаста, студент

«*Шетелде оқып, олардың білім жүйесімен және т.б. танысқым келеді. Сосын елге оралып, жұмыс тапқым келеді. Әрине, шетелде оқып келдің деп ешкім жұмысқа тегін алмайтыны белгілі. Бірақ тырысып, мәселен, PhD дәрежесін алуға болады. Сосын Назарбаев университетіне мұғалім болып орналасуға болады. Сондықтан мүмкіндік қашан да бар, бастысы – мақсатыңа жету».*

Әйел, 22 жаста, студент


Сауалнамаға жауап бергендердің 48,5%-ы Қазақстандағы орта мектептер мен университеттердегі білім сапасы әлемдік еңбек нарығына сай емес десе, 29,3%-ы Қазақстандағы білім сапасы еңбек нарығына лайық деп санайды. Бұл мәселеде қыздар мен жігіттердің жауаптары бірдей – қыздардың 47,4%-ы, жігіттердің 49,6%-ы Қазақстанның білім сапасы әлемдік еңбек нарығына сай емес дейді. 24–29 жас аралығындағылар – еңбек нарығында жұмыс іздеп жүрген жандар, олардың білім сапасы туралы пікірі 14–19 жас аралығындағыларға қарағанда төмендеу. Ұлтына байланысты айтар болсақ, қазақ жастарының көпшілігі корей пен украин жастарына қарағанда Қазақстандағы білім сапасы еңбек нарығына сәйкес деп біледі. Ал білім сапасына көңілі толмайтын қала жастары – 51,7%, ауыл жастары – 44,2%. Ауыл жастарына қарағанда қала жастарының білім алу мен жұмысқа орналасу мүмкіндігі зор, сондықтан білім сапасына көп ретте сынмен қарайды. Сондықтан көңілі толмайтындар саны қала жастарының арасында басымдау. Мысалы, Шымкент, Нұр-Сұлтан қалалары мен Ақмола, Қостанай облыстарында жауап бергендердің 60%-ы білім сапасы еңбек нарығына сай емес деп санайды.

Қазақстандағы білім сапасының төмен және еңбек нарығына сай болмауы шетел оқу орындарының беделін арттырып, жарнама секілді кең таратуға жеткізіп отыр. Бұл өз кезегінде жастардың шетел университеттерінде білім алуға ұмтылысына серпін беруде. Сауалнама нәтижесі жастардың 45,2%-ы шетелде оқығысы келетінін, үштен бірі ғана (27,5%) Қазақстанда оқығысы келетінін, 15,8%-ы шетелге аз уақытқа ғана оқуға барып қайтқысы келетінін

14–19 жас аралығындағылардың 49,2%-ы шетелде, әрбір төртіншісі Қазақстанда оқығысы келетінін айтқан. Қазақ пен қырғыз жастарының көпшілігі өзге этнос өкілдеріне қарағанда Қазақстанда оқуды көбірек таңдайды. Шетелде оқығысы келетіндер арасында қала жастары көбірек (50,7%), ал ауыл жастарының 37,9%-ы ғана шетелде оқығысы келеді екен. Ауыл жастарының қала жастарына қарағанда сапалы білім алу мүмкіндігі аз, яғни шетелде оқу мүмкіндігі жоқтың қасы.

Қай елде оқығысы келетіні туралы сұраққа жастардың берер жауабы әрқилы. Дегенмен біраз өзгеріс байқалады. 2016 жылы бірінші орында Ресей, кейін АҚШ пен Еуропалық Одақ елдері тұрған еді³³. Бұл жолы жауап бергендердің көпшілігі АҚШ-ты (29%), Еуропалық Одақты (23,4%) таңдаған. Ресей де жастар білім алғысы келетін алдыңғы қатардағы мемлекеттер арасында, яғни жастардың 23,3%-ы осы елді таңдаған. Дегенмен бұл дерек 2016 жылы Ресей Федерациясында оқығымыз келеді дейтін көрсеткіш – 29,6%-дан төмен³⁴. Жауап бергендердің 2%-ы ғана Орталық Азия мемлекеттерін таңдаған. Бұл көрсеткіш 2016 жылғы дерек көрсеткішінен (1,3%) сәл жоғары. Батыс елдерін таңдаудың артуы студенттердің «Болашақ» бағдарламасы арқылы мүмкіндігі көбеюінен болуы мүмкін. Ресейде оқығысы келетіндерге көп ретте Ресей университеттері Қазақстаннан келген студенттерге грантты көп бөлетіні себеп болып отыр. Ресейде оқығысы келетіндердің арасында өзге этнос өкілдеріне қарағанда орыс пен украин жастары көбірек. Бұл жайт ұлттық, мәдени байланысы мен орыс тілін жақсы білуінен туған болуы мүмкін. Қазақ жастарының 15,2%-ы ғана Ресейде оқығысы келеді (2016

ШЕТЕЛДЕ ОҚУҒА (ОҚУЫҢЫЗДЫ ЖАЛҒАСТЫРУҒА) МҮМКІНДІГІҢІЗ БОЛСА, ҚАЙ ЕЛДІ ТАҢДАР ЕДІҢІЗ?



жылға қарағанда 1%-ға аз). Бұл көрсеткіш сауалнамаға жауап берген жастардың тұрғылықты жеріне қарай өзгеріп тұрады. Мегаполис жастары көп ретте АҚШ-та оқуды, ауыл жастары Ресейге баруды таңдаған.

3.2 ЖҰМЫСҚА ОРНАЛАСУ


Жалпы, жастардың болашақта жұмысқа орналасуға сенімі зор. Үштен бірінен сәл аз бөлігі (32,9%) жұмысты оңай табатынына сенімді. Бұл көрсеткіш 2016 жылғы зерттеудегі көрсеткіштен (35,6%) аздау. 2020 жылы жауап бергендердің 10,5%-ы жұмысқа орналасу қиын деген, 2016 жылы бұл көрсеткіш 30,8% болған еді. 2020 жылы жауап бергендердің 35,8%-ы жұмысқа орналасу мүмкіндігін орташа деп бағалаған болатын. Бұл айырмашылықты 2015 жылы мұнай бағасы төмендеп, Қазақстанда инфляцияның болуына әкеп соққан дағдарыстың кесірі деп түсінуге болады. Осы дағдарыс 2016 жылы жастардың жұмыс табуына кедергі келтірген. Үкімет жастардың жұмысқа орналасуын жеңілдету үшін білім беру және жұмысқа орналасу саясатын жасап, бірқатар бағдарламаларды

жүзеге асыра бастады. Мысалы, «Серпін» бағдарламасы: елдің оңтүстік өңірінен солтүстік аймағына оқу үшін және жұмыс істеуге барған жастарға грант қарастырылған. 2016 жылғы мен 2020 жылғы сауалнамалардың нәтижелерінің айырмашылығы бүгінде жастар жұмысқа орналасу мүмкіндігін осыдан төрт жыл бұрынғы жағдайға қарағанда жоғары бағалайтынын көрсетіп тұр. Жігіттердің жұмыс табуға сенімі қыздарға қарағанда біраз төмен. Жоғарыда байқағанымыздай, магистр дәрежесін алғандар арасында қыздар саны басым, ендеше қыздардың жұмысқа орналасу мүмкіндігі арта түседі. Дегенмен ауыл жастарына қарағанда қала жастарының жұмыс табуға сенімі төмен. Бұл жайт Қазақстанда еңбек нарығындағы бәсекенің ауылдық жерлерге қарағанда қалалық жерлерде жоғары екенін білдіреді³⁵.


Сауалнамаға қатысқандардың 22,7%-ының толық жұмыс күні еңбек шарты, ал 3,1%-ының жарты күндік жұмыс жөнінде еңбек шарты бар. Жауап бергендердің 6,9%-ының толық жұмыс күніне мерзімді еңбек шарты болса, 2,2%-ы жарты күндік жұмыс жөнінде мерзімді еңбек шартына отырған. Жастардың аз ғана бөлігінің (7,3%) жарты күндік жұмысқа еңбек шарты бар немесе өзін-өзі

ЕЛІҢІЗДЕГІ ЖАСТАРДЫҢ ЖҰМЫС ТАБУЫНДА МЫНА ФАКТОРЛАР ҚАНШАЛЫҚ МАҢЫЗДЫ РӨЛ АТҚАРАДЫ?


(ПАЙЫЗҒА ШАҚҚАНДА)




Таныстың болуы (дос, туысқан)




Жұмыс тәжірибесі




Білім деңгейі




Басшылармен таныс болу




Сәттілік



Туған жерің



Шетелде оқу және жұмыс істеу тәжірибесі



Партияға мүше болу

жұмыспен қамтыған (11,3%). Жастардың көпшілігі (38,6%) жұмыссыз немесе жұмыс іздеп жүрген жоқ.


Орта мектеп оқушылары мен университет студенттерінің ішінде жұмыс іздемейтіндер көп. Жауап бергендердің 6,7%-ы ғана жұмыс іздеп жүргенін айтса, сауалнама нәтижесі жауап берген жастардың жартысынан көбі жұмыс істейтінін көрсетіп отыр.

Сауалнама нәтижесі жастардың жынысы мен жұмысқа орналасуы арасында байланыс бар екенін көрсеткен. Толық жұмыс күні еңбек шартына жігіттердің 27,4%-ы, қыздардың 18%-ы қол қойған. Оған қоса, қыздар арасында жұмыссыздар да, жұмыс іздемегендер де

көп. Бұл көрсеткіш Қазақстандағы бұған дейінгі зерттеу жұмыстарының нәтижесін растап отыр³⁶. Кей жас әйелдер жоғары білімі бола тұра үйде отырғысы келеді. Оның үстіне, әйелдердің еңбек етуіне тұрмысқа шығуы мен бала тәрбиелеу ісі де кедергі болатыны анық.

Ауыл жастарының 21,5%-ы, қала жастарының 23,6%-ы толық жұмыс күні еңбек шартына отырған. Ауыл жастарының 43,7%-ы, қала жастарының 34,8%-ы жұмыссыз және жұмыс іздеп жүрген жоқ. Ауыл жастары арасында жұмыссыздық деңгейінің жоғары болуын ауылдық жерлерде жұмыс орындарының аз болу себебімен түсіндіруге болады. Сауалнама нәтижесі

8-СУРЕТ. Жұмысқа орналасу деңгейі (пайызға шаққанда)




жауап бергендердің 22,5%-ы білім деңгейінің төмен болуы кесірінен жұмыссыз екенін көрсеткен. Қала жастарының 25,2%-ы білім деңгейінің төмен болуынан жұмыс таба алмаса, ауыл жастарында бұл көрсеткіш – 19,4%. Жастардың 12,5%-ы жұмыс табу үшін өзге ауданға көшуге мәжбүр болған. Өзге ауданға жұмыс іздеп көшкендер арасында жігіттерге қарағанда қыздар көп.

Қазақстандағы басты мәселелердің бірі – жастардың көпшілігінің мамандығы бойынша жұмыс істемеуі. Зерттеу барысында осындай жастар 41,9% екені анықталды. Жастардың 43,5%-ы мамандығы бойынша жұмыс істесе, 6,4%-ының жұмысы мамандығымен сабақтас. Мамандығы бойынша жұмыс тапқандар арасында жігіттерге қарағанда қыздар көп. Жауап бергендердің жұмыс талабына сай білімі болған. Бірақ 21,4%-ы білім деңгейін жұмысынан жоғары деп санаса, 8,8%-ының білім деңгейі жұмыс талабынан төмен болып тұр, сондықтан олар білімін жетілдіргісі келеді. Қала жастарының ішінде төмен білім деңгейімен жұмыс істеуге болады деп сенетіндер көп, ал ауыл жастарының ішінде бұлай ойлайтындар саны өте аз. Бұл жайт қала жастарының ішінде жұмысына көңілі толатындар санының аз екенін көрсетеді. Қала жастарының 55,1%-ы мен ауыл жастарының 69,8%-ы жұмысы өзінің білім деңгейіне сай деп біледі. Сондай-ақ орыс жастарына қарағанда қазақ жастары жұмысым білім деңгейіме сәйкес деп ойлайды.

Келесі графиктен жастардың жұмысқа орналасу деңгейі экономиканың әр саласында әртүрлі екенін байқаймыз. Сауалнама нәтижесі жастардың 21%-ы мемлекеттік секторда, 62,9%-ы жеке секторда, 4,2%-ы

9-СУРЕТ. Жастардың экономика секторлары бойынша жұмысы (пайызға шаққанда)



ы мемлекеттік емес ұйымдарда, 1,3%-ы халықаралық ұйымдарда, 6,4%-ы өзге мекемелерде жұмыс істейтінін көрсетті. Бұл көрсеткіш жастардың көпшілігі мемлекеттік секторға қарағанда, жеке секторда жұмыс таба алатынын айғақтайды. Сондай-ақ өзге секторларға қарағанда бизнес секторында жұмыс табу оңайырақ екенін байқатады. Жынысы бойынша айтсақ, әдетте әйелдер көп ретте мемлекеттік секторда, ал жігіттер жеке секторда


жұмыс істейді. Сондай-ақ мемлекеттік секторда өзге этнос өкілдеріне қарағанда қазақ жастары басым. Бұл мемлекеттік қызмет көрсету саласында қазақ тілін талап ететініне байланысты болуы мүмкін. Орыс пен өзбек жастарының 70%-ы, украин және корей жастарының 80%-ы жеке секторда жұмыс істейді.

Қала жастары мен ауыл жастарының мамандықтарында да айырмашылық бар. Қала жастарының 14,5%-ы, ауыл жастарының 31,2%-ы мемлекеттік секторда істесе, жеке секторда қала жастарының 66,6%-ы, ауыл жастарының 57,2%-ы жұмыс істейді. Ал қала жастарының 4,8%-ы мемлекеттік емес ұйымдарда істесе, ауыл жастарының бұл тұрғыдағы көрсеткіші – 3,3%. Дегенмен жауап бергендердің үштен бірі (33,3%) мемлекеттік секторда, 42%-ы жеке секторда істегісі келетінін айтқан. Халықаралық ұйымдарда жұмыс істегісі келетін жастардың саны да едәуір (10,8%, 10-суретте). Бұл сұрақтың жауабы жауап берушінің жынысына байланысты

еңбекақы мен әлеуметтік пакетке байланысты болса керек. Сондай-ақ ауылдық жерде халықтың табысы аз және тұтыну көлемі төмен болған соң, бизнесті дамыту мүмкіндігі де аз болады. Мегаполис жастары ауыл жастарына қарағанда көп ретте халықаралық ұйымдарда жұмыс істегісі келеді. Жұмыс табуға себеп болар факторлар қатарына жұмыс тәжірибесін (66,2%-ы), білімді (64,2%), сәттілікті (57,6%) белгілеген (қараңыз: 11-сурет). Дегенмен жастардың жұмыс табуында тамыр-таныстың рөлі әлі де маңызды. Жауап бергендердің 49,5%-ы танысың болуы керек десе, 45,4%-ы жұмысқа тұрарда таныстың болуы айрықша маңызды деп белгілеген. Жауап бергендердің бірі жұмысқа орналасу үшін таныс керек екенін былайша түсіндірді:

«*Кейде таныс керек. Қазақтарда бұл әдетке айналған (күлді). Қазақтар ғана емес, бәрі осыған үйренген. Мүмкін, қателесіп тұрған шығармын. Мысалы, полицияға жұмысқа тұрғың келсе, көп ақша сұрайды. Бермесен жұмысқа алмайды, яғни жұмысқа тұру үшін ақша беруің керек».*

Ер адам, 23 жаста, кәсіпкер




да ерекшеленеді. Қыздар мемлекеттік секторда жұмыс істеуге құмар болса, жігіттер жеке/бизнес секторда жұмыс істегенді жөн көреді. Бұл жайт қыздардың тәуекелге көп бармайтынын, ал жігіттердің тәуекелге бейім екеніне байланысты болса керек³⁷.

Мемлекеттік секторда жұмыс істеуге, қала жастарына қарағанда, ауыл жастары (тиісінше, 25,3% және 45,6%) асыртылады. Мемлекеттік секторға қызығушылық тұрақты

Жастардың үштен бірі (29,9%) адамның туған жері маңызды деп санаса, 19,7%-ы, ең бастысы, ықпалды саяси партияға мүше болуы керек деген. Мұндай жауаптар Қазақстанда меритократия құнды принципке айналып келе жатса да, әлі де жұмысқа таныс арқылы орналасу маңызды екенін байқатады. Өзге этнос жастарына қарағанда қазақ және корей жастарының көпшілігі жұмысқа орналасуға таныс керек деп біледі. Бұл жайт олардың отбасылық-мәдени дәстүрінде туысқандар рөлінің басым болуына байланысты болса керек. Бір қызығы, ауыл жастары үшін тікелей таныстың болуы маңызды емес. Бұл да ауылдық жерде жұмыс табу мүмкіндігінің аз екенінен туып отыр.

Сауалнамаға жауап берген жастардың едәуір бөлігі (40,9%) жұмысқа орналасу үшін жұмыс тәжірибесінің болуын және шетелде білім алуды маңызды фактор деп санайды. Қазақ және орыс жастарының көпшілігі жұмыс тәжірибесі мен білімді басты фактор десе, өзбек жастары басты фактор ретінде сәттілік пен жұмыс тәжірибесін атайды. Қала жастары жақсы жұмыс табу үшін білім, жұмыс

11-СУРЕТ. Жұмысқа орналасудағы маңызды факторлар (пайызға шаққанда)




тәжірибесі, сәтті кезеңнің маңызды екенін айтса, ауыл жастарының басым көпшілігі жұмысқа орналасуға жұмыс тәжірибесі, білім, таныс керек дейді. Ауыл жастары мен қала жастарының айырмашылығы – қала жастары бірінші орынға сәттілікті қойса, ауыл жастары танысты қояды. Жастардың көпшілігінің ойынша, жұмыстың еңбекақысы (89,3%), еңбек жағдайы (82,7%), мансап (81,1%) басты фактор болып отыр. Жұмыс таңдаған кезде өзге факторлар қатарына бос уақытының болуын (78,7%), еңбекақыны уақытында төлеуді (77,3%), қоғамға пайдалы болуды (73,6%) атаған. Ауыл жастарының 76,6%-ы, қала жастарының 62,4%-ы халықпен жұмыс істейді. Бұл жайт ауыл жастарының, мегаполис жастарына қарағанда бір-бірімен қарым-қатынасының тығыз байланысты екенін көрсеткендей³⁸. Қоғамның өзге мүшелеріне пайдалы болғысы келетіндер мегаполис жастарына қарағанда ауыл жастары арасында басым. Ауыл жастары айналасындағылармен тығыз қарым-қатынас жасайтын жұмысты таңдауға тырысады.

Қазақстан жастарының Батыс елдері жастарынан айырмашылығы – ерікті болуға аса құмар емес. Сауалнамаға жауап бергендердің 13,2%-ы ғана соңғы 12 айда ерікті болған, 85,6%-ы соңғы бір жылда еріктілер жұмысына мүлде қатыспаған. Ерікті болғандардың ішінде 14–19 жас аралығындағылар көп. Қазақстанда еріктілер деген бірлестіктің іс-әрекеті енді ғана өрістеп келеді. Этнос тұрғысынан айтар болсақ, еріктілердің басым бөлігі украин жастарынан тұрады. Одан кейінгі көп сандысы орыс жастары, қазақ жастарының саны үшінші орында. Жастар көп ретте университетте, білім беру мекемелерінде, жастар ұйымы орындарында еріктілер болып тіркеледі. Келесі графиктен жастардың соңғы 12 ай ішінде қай ұйымда ерікті ретінде көбірек тіркелгенін көруге болады: университетте (40,9%), жастар ұйымында (18,2%), жеке бірлестікте (13,6%), азаматтық ұйымдарда

(12,1%), қауымдастықтарда (7,6%), жеке жобада (6,1%), мемлекеттік емес ұйымдарда (4,%) Еріктілер қатарына жігіттерге қарағанда қыздар көбірек тіркеледі. Әсіресе 14–19 жас аралығындағылар ерікті болуға ынталы келеді. Бұл жайт осы жас аралығындағылардың ықыласының жоғары болуымен байланысты болса керек. Ерікті ретінде тіркелу жайынан ауыл және қала жастарының арасында айтарлықтай айырмашылық бар. Қала жастары

12-СУРЕТ. Жастар еріктілер ұйымдары (пайызға шаққанда)



мемлекеттік емес ұйымдарда ерікті болуға ықыласты болса, ауыл жастары жастар ұйымына ерікті ретінде көп тіркелген. Бұл мемлекеттік емес ұйымдардың әдетте қалалық жерде орналасуымен, қала жастарының онда жұмыс істеу мүмкіндігінің болуымен байланысты.

3.3 МИГРАЦИЯ МЕН МОБИЛЬДІК

Жастардың басым көпшілігі Қазақстанда оқығысы және жұмыс істегісі келеді. Дегенмен шетелде тұрғысы және оқығысы келетіндер де бар. Шетелде оқуды білімін жетілдірудің, жақсы жұмыс табудың амалы деп біледі. Жауап бергендердің 3,8%-ы ғана шетелде оқиды және сонда тұрады, 8,8%-ы Қазақстаннан тыс жерде алты айдан аса уақыт өмір сүрген. Жауап бергендердің 64,8%-ы шетелде тұрып та, оқып та көрмеген, болашақта шетелге кету жоспары жоқ. Ал 26,7%-ы болашақта шетелге көшуді ойлап жүр. Жастардың жауабы жас шамасына қарай әрқилы. Шетелде оқығысы және тұрғысы келетіндер 14–19 жас аралығындағылар арасында 33,2% болса, 25–29 жас аралығындағылар арасында – 23,5%. Бұл көрсеткіш – 25–29 жас аралығындағылардың тұрмыс жағдайын жақсартып үлгергенінің белгісі. Бұл жастағылар білім алып, отбасын құрып, жұмыс тауып алған болуы мүмкін. Осы орайда жастардың эмиграцияға ұмтылысының жас өскен сайын төмендейтінін байқаймыз. Жастардың 61,6%-ы өзге елге көшкісі келмейді. Елден қаншалық көшкісі келетіні туралы сұраққа жастардың 11,5%-ы тез арада көшкісі келетінін айтса, 17,1%-ы уақыт еншісінде екенін айтқан. Қала жастарының 33,8%-ы, ауыл жастарының 21,8%-ы эмиграцияға кетуге ынталы. Себебі қала жастарының ауыл жастарына қарағанда білімі мен әлеуметтік капиталы, өзге мемлекетпен байланысы бар екені байқалады. Сондай-ақ жаңа мекенге бейімделуге дайындығы барын да жоққа шығаруға болмайды. Нәтижесінде қала жастары Қазақстаннан кетуге ынталы. Шетелге көшудің алғышарттарын жасап қойғандар да бар. Жастардың 8,3%-ы елден көшу үшін туысқандарынан көмек сұраған болса, 7,6%-ы шетелдік университеттер мен өзге де білім беру мекемелеріне өтініш түсірген. Қалғандары әлі ешқандай әрекет жасамаған.

Келесі графиктен жастардың эмиграцияға құштарлығының себебі әртүрлі екенін байқаймыз. Бірінші орында – тұрмыс жағдайын жақсарту (25,3%), одан кейін білім сапасы (18,8%), бөтен мәдениетпен танысу (14,1%), еңбекақының жоғары болуы (8,1%), әлеуметтік және саяси тұрақтылық (6,5%) тұр. Жастардың көпшілігі Батыс елдеріне материалдық жағдайын көтеру үшін барғысы келеді. Қазақстанда Батыс елдерінде білім алу кең етек алған, сондықтан жастардың көпшілігі батыс елдеріне ұмтылады. Мемлекеттік «Болашақ» бағдарламасы жастар

арасында Батыс елдерінде білім алуды насихаттаған бағдарлама болды. Сапалы білім алу үшін бөтен елге кететіндер арасында жынысы тұрғысынан қыздар – 22,5%, жігіттер – 14,4%. Дегенмен көп ақша табу үшін көшетіндер арасында жігіттер – 12,2%, қыздар – 4,4%. Сауалнама нәтижесі материалдық жағдайын жақсартқысы келетін ауыл жастарының 30%, қала жастарының 22,8% екенін көрсеткен. Бұл көрсеткіш ауыл жастарының материалдық жағдайы төменірек екенін білдіреді. Алайда қала жастары арасында ауыл жастарына қарағанда сапалы білім алу үшін көшетіндер саны көп.

13-СУРЕТ. Өзге елге көшуіңіздің басты себебі не? (пайызға шаққанда)



Сауалнамаға жауап берген жастар көшкісі келетін елдерді кезекпен атаған. Жастардың көпшілігі АҚШ-қа қоныс аударғысы келеді, екінші орында Ресей, одан кейінгі орындарда Еуропалық Одақ елдері мен Канада тұр. АҚШ-ты 14–24 жас аралығындағылардың 34,2%-ы, 25–29 жас аралығындағылардың 24,1%-ы таңдаған. Этностық тұрғыдан айтар болсақ, эмиграция елін таңдауда айтарлықтай айырмашылық бар. АҚШ-қа қазақ жастарының 42,2%-ы, орыс жастарының 16,7%-ы ғана

көшкісі келеді. Бұл таңғаларлық жайт емес, себебі орыс жастары көбіне Ресейге барғысы келеді (46,4%), ал өзбек пен қырғыз жастары АҚШ-ты таңдаған. Қала жастарының 32,3%-ы АҚШ-қа, ауыл жастарының 35,4%-ы Ресейге көшкісі келеді. Бұл көрсеткіш қала жастарының ағылшын, француз, неміс тілін ауыл жастарына қарағанда жақсырақ білетініне байланысты болуы мүмкін.

Жалпы, жастардың көпшілігі шетелде тұрғысы және оқығысы келсе де, 20,3%-ы барар елінің тілін білмейді. Тілді қаншалық меңгергені туралы сұраққа 35,2%-ы бірінші деңгейін ғана білетінін, 21,6%-ы орташа білетінін, 19,3%-ы еркін сөйлей және жаза алатынын айтқан. Жігіттер (38,9%) қыздарға қарағанда (31,9%) баратын елінің тілін бастапқы деңгейде білемін деп айтса, қыздар (22,1%) еркін сөйлей және жаза аламын деп, жігіттерге қарағанда (16,1%) артық көрсеткіш көрсетіп отыр. Қыздардың тілді жақсы білуі көп оқытынына және білімінің жоғары екеніне байланысты. Сауалнама нәтижесі 14–19 жас аралығындағылардың 15,8%-ы, 25–29 жас аралығындағылардың 28,4%-ы барар елінің тілін білмейтінін көрсетіп берді. Яғни жас шамасы кіші жастардың тілді жақсырақ білетінін көрсетіп отыр.

Бұл сұрақтың жауабы жастардың тұрғылықты жеріне байланысты әртүрлі болып шықты. Қала жастарының 38,6%-ы тілді негізгі деңгейде білеміз десе, ауыл жастарының көрсеткіші – 28,5%. Ауыл жастары арасында баратын елінің тілін үйреніп жүргендер – 26,2%, ал қала жастары арасында – 19,3%. Қала жастарына қарағанда еркін сөйлеп, жаза алатын ауыл жастары көбірек. Себебі ауыл жастарының көпшілігі Ресейде оқығысы келеді, сондықтан орыс тілін білетініне таңғалудың қажеті жоқ.


Сауалнама барысында Солтүстік Қазақстан облысындағы жастардың 44,4%-ы баратын елінің тілін өте жақсы білетінін айтқан. Қазақстанның солтүстігінде орыстар көп тұрады, сондықтан халқы орысша сөйлейді.

Қарағанды облысындағы жастардың да көпшілігі (38,5%) барар елінің тілін жақсы білетінін айтқан.

Жастардың екінші ел ретінде таңдаған елдер қатары әртүрлі. Екінші ел ретінде 26,8%-ы АҚШ-ты, 21,5%-ы Канаданы, 13,7%-ы ЕО елдерін, 11,5%-ы Ресейді атаған. Қазақ, өзбек, орыс жастары екінші орынға АҚШ-ты қойған. Қырғыз жастары АҚШ пен Австралияны атаған, өзбек жастары Канаданы таңдаған (50%).

Үшінші орындағы ел ретінде 17,9%-ы ЕО елдері мен Канаданы, 14%-ы АҚШ-ты, 11%-ы Ресей мен Австралияны таңдаған. Жынысы тұрғысынан, қыздар үшінші ел ретінде Канаданы (17,6%), жігіттер Еуропалық Одақты көбірек таңдапты (20%). Бұл санатта АҚШ, ЕО, Канаданы таңдаған жастар да бар. Қазақ жастары үшінші орынға Канаданы қойса, қырғыз жастары Ресей мен Израильді атаған. Орыс пен украин жастары үшінші ел ретінде ЕО елдерін белгілеген.

ШЕТЕЛГЕ АЛТЫ АЙДАН АСТАМ УАҚЫТҚА БАРУҒА (КӨШУГЕ) НИЕТИҢІЗ ҚАНШАЛЫҚТЫ КҮШТІ?



3.4 ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ МЕН ҚҰҚЫҚТАРЫ

Сауалнамаға жауап бергендерге сегіз құндылықты атап, солардың ішіндегі ең маңызды үшеуін таңдау ұсынылды. Жастар негізгі үш құндылық ретінде адам құқықтарын (44,6%), қауіпсіздікті (13,7%) демократияны (небәрі 12,1%) көрсеткен. Екінші рет белгілегенде адам құқықтарын

(23,8%), теңдікті (18,7%), қауіпсіздікті (16,3%) таңдаған. Үшінші таңдауда қауіпсіздікті (27,5%), теңдікті (13,8%) экономикалық әл-ауқатты (13,2%) атаған. Жастардың бұл құндылықтарды таңдауы осы құндылықтарды қолданғысы келетінін және осы құндылықтармен қоғамды қамтамасыз еткенін қалайтынын білдіреді. Сауалнама нәтижесінде Қазақстан жастары үшін адам құқықтары мен қауіпсіздік басты орында екеніне көз жеткіздік. Жастар үш ретте де қауіпсіздікті таңдаған, яғни жастар үшін қауіпсіздік аса маңызды. Жастардың қауіпсіздікті таңдауына әртүрлі себеп болуы мүмкін. Бұған БАҚ-тарда терроризм қауіпі жиі талқыланып жүргені, 2018 жылғы шілдеде 2014 жылғы Қысқы олимпиаданың қола жүлдегері, мәнерлеп сырғанау шебері Денис Теннің өлімі әсер еткен болуы мүмкін³⁹. Денис Тен Алматының қақ ортасында кісі қолынан қаза тапқаны ел азаматтарының қауіпсіздігі толық қамтамасыз етілмегенін ашып көрсетті. Осы оқиғадан кейін Үкімет Ішкі істер министрлігі мен полиция ішінде үлкен реформа жасады. ИИМ-дегі сыбайлас жемқорлық дауы да халықтың полицияға деген сенімін азайтып, қауіпсіздікті қамтамасыз ете алатынына халықтың күмәнін күшейтті⁴⁰. Жастардың адам құқығына байланысты алаңы Қазақстандағы жергілікті белсенділер мен халықаралық ұйымдар көтерген мәселелерден хабардар болып отырғанынан болуы да мүмкін. Мысалы, елде мүмкіндігі шектеулі жандар мен дін өкілдерінің құқықтары әлі толық қорғалмаған⁴¹.

Сауалнамаға қатысқандардың өзге әртүрлі топтардың құқықтары туралы пікірін білуді де маңызды деп санадық. Сондықтан халықтың құқығы қорғалмаған, құқығы жеткілікті қорғалған және тым көп құқығы бар сегіз тобын атауды сұрадық. Қатысушылардың көпшілігі Қазақстанда бар халықтың құқығы теңдей қорғалмай отыр деп жауап берді. Құқығы ең аз қорғалған топтар халықтың кедей бөлігі, мүмкіндігі шектеулі жандар, жастар деп атады. Мүмкіндігі шектеулі жандар өз құқығын толық қорғай алмайды, себебі сапалы білім мен денсаулық сақтау сияқты ресурстарға қол жеткізе алмайды⁴².

Сауалнама нәтижесі жастар құқықтары қандай деңгейде қорғалатынына риза емес екенін анық көрсетті. Бұл жастардың саясат туралы көзқарасын зерттеген бөлімде нық байқалған. Олар Үкімет жастардың көзқарасы және мүддесімен санаспайды, жастардың дауысын жеткізуге жағдай туғызбай отыр деп санайды. Адам құқығы мәселелеріне 24–29 жас аралығындағыларға қарағанда 14–19 жас аралығындағылар көбірек алаңдайды. Сауалнамаға қатысушылардың үштен бірі Қазақстанда балалардың (33%), ЛГБТК+ (32,5%) құқықтары өз деңгейінде қорғалмаған дейді. Ауыл жастары, қала жастарына қарағанда Қазақстанда жеке топтардың (балалардың, жастардың, мүгедектердің) құқықтары жеткілікті қорғалған деп ойлайды. Ал қала жастары Қазақстанда кедейлер мен мүгедектердің құқықтары қорғалмайды деп жиі жауап берген. 14–19 жас аралығындағылар Қазақстан-

да құқығы аз қорғалған топтардың қатарына кедейлерді (32,8%), балаларды (53,5%), мүгедектерді (40,1%) жастарды (52,9%) жатқызған. 20–29 жас аралығындағылар да дәл осылай көрсеткен. Қалған топтардың құқығы өз деңгейінде қорғалмаған деп санайтындар арасында ерлерге қарағанда әйелдер көбірек. Дегенмен бұл айырмашылық көбіне әйелдердің, мүгедектер мен кедейлердің құқықтарына қатысты. Елде әйелдер құқығы жеткілікті қорғалмаған деп білетін әйелдердің саны ерлерге қарағанда екі есеге көп (тиісінше, 31,4% және 17,6%). Оны Қазақстанда әйелдердің мүмкіндігі аз және шектеулі екенімен түсіндіруге болады.

3.5 ҚОРҚЫНЫШ ПЕН АЛАҢ

Зерттеу жұмысымызда жастардың қорқынышы мен алаңдау деңгейін анықтауға тырыстық. Сауалнамада соғыс, кедейліктің белең алуы, ауаның ластануы, сыбайлас жемқорлық сияқты факторлар туралы сұрақтар болды. Сауалнама нәтижесі жастар нақты қауіпке емес, жеке адаммен байланысты емес қауіпке көп алаңдайтынын көрсетті.

Сауалнамаға қатысқандар қорқатын және алаңдайтын нәрселер (51,8%): кедейліктің белең алуы (51,1%), ауаның ластануы мен климаттың өзгеруі (50,8%), сыбайлас жемқорлық (50,8%) және әлеуметтік теңсіздік (49,4%). Жастар бұл факторларды қауіп ретінде көреді. Ал жұмыстан шығып қалудан, ауруға шалдығудан, террористік шабуыл қауіпінен жастар қорқа қоймайды. Сауалнамаға қатысушылар елде иммигранттар көбеюі мен шабуыл құрбаны болу қауіпін көп белгілемеген.

Ауыл жастарына қарағанда қала жастарының қорқынышы ерекше. Мегаполис жастары жұмыстан шығып қалудан, ауаның ластануынан, соғыстан, әлеуметтік теңсіздіктен, ауруға шалдығудан қатты қорқады екен. Мұның себебі қалада бәсекенің, ауаның ластану деңгейінің жоғары екеніне және өзге де факторларға байланысты болуы мүмкін. Ауыл жастары жемқорлықты (47,9%), кедейліктің артуын (47,7%) айрықша қорқыныш тудыратын құбылыс ретінде атаған. Жұмыстан шығып қалудан қорқу 24–29 жас аралығындағылар арасында көп. Мұндай қорқыныш 14–19 жас аралығындағылар арасында да бар, ал 20–24 жас аралығындағылар табысынан айырылудан қорқа қоймайды. Бұл жайт 20–24 жас аралығындағылардың білімі жоғарырақ екенімен байланысты болуы мүмкін. Жігіттерге қарағанда әйелдер өз қауіпсіздігіне көп алаңдайды екен. Мысалы, әйелдердің 47,2%-ы, жігіттердің 22,4%-ы зорлық-зомбылық құрбаны болудан қорқатыны анықталды. Сауалнамаға қатысқандардың бірі әйелдер зорлық-зомбылықтан неліктен қорқатынын былайша түсіндірді:











« Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының әлеуметтік желідегі парақшасының тұрақты оқырманымын. Сол парақшада әлемде әрбір үшінші әйел жыныстық және зорлық-зомбылықтың құрбаны болады деп жазылған. Жыл сайын 90 000 әйел отбасындағы зорлық-зомбылықтан мерт болады екен. Осы статистикадан қорқып қалдым, сол әрбір үшінші әйелдің кейпіне түспеуге ешқандай кепіл жоқ».

Әйел, 25 жаста, студент

Сондай-ақ әйелдер ерлерге қарағанда қылмыстық істен де қатты қорқады (тиісінше, 43,2% және 24,6%). Соғыстан, террористік шабуылдан, ауруға шалдығудан, әлеуметтік теңсіздіктен, ауаның ластануынан, кедейліктің белең алуынан, иммигранттардың көбеюінен, сыбайлас жемқорлықтан қорқу көрсеткіші әйелдердің неге қатты алаңдайтынын нақты (тиісінше, 58,8% және 44,8%) анықтап берді. Ал жігіттерге жемқорлық (49,4%) ерекше қорқыныш тудырады екен, олардың белгілеуінде кейінгі орындарда жұмыссыздық (47,2%) пен қоғамда кедейлердің көбеюі (47%) тұр.

МЫНА МӘСЕЛЕЛЕР ҚАНШАЛЫҚ АЛАҢ ТУДЫРАДЫ?
(пайызға шаққанда)

- Еш алаңдамаймын
- Біраз алаңдаймын
- Қатты алаңдаймын
- Білмеймін
- Жауабы жоқ



4

ЖАСТАР ЖӘНЕ СЯЯСАТ

4.1 СЯСИ КӨЗҚАРАСЫ, ҰСТАНЫМЫ ЖӘНЕ СЯСАТҚА АРАЛАСУЫ

Бұл бөлімде жастардың саясатқа көзқарасы мен саясатқа қатысты ұстанымы, елдегі саяси өмірге араласу деңгейі, саяси мәселелерге қаншалық зер салатыны және саясатты қаншалық білетіні қарастырылады. Келесі графикадан сауалнамаға жауап бергендердің жартысына жуығы (47,8%) саясатқа мүлде қызықпайтыны байқалады: 10,5%-ы қызықпайтынын, 11,4%-ы қатты қызығатынын, 7,8%-ы қызығатынын, 20%-ы саясат туралы ойламайтынын белгілеген. Саясаттан қаншалық хабардар екені туралы сұраққа жастардың 16,9%-ы саясатта көп нәрсені білетінін айтқан, 49,5%-ы бұған келіспеген, 24,3%-ы орташа деп жауап берген. Кішігірім қалалар мен ауыл жастары арасында саясаттан хабардар жандар (20,8%) саны қала жастарына қарағанда (14%) көп. Бұл жайт Қазақстан жастары саясатқа белсене араласпайтынын көрсетеді. 2020 жылғы зерттеу жастардың саясатқа қызығуы төмендегенін көрсеткен. 2016 жылы саясатқа қызықпаймын дегендер саны 33,6% болған еді⁴³. Бір жағынан, жастар білім алу, отбасын асырау, әскерде қызмет ету, жұмыс іздеу сияқты күнделікті тіршіліктен босамауы мүмкін. Екінші жағынан, Кеңес дәуіріндегі халықтың саясатқа араласпау жайы халықтың ұстанымына әлі де әсерін тигізіп келеді деп ұйғаруға болады. Тәуелсіздіктен кейін де жастардың саясатқа қызығуы аса жоғары болып көрген жоқ. Оның үстіне, жастардың біразы әлеуметтік мобильдігі болмаған соң да саяси мансап жасауға сенбей, саясатқа қызықпауы мүмкін. Ауыл мен қала жастарының


саясатқа қызығу деңгейі бірдей. Сауалнамаға жауап бергендердің бірі Қазақстандағы саяси белсенділіктен болуын былайша түсіндірді:

« Саясат пен азаматтарымыздың саясатқа араласуы туралы айтсақ, азаматтарымыздың саясатқа араласу белсенділігі өте төмен. Жастардың да, ересектердің де белсенділігі төмен. Біз саясатпен саясаткерлер айналысуы керек деп ойлаймыз... Сондықтан саясаттан тыс жүреміз. Біздің шаруамыз емес, әркім өз шаруасымен айналысуы керек, саясатпен саясаткерлер айналысады деп ойлаймыз».

Ер адам, 23 жаста, жұмысшы

Қазақстан жастары ішкі саясатқа ғана емес, халықаралық саясатқа да соншалық қызығушылық танытпайды. Жастардың басым көпшілігі шетелдердің саясатына қызықпайтынын айтқан. 14,8%-ы ғана ЕО мен АҚШ саясатына қызығушылық білдіретінін айтыпты. Ресейдің саяси істеріне қызығушылар саны сәл көбірек (18,2%). Бұл Ресейдің Қазақстанның ішкі-сыртқы істеріне ықпалы бар екеніне, елдің солтүстік облыстары Ресеймен

14-СУРЕТ. Саясатқа қызығу деңгейі
(пайызға шаққанда)



географиялық, мәдени тығыз байланысты болуына байланысты болса керек.

Жастардың облыстық және жергілікті деңгейдегі саясатқа да қызығу деңгейі дәл осындай. Жауап бергендердің ширегінен сәл артығы ғана (28,4%) облыстық және жергілікті саясатқа мән беретінін айтса, 47,3%-ы мұндайға мүлде көңіл аудармайтынын айтқан. Ауыл жастары мен қала жастарының облыстық және жергілікті саясатқа қызығу деңгейінде айырмашылық аз. Ауыл жастарының арасында облыстық және жергілікті саясатқа қызығатындар көрсеткіші – 30,6%, қала жастарының көрсеткіші – 26,7%. Сауалнама нәтижесі әйелдердің 18,6%-ы, жігіттердің 19,8%-ы саясатқа қызығатынын көрсеткен.

4.2 САЯСАТ, ДОСТАР ЖӘНЕ ОТБАСЫ


Сауалнама нәтижесі жастардың саясатты туысқандарымен және достарымен талқылауға бейім екенін байқатты. Жауап бергендердің басым көпшілігі (36,9%) саясат туралы мүлде әңгімелеспейтінін айтса, 18,6%-ы сирек талқылайтынын, 24,5%-ы кей-кейде ғана саясатқа көзқарасын білдіретінін, 16,6%-ы ғана жиі талқылайтынын айтқан. Зерттеу нәтижесі Қазақстан жастарының саяси көзқарасы ата-анасының көзқарасына ұқсас екенін көрсетті. Расында, жастардың әлеуметтенуінде отбасының маңызы аса зор, сондықтан

саяси идеялар ұрпақтан-ұрпаққа өтіп отырады⁴⁴. Жастардың саясатқа қызығуының төмен болуы мен идеологияда көзбасшының жоқ болуы олардың ата-анасының саяси көзқарасын сіңіруіне әкеледі. Соңғы төрт жылда 2016 жылғы нәтижеге қарағанда жастар арасында ата-анасының саяси көзқарасын қабылдағандар артқан. Сауалнамаға жауап бергендердің 20,8%-ы саяси көзқарасы ата-анасының көзқарасымен толық сай келетінін айтқан, ал 2016 жылы бұл көрсеткіш 11,9% болған⁴⁵. Жастардың 13,7%-ы саяси көзқарасы алдыңғы буынмен бірдей екенін, 24,6%-ы біршама ұқсас екенін, 8,1% ата-анасының көзқарасынан елеулі түрде өзге екенін, 7,9%-ы ата-анасының көзқарасына мүлде кереғар ұстанымда екенін айтқан.

Саяси көзқарастың ұрпақтар арасындағы ұқсастығы мегаполиске қарағанда ауылдық жерде басым (тиісінше, 25,2% және 17,5%). Әдетте қалалық жерде пікір сан алуан болады, сол сияқты саяси мәдениет пен саяси көзқарас та әртүрлі болады. Осындай әртүрлілік жастардың саяси пікіріне де әсер етіп, ата-анасының көзқарасынан өзгешелеу етеді. Сондай-ақ мектеп пен университет те пікір мен идея қалыптастырар орын. Алдын ала болжағанымыздай, қазақ және өзбек жастарының ішінде саяси көзқарасы ата-анасының көзқарасына ұқсастар орыс пен украин жастарына қарағанда көп екені байқалды. Бұл қазақ пен өзбек отбасындағы мәдени дәстүр мен қарым-қатынастың, сабақтастықтың, отбасындағы беделдің белгісі болуы мүмкін. Нәтижесінде буындар арасында саяси көзқарастың ерекшелігінен гөрі ұқсастығы басым екені байқалады.

2016 жылғы сауалнамамен салыстырсақ, жастардың саяси ақпарат алар көздерінің орны ауысқан. 2016 жылы бірінші орында – теледидар, екінші орында – интернет, үшінші орында – өзге әлеуметтік медиа тұрған болатын. 2016 жылы жастардың 10%-ы ғана ақпаратты әлеуметтік медиадан алған⁴⁶. 2020 жылы саяси жаңалықты білудің негізгі үш көзі – интернет (78,8%), теледидар (32,7%), әлеуметтік медиа (13%) болған. Сондай-ақ достарынан (6,1%), отбасы мүшелерінен (4,9%), радиодан (4,1%), газеттен (2,8%), өзге құралдардан (6,1%) алатын. Электрондық құралдар, оның ішінде интернет бүгінде жастардың ақпарат алар көзі ретінде кең тараған құрал болып отыр. Дегенмен ауыл және қала жастарының ақпараттануында айырмашылық бар. Ауыл жастары көп ретте саяси жаңалықты теледидардан естісе, қала жастары әлеуметтік медиадан естиді. Қазақстанның ауылдық жерлерінде интернет желісі әлі де әлсіз. Тіпті интернетке қол жеткізсе де, сапасы мен жылдамдығы нашар. Бұл жайт жастардың саяси жаңалықты естуіне, ақпараттануына кедергі келтіреді. Сонымен қатар саясат пен әлемдегі оқиғалар туралы ақпарат алудың көзі ретіндегі достар мен отбасының рөлі 2016 жылға қарағанда біраз төмендеген.

15-СУРЕТ. Саяси оқиғалардан хабардар болуға септесетін негізгі көздер (пайызға шаққанда)



4.3 САЙЛАУҒА ҚАТЫСУ


Жастардың саясаттағы белсенділігі қаншалық екені және сайлауда дауыс беру дәрежесі де зерттелді. Сауалнамаға жауап бергендердің 59,1%-ы демократиялық қоғамда әрбір азамат дауыс беруі керек десе де, Қазақстанда сайлауға дауыс беруге барлық адам бара бермейді. Келесі графикадағы нәтиже жастардың саяси өмірде белсенді емес екенін көрсетеді, яғни жауап бергендердің үштен бірі ғана (29,6%) соңғы парламент сайлауында дауыс берген, 37,5%-ы дауыс беру құқығын пайдаланбаған, 26,7%-ының дауыс беруге жасы жетпеген. Жас шамасына байланысты айтар болсақ, 20–29 жас аралығындағылардың 40%-ына жуығы дауыс берген, 45%-дан көбі дауыс бермеген. Дауыс беруге қатыспауының негізгі себебі – сайлау нәтижесі мен сайлаудың әділ өтетініне сенбеуі. Жауап бергендердің бірі былай деді:

«*Дауыс беруге бармаймын, себебі бізде сайлау әділ өтпейді. Мысалы, жақында парламент сайлауы өтті. Бәрін алдын ала дайындап қойған. Нұр Отан партиясы сайлау басталмай тұрып-ақ жеңісін тойлап жатты. Студенттердің бәрі тұрды сонда... Соны көре отырып сайлауға несіне барамын? Тіпті өзге біреуге дауыс берсең де, соңында дауыс бермеген тарабың 98 пайыз дауыс жинап кетеді».*

Әйел, 22 жаста, студент

Соңғы сайлауға қазақ жастары (32,1%) мен ауыл жастары өзге этностар мен қала жастарына қарағанда көп қатысқан. Мұны ауылда әлеуметтік, саяси және мәдени белсенділік деңгейі төмен екенімен, сондай-ақ шағын қауымдарда жұрт әдетте тығыз қатынасатындықтан құрдастарының оң ықпалы бар екенімен де түсіндіруге болады.

16-СУРЕТ. Парламент сайлауында дауыс бергендер (пайызға шаққанда)




Жастардың сайлау туралы сөзі мен әрекеті қайшы келеді. Мысалы, келесі графиктен жастардың 52,2%-ы «дауыс беру құқығымыз болса, дауыс берер едік» дегенін, ал 35,1%-ы басқаша жауап бергенін байқаймыз. Ауыл жастарының 61,2%-ы парламент сайлауында дауыс берер едік десе, қала жастарының 45,5%-ы ғана дәл осындай жауапты белгілеген. Мұндай қайшылық өзге сұрақтардың жауаптарында да бар. Жастар, мысалы, демократиялық режимде сайлау болуы керек дегенмен, Қазақстанда саяси құқығын белсенді пайдаланбайды. Бұл жайт ауыл жастарының мемлекет пен саяси институттарға сенетінінен, бірақ саясатқа келгенде, қауқарсыздығын сезінгенінен болса керек. Жалпы, парламент сайлауында дауыс бергісі келгендер мен сайлауға барғандардың саны арасында алшақтық бар.

Сондай-ақ жастардың саясатқа қызығушылығы төмен

лар өмір мен қызметке шынайы көзбен қарап үйренген. Бұл орайда осы жастағы адамдардың өмірде орнын тапқанын және мамандығын таңдап үлгергенін ескеру керек.

Ауыл жастары қала жастарына қарағанда саясатқа сирек араласады. Ауыл жастарының басым көпшілігі саясатқа араласқысы келмейді (66,4%), ал қала жастарының 60,7%-ы саясатқа араласқанды жөн көреді. Бұл зерттеу Қазақстан жастарының көпшілігінің саясаттан тыс екенін байқатады. Саясатқа араласқысы келетін жастар тым аз. Алайда жастардың басым көпшілігі (69,2%) Қазақстанның саяси өмірінде жастар өз пікірін білдіруі керек деп санайды. Мұндай пікір мен саясатқа араласпауы мемлекет тарапынан қолдаудың аз екенін нақтылайды. Жауап бергендердің бірі былай деген:

17-СУРЕТ. Парламент сайлауында, құқығы болса, дауыс бергісі келгендер (пайызға шаққанда)



« Меніңше, Қазақстанның саясаты бір орталықтандырылған, яғни әр адам өзіне жауап береді. Яғни мемлекеттен кім көп ұрласа, сол ұтады. Ең бастысы – осы, себебі басқаларды ойлап отырған ешкім жоқ, сен туралы ешкім ойламайды. Оны саясаттан ғана емес, өмірден де көріп отырсыз. Бұған наразы адамдар да бар, бірақ олар тым аз. Менің белсенді таныстарым бар. Оларды алты сағат бойы қоршап тұрған, сонда оларды қорғауға бір де бір адам келмеген. Себебі әркім ең алдымен өзін ойлайды. Бірдеңе істегісі келген адам елден көшіп кетеді, себебі жалғыз күресу мүмкін емес. Бірақ оған көніп те жүре алмайсың. Бары – осы».

Әйел, 19 жаста, студент

болуы олардың саясаттағы рөліне де әсер еткен. Жастардың басым көпшілігі (80%) саясатқа араласпайтынын айтқан, 13%-ы ғана мүмкіндігі болса саясатқа араласар едік деген, аз ғана бөлігі (3%) саясатқа араласар едік деп жауап берген. Саясатқа қатты араласқысы келетіндердің ең төменгі жас көрсеткіші – 14–19 жастағылар. Ал одан ересек жастар арасында саясатқа араласқысы келетіндер саны 3,6% ғана. Бұл, бір жағынан, 14–19 жас аралығындағылардың саясатты оңай қабылдауы себебінен, екінші жағынан, қоғамда қалыптасқан пікірге байланысты болуы мүмкін. 25–29 жас аралығындағы-

Жастардың кейбірінің Қазақстандағы саяси процестен көңілі қалған, ал басқа респонденттер әлі де үмітті. Мысалы, жауап бергендердің бірі былай деді:

« 2000 жылы тудым, небәрі 20 жастамын, Назарбаев буынынанмын. Мен туғалы бері елді Назарбаев басқарып келді, енді билікке Тоқаев келді, аз да болса өзгеріс болып жатқанын көріп отырмын. Бір пайыз болса да «естуші мемлекетіміз» бар, президентіміз әлеуметтік желіде талқыланып жатқан нәрселерге көңіл аудара бастады, осылайша бірте-бірте өзгеріс болуы мүмкін деп ойлаймын. Қазақстанның ең жас депутаты Мәди Ахметовті бәрі сынап жатса да, мұны да өзгерістің бірі деп ойлаймын. Өзім ол адамға сынмен қараймын. Өзгеріс болады деп ойлаймын, себебі жас жігіт депутаттыққа жастар қозғалысының кейбір мүддесін қорғап қалар деген үмітпен ұсынылды. Сондай-ақ үкіметімізде әйелдер саны артады деп сенемін, себебі қандай да бір өзгеріс жасау үшін өзге топтарды да ескерудің маңызы зор».

Әйел, 20 жаста, студент

Сауалнама нәтижесі жастардың 59,1%-ы Қазақстан саясаткерлері жастардың саяси пікірі мен көзқарасын ескермей отыр деп ойлайтынын нақтылады. Үкімет жастарға арналған түрлі бағдарламалар мен саясаттарын жүзеге асырғанына қарамастан, жастар өздерінің қажеті мен мүддесі ескерілмейтінін сезінеді. Бұл жайт жастар саясаты мен бағдарламаларының іске асуына кедергі болады және жастардың көзқарасы мен пікірі естілмей қалады да, жастар мен үкіметтің арасында байланыс орнатылмайды.


4.4 САЯСИ БЕЛСЕНДІЛІК ТҮРЛЕРІ

Жалпы, Қазақстан жастары елдегі қоғамдық және саяси қозғалыстарға белсене араласпайды. Жауап бергендердің 4,7%-ы ғана саяси петицияға қол қойған, басым көпшілігі (69,5%) ешқашан петицияға қол қойып көрмеген. Дегенмен жастардың 20,6%-ы болашақта петицияға қол қоюға қарсы емес. Ал аз ғана бөлігі (2,6%) демонстрацияға қатысқан болса, басым көпшілігі ешқашан қатысып көрмеген (78,7%). Бір қызығы, жауап бергендердің 15,3%-ы болашақта демонстрацияға қатысуы мүмкін екенін жоққа шығармайды. Бұл жолы да, жастардың жауаптарынан әрекеті мен ойы арасында алшақтық бар екені байқалды, бұл ойлар декларативті болуы мүмкін. Осылайша осы зерттеу мен бұған дейінгі зерттеуді талдай келе жастар саясатқа бейімі жоқ деген пайымға келдік.

Еріктілер қозғалысы мен мемлекеттік емес ұйымдарда жұмыс істеген жастардың саны арта түскен (7,9%). Алайда жастардың басым көпшілігі (65,1%) еріктілер қатарында болып көрмеген, 22,9%-ы болашақта еріктілер қатарына қосылғысы келеді. Мұның өзі жастардың белсенді ретінде саяси партия мен саяси топтардың мүшесі болғаннан гөрі еріктілер қозғалысы мен мемлекеттік ұйымдарда жұмыс істеуге бейім болып отырғанын байқатады. Саяси партия мен топқа мүшелік туралы айтар болсақ, жастардың 77,2%-ы саяси партиялар мен топтарға ешқашан мүше болмаған. Бұл тренд жалпы жағдайды, яғни саяси партиялар бір көшбасшы айналасына жиналғанын және партия негізіне элиталар мүше екенін көрсетеді. Сондай-ақ елде өз саяси партиясын тіркеу процесі өте күрделі. Бұл жайт та жастарға қиындық туғызады. Партияны тіркеу үшін қажет мүшесінің санын 40 000-нан 20 000-ға дейін азайту туралы заңға жақында енгізілген өзгерістерде саяси партияны тіркеуді оңайлата қойған жоқ⁴⁷.

Әлеуметтік медиа мен интернет жастардың пікір білдірер танымал платформасына айналса да, платформа арқылы саяси белсенділік танытқандар өте аз. Сауалнама нәтижесі жастардың басым көпшілігінің (76,2%) белсенді емес екенін, 16,1%-ы ғана осы платформалар арқылы саяси өмірге араласқысы келетінін көрсеткен. Қыздардың 68%-ы, жігіттердің 57,8%-ы саясатқа араласқысы келмейді. Саясатқа араласу мен наразылық білдірудің бір формасы – саяси немесе экологиялық себеп бойынша өнімді сатып алудан бас тарту. Жауап бергендердің 5,5%-ы осы себептер бойынша өнім сатып алудан бас тартып көрген, 17,4%-ы келешекте осындай амалмен наразылығын білдіргісі келеді. Сондай-ақ сауалнама жастардың тұрғылықты жеріне байланысты саяси белсенділігі көрсеткішінде айырмашылық бар екенін көрсетті. Қала жастарының арасында (7,5%) ауыл жастарына қарағанда (2,8%) саяси және экологиялық себеп бойынша өнім сатып

18-СУРЕТ. Саяси пікір білдірудің амалы көп. Сіз қай амалмен пікір білдіріп, саяси шараларға қатысып көрдіңіз? (пайызға шаққанда)



алудан бас тартқандар саны көп. Ал жыныстық тұрғыда айырмашылық жоқ. Дегенмен жастардың көпшілігі сатып алу құқығын саясатқа байланысты құртқысы келмейді. Жастардың саяси белсенділік формаларын белсенді қолданбауы олардың саяси мәдениетінің белсенді емес екенін және елде саяси процестер мен белсенділікке шектеу көп екенін көрсетеді.

4.5 ИНСТИТУТТАРҒА СЕНІМ


Институттарға сенім – мемлекет, оның институттары, заңдылығы қаншалық сенімді екенінің маңызды көрсеткіші. Халық институттарға проблемалар мен мәселелерді шешеді, сенімімізді ақтайды деп сенім артады. Қазақстанда, сауалнама нәтижесіне сүйенсек, ең сенімді институт – Президент, еріктілер қозғалысы және Қарулы күштер. Жастардың жартысына жуығы (48,3%) Президентке сенім білдіреді. Қазақ қоғамында Президент өзге саяси институттарға қарағанда көбірек сенімге ие. Басқаша айтсақ, Президентті қашан да өзге билік институттарынан жоғары қойған. Президент – ел басшысы, Қазақстанның егемендігі мен қауіпсіздігінің кепілі болып саналады. Халық Президент кез келген мемлекеттік мәселе мен конфликтіні шешеді деп сенеді. Ауыл жастары қала жастарына қарағанда Президентке айрықша сенім артады. Географиялық тұрғыдан, Президентке ауыл жастарының 60,1%-ы, қала жастарының 39,5%-ы сенім білдіреді. Сондай-ақ ауыл жастарының ішінде ел басшысына сенбейтіндер саны көп емес (17%), ал қала жастарының ішінде бұл көрсеткіш 29,2% ғана. Демек, Қазақстанда қала тұрғындары ауыл тұрғындарына қарағанда биік беделге айрықша сыни көзқараспен қарайды деген қорытынды жасауға болады. Бұл жағдайды қалада орта таптың болуымен және ақпараттану жолдары алуан түрлі екенімен түсіндіруге болады. Үкімет пен Парламентке сенім деңгейі Президентке қарағанда төменірек. Үкіметке жастардың 36%-ы, Парламентке 35,9%-ы ғана сенеді. Ауыл жастары бұл институттарға да қала жастарына қарағанда ерекше сенім артады.

Сенім деңгейі бойынша екінші орында еріктілер қозғалысы тұр. Бір қызығы, жастардың 40,5%-ы еріктілер қозғалысына шын сенеді, бірақ жастар арасында еріктілер қозғалысына қатысып көргендер тым аз. Сенімнің мұнша жоғары болуы еріктілер ұйымдарының ашықтығы және мүшелерінің альтруистік қасиетімен байланысты. Сонымен қатар жастардың 40,4%-ы Қарулы күштерге сенім білдіретінін білдірген. Қазақстанның Қарулы күштеріне таяуда ғана бірнеше реформа жасалды, оның ішінде кәсіби армия реформасы жүзеге асып, сондай-ақ әскери жабдықтары жаңарды. Армияға деген сенімді арттыруға және елдің егемендігі мен мемлекеттің қауіпсіздігіне сенімді күшейтуге осы да себеп болған болуы мүмкін.

Елдегі өзге институттарға сенім деңгейі өте төмен. Жауап бергендердің 31%-ы бұқаралық медиаға, ірі бизнес компанияларына, банктерге, мемлекеттік ұйымдарға сенеді. Қазақстан жастары аса сене қоймайтын институт – сот пен сот жүйесіне жастардың 37%-ы сенім білдірмейді екен. Сонымен қатар жастардың 36,1%-ы Қазақстан полициясына мүлде сенбейді. Бұған таңғалуға болмайды, себебі халық елдегі сот жүйесі мен атқарушы органдарды жемқорлыққа батқан деп санайды, сондықтан да ел арасында беделі өте төмен. Мұнда да қала жастарына қарағанда екі есе артық ауыл жастары Үкімет пен Парламентке сенім артқаны сияқты, сот жүйесі мен полицияға сенеді. Шағын ауылдарда (кенттер мен шағын қалаларда) ірі қалалардағы сияқты емес, адамдар бір-бірін жақсы таниды. Ауыл жастары жергілікті билік органдарына, армияға, бұқаралық медиаға (көбіне телевизияға), қала жастарына қарағанда, көбірек сенім артады. Бұл жайт ауыл жастарының мемлекет пен мемлекеттік институттарға көп сенім артатынын көрсетеді. Бұған дейін байқағанымыздай, ауыл жастарының көпшілігі мемлекеттік жұмыс пен мемлекеттің қолдауына тәуелді. Бұл жағдай олардың көзқарасына және Үкіметке деген сеніміне әсер етуі мүмкін. 14–19 жас аралығындағылардың институттар мен ұйымдарға 25–29 жас аралығындағыларға қарағанда көп сенетіні өмір мен жұмыс тәжірибесіне деген идеалистік көзқарасынан болса керек.

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ДЕМОКРАТИЯНЫҢ ДЕҢГЕЙІНЕ КӨҢІЛІЗ ТОЛА МА? (ПАЙЫЗҒА ШАҚҚАНДА)

■ Мүлдем көңілім толмайды ■ 2 ■ 3 ■ 4 ■ Көңілім толады ■ Білмеймін ■ Жауабы жоқ




4.6 ДЕМОКРАТИЯ МЕН АВТОРИТАРИЗМ ТУРАЛЫ ПІКІРІ

Жастардың саяси режимдерге – демократия мен авторитаризмге көзқарасын анықтау да маңызды. Жастар арасында саясатқа қызығушылық танытатындар аз болса

да, көпшілігінің саяси режим туралы өзіндік пікірі бар. Келесі графикадан жауап бергендердің жартысынан көбінің (54,7%) демократияны ел басқарудың жақсы жолы деп санайтынын, ал 13,5%-ы бұл пікірге келіспейтінін байқауға болады. Екінші сұрақта жастардың 52,7%-ы демократияда саяси оппозиция болуы керек дейді. «Қазақстандағы демократияға көңілің тола ма» деген сұраққа жастар «көңілім толады», «көңілім толмайды», «маған бәрібір» деген жауаптардың бірін таңдауы керек еді. Жастардың жауабы 2016 жылғы сауалнамадағы 52%-ының Қазақстандағы демократияның дамуы барысына көңілім толады дегеніне сай келмеді, яғни 28,3%-ының ғана көңілі толматыны анықталды⁴⁸. Сонымен қатар кейінгі төрт жылда Қазақстандағы демократияға көңілі толмайтындар саны бес еседен артық: 2016 жылғы – 5,2%-дан 2020 жылы – 28,3%-ға дейін артқан. Жастардың көңілі толмауына Қазақстанда кейінгі төрт жылда болған саяси оқиғалар, оның ішінде Астананың атауын Нұр-Сұлтан деп өзгерткені және 2019 жылғы президент сайлауына байланысты болуы мүмкін. Бұл екі оқиға қоғамда зор наразылық тудырып, наразылық білдірушілерді полиция қамауға алған еді.

Жастардың елдегі демократия туралы пікірі жасына, тұрғылықты жеріне байланысты әртүрлі. 14–19 жас арасында көңілі толатындар саны көптеу, 20–29 жас

19-СУРЕТ. Демократияны биліктің жақсы жолы деп санау (пайызға шаққанда)



арасында аздау. Айрықша көңілі толмайтындар – 25–29 жас аралығындағы қала жастары. Сауалнама нәтижесі қала жастарының 37,1%-ының, ауыл жастарының 18%-ының демократияға көңілі толмайтынын көрсетті. Демократияға көңілі толмайтындар Қазақстанның ірі қалаларында басым: Шымкентте – 47,4%, Алматыда – 38,7%, Нұр-Сұлтанда – 37,2%. Ерекше көңілі толмайтын топтар – өзбек жастары мен орыс жастары. Бұл жайт мемлекеттік институттарда осы екі топ өкілдерінің саны аз екеніне байланысты болуы мүмкін.

Дегенмен жастар арасында авторитаризмді жақтайтындар да бар екені байқалды. Кей жағдайда демократияға қарағанда диктатура жақсы дегендеркөрсеткіші – 24,3%. Бірақ жастардың 34,3%-ы бұл пікірге келіспейді, ал 26,6%-ы бейтарап жауап берген. Әрбір төртінші жас кей жағдайда авторитаризмді қолдайды, бұл жастардың авторитаризмге мойынсұнатынын көрсетеді. Мұндай жастар – бұқаралық медианың елде мықты көшбасшы болуы керек, мықты үкімет болуы керек, «алдымен экономика, сосын саясат», «халық әлі демократияға дайын емес» деген сияқты популистік ұстанымын бойына сіңіргендер. Сауалнамаға қатысқандардың бірі былай деді:

II

Қоғамымыз 2021 жылдың өзінде демократияға әлі дайын емес секілді көрінеді. Билікті халыққа берсе, елде анархия орнайды. Басқаша айтқанда, билікті халыққа берсе, Қырғызстандағы сияқты тобыр Ақорданы қиратып тастайды. Меніңше, ол демократия емес, ал демократияға қоғам дайын емес, елде темірдей тәртіп болмаса, бізде де солай болады. 10–15 жылда қазіргі жастар өсіп, бәрі өзгереді, қоғам ақырындап демократияға көшеді, бірақ мұның бәрі бірден бола қоймайды».

Ер адам, 20 жаста, студент

Сондықтан да қазіргі жағдайда ең қолайлысы авторитаризм деп біледі. Бұл көзқарас жергілікті ғана емес, сондай-ақ Қазақстанда танымал Ресей бұқаралық медиасы арқылы да таратылды. Бұған дейін байқағанымыздай, ауыл жастары негізінен теледидар арқылы ақпарат алады және олардың ақпарат алу жолдары тым шектеулі. Сондықтан қала жастарына қарағанда ауыл жастарының авторитаризмге толеранттығы басым. Сондай-ақ елде ұзақ уақыт жергілікті әкімдер жоғарыдан тағайындалатын болған соң, жастардың саясат туралы көзқарасының аясы тар болып келеді.

Бір таңғаларлығы, жастардың үштен бірі (27,8%) кей конфликтіні күшпен шешуге болады деп біледі, 38,4%-ы бұл пікірге келіспейді, 22,3%-ы бейтарап қалған. Жынысы тұғысынан, күш қолдануды, қыздарға қарағанда жігіттер көп қолдайды (тиісінше, 31,2% және 24,4%). Сонымен қатар жастардың 67%-ы қазіргі кезде Қазақстанға халықтың мүддесін қорғайтын қатал басшы керек десе, 11,2%-ы бұған келіспеген, 14,6%-ы пікір білдірмеген. Жауап бергендердің көпшілігі елге мықты саяси партия керек деп санайды (59,2%). Осылайша жастардың демократия мен авторитаризмге деген көзқарасында қайшылық бар, өйткені олар бір жағынан демократияны қолдағанымен, екінші жағынан күш қолдану мен қатал басшыны таңдап отыр.

Сөз бостандығы – демократия деңгейінің маңызды көрсеткіші. Жастарға «Қазақстанда сөз бостандығы жақсара түскенін байқадың ба» деген сұрақ қойылған. Басым көпшілігі «байқамадық» десе, 20,1%-ы бұқаралық медиада алуан түрлі мақалалар мен баяндамалар жариялана бастағанын айтқан. 18,1%-ы интернеттегі жаңалықтар сайттары едәуір жақсарып қалды десе, 4,6%-ы баспасөзде, телевизия мен радиода оң өзгерістер жүре бастағанын айтқан. Қала жастарының 42,3%-ы мен 24–29 жас аралығындағылардың 45,9%-ы елде сөз бостандығы саласында өзгерістің болғанын байқамағанын айтқан. Бұл ретте де қазақ жастарына қарағанда орыс жастары мен өзбек жастарының наразылығы басымырақ.

4.7 ҮКІМЕТТІҢ МАҚСАТЫ МЕН САЯСАТЫ

Сауалнама нәтижесі жастар арасында патерналистік көңіл-күй өте басым екенін көрсетті. Халық мемлекеттен әлеуметтік қолдау мен көмек күтіп үйренген және үнемі үміттеніп отырады. 1990 жылдардағы экономикалық дағдарыс пен әлеуметтік тапшылық халықты үкіметтен әлеуметтік көмек күтпеуге үйретсе де, бәрібір үкіметтен көмек күтеді. Жастардың басым көпшілігі (79%) үкімет халықтың жағдайын жасауға және қолдауға тиіс деп ойлайды. Жастар саясатқа қызықпайтынын,

салыстырмалы түрде саяси енжарлығын, сондай-ақ жеке күш жұмсамайтынын білдіргенін ескере отырып, Үкіметке мұншалықты үміт артуы ерекше таңғаларлық жағдай. Тұрмыс жағдайын еңбектеніп қана жақсартуға болатынына жастардың 36,7%-ы сенер болса, 37,5%-ы сене қоймайды. Осылайша конфликт туады: жастар мемлекеттен материалдық игілікті көп талап етеді, бірақ өзі әлеуметтік әділдікке қол жеткізуге және өмір стандартын жақсартуға ешқандай әрекет жасамайды. Жастардың Үкіметтен әлеуметтік қолдау көрсетіп, әділдік орнатуды тым көп талап етуі – Кеңестік социалистік заңдардың сарқыншағы. Халықтың социалистік режимге үйренгені мемлекеттің экономикадағы рөліне әлі де әсер етіп отыр. Жастардың 52%-ы мемлекет бизнес пен индустрияға көбірек араласуы керек деп ойлайды, 19,4%-ы ғана бұған келіспейді. Сауалнамаға жауап бергендердің бәсекеге көзқарасы да осы тектес, яғни 42,3%-ы «бәсеке зиян» және адамгершілік қарым-қатынасқа зиянын тигізеді деген. Бұл көрсеткіш Қазақстанда еркін нарық экономикасын көп адам қолдамайтынын білдіреді. Сондай-ақ Қазақстанда әлеуметтік теңсіздіктің өсуін нарықтық экономикамен байланыстырады, себебі – Кеңес дәуірінде ондай теңсіздік болмаған⁴⁹. Байлар мен кедейлердің табыс мөлшеріндегі алшақтық туралы айтсақ, жастардың 66,4%-ы оны азайту керек дейді. 15,8%-ы ғана қысқартуға қарсы, ал 13,9%-ының пікірі бейтарап. Расында, соңғы жылдары байлар мен кедейлердің табысындағы айырмашылық тым қатты өсіп, арасы алшақтап келеді. Бұл өз кезегінде жастардың мемлекет пен оның экономикадағы рөлі туралы көзқарасына әсер етеді. Теңсіздік артқанына қарамастан, сауалнамаға жауап бергендердің 54,3%-ы Қазақстан халқының экономикалық жағдайы келесі онжылдықта жақсара түсетініне кәміл сенеді, ал 10,4%-ы ары қарай нашарлай түседі десе, 24,8%-ы түк өзгеріс болмайды деп белгілеген.

Ауыл жастарының халықтың экономикалық жағдайы туралы пікірі қала жастарымен салыстырғанда жағымды (тиісінше, 68% және 44,1%). Мұндай оптимизм Қазақстанның кейінгі жылдардағы жылына 4,5% экономикалық өсіміне байланысты (2020 жылы SARS-CoV-19 вирусы тарап, локдаун жарияланғанға дейін). Сондай-ақ Қазақстанда соңғы он жылда кедейлер саны азайған, бұл да халықтың келесі он жылдағы экономикалық жағдайына қатысты оптимизм күй тудырады⁵⁰. Сонымен қатар жастардың біраз бөлігі (51,9%) 2019 жылғы Президент сайлауынан кейін жаңа сайланған Президенттен көп үміт күтеді, ал 25,5%-ы жағдай өзгермейді деп санайды, 4,8%-ы жағдай нашарлайды деген пікірде. Жастардың басым көпшілігі көзқарасының оң пікірде болуы жастарға тән өзгерісті күтетіндігінен болса керек. Жалпы, бұл зерттеу барысында жастар келесі онжылдықта саяси және экономикалық өсім болатынына сенім білдірген.

20-СУРЕТ. Келесі онжылдық экономикасына болжам (пайызға шаққанда)



Жастарға «Үкімет кейбір тығыз мәселелерді шешуге қаншалық мән беруі керек» деген сұрақ қойдық. Жастардың басым көпшілігі Үкімет адам құқықтары мен бостандығын қорғауға (88,5%), жастардың жағдайын жақсартуға (88,4%), әлеуметтік әділдік пен теңдік орнатуға (87,9%), қоршаған ортаны қорғауға (88%), жұмыссыздықты азайтуға (86,8%) жемқорлық пен қылмысты азайтуға (85,8%), әйелдердің мәртебесін көтеруге (84,8%) көңіл бөлу керек деп жауап берді. Бұлар, бір жағынан, Қазақстан жастарының күн тәртібіндегі ең үлкен мәселелер. Жастар түрлі салада адам құқығы мен бостандығының

бұзылуымен күресіп келеді. Олар үкімет органдары жастар мәселесін шешіп жатқан жоқ деп ойлайды, ал бұл ой мемлекеттің саясаты мен бағдарламаларының орындалуы және одан күтетін нәтиженің арасында алшақтық тудырады⁵¹. 2016 жылғы мәліметпен салыстыра қарасақ, жастар атаған мәселелердің көбі ұқсас болғанымен, басымдықтарда біраз айырмашылық бар. Мысалы, жастар 2016 жылы Қазақстанның ең үлкен мәселесі ретінде жұмыссыздықты, кедейліктің белең алуын, қоршаған ортаның ластануын атаған. 2020 жылы ең үлкен мәселе ретінде әлеуметтік әділдікті, қоршаған ортаның ластануын атап отыр. Дегенмен сауалнамаға жауап бергендердің көпшілігі адам құқығы мен бостандығын Үкімет назар аударуға тиіс ең үлкен мәселе деп атаған. Мұндай пікір елдегі Президент сайлауына және осы сайлау кезінде адам құқықтарының бұзылғанына байланысты⁵².

2020 жылы жастар алға тартып отырған басты мәселелерінің қатарындағы қоршаған орта мәселесі, жұмыссыздық, жемқорлық мәселелері Үкімет үшін де алдыңғы орында тұр. Жастар – Қазақстандағы әлсіз топ, себебі жастар университет бітірген соң, көп ретте жұмыссыз қалады. Сондай-ақ Қазақстандағы экологиялық жағдайдың нашарлауы да жастарды алаңдатып отыр. Жастардың көпшілігі Қазақстандағы әйелдердің мәртебесіне де алаңдайды. Мұндай мәселелерге басымдық беруіне бұқаралық медиада жұмыссыздық, қоршаған орта мәселесі, әйелдер мәртебесі туралы үнемі айтылуы және осы салалардағы оқиғалардың талқылануы себеп болып отыр. Бұл ретте елдегі жастардың басымдықтары мен қалауы бұқаралық медиадағы жарияланымдар мен елдегі болып жатқан оқиғаларға қарай қалыптасады деп ой түюге болады. Сауалнамаға жауап бергендер атаған өзге де мәселелер қатарында Үкімет Қарулы күштер мен ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге (81,3%), жекеменшікті қорғауға (81%), заңсыз иммиграциямен күресуге (76,6%), экономиканың өсімі мен экономиканың дамуын жақсартуға (84,8%) және ұлттық бірегейлікті жақсартуға тиіс (60,8%) дегендер бар.


4.8 ЖАСТАР ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ БІРЕГЕЙЛІК

Ұлттық бірегейлік – халықтың санасы мен өзін қай ұлтқа жатқызатынын анықтайтын маңызды тұжырым. Ұлттық бірегейліктің маңызды көрсеткіштерінің бірі – мемлекет азаматтарының сол ұлттың өкілі екенін мақтан тұтуы. Жалпы, жауап бергендердің 66,4%-ы Қазақстан азаматы екенін мақтан тұтады. 9,4%-ы ғана мақтаныш тұту себебін таба алмайды. Сауалнама нәтижесі ауылдық жерлердегі қарапайым отбасынан шыққандардың Қазақстан азаматы екенін мегаполис жастарына қарағанда көп

ҚАЗАҚСТАН ҚОҒАМЫНЫҢ БОЛАШАҒЫН ҚАЛАЙ ЕЛЕСТЕТЕСІЗ?

(ПАЙЫЗҒА ШАҚҚАНДА)

■ Бүгінгіден нашар ■ Қазіргідей ■ Қазіргіден жақсы
■ Білмеймін ■ Жауабы жоқ




мақтан тұтатынын көрсетті (тиісінше, 73,5% және 61%). Этнoсына қарай айтсақ, бұл көрсеткіш өзгеріп тұрады. Мақтан тұтатындар өзге этностағыларға қарағанда қазақ жастарының арасында басым.


Адамдардың бірегейлігі әртүрлі болуы мүмкін, сондықтан сауалнамаға қатысушылардан алдымен өзін

кіммін деп санайтынын сұрап алуға мән берілді: «Өзіңізді қаншалық ... санайсыз?». Қорытынды нәтижесі жастардың көп ретте өзінің географиялық ортасын – Отанын, қаласын, ауылын атайтынын көрсетті. Ұлтын атағандар – 87,2%. Атап айтсақ, қазақ жастарының 90,8%-ы алдымен Қазақстан азаматы екенін, сосын облысын айтқан (89,8%). Осылайша


ҮКІМЕТ МЫНА МАҚСАТТАРДЫҢ ӘРҚАЙСЫСЫНА ЖЕТУГЕ ҚАНШАЛЫҚ КӨҢІЛ БӨЛУІ КЕРЕК? (ПАЙЫЗҒА ШАҚҚАНДА)




Ұлттық бірегейлікті қолдауға




Экономикалық өсу мен дамуға




Қылмыс және сыбайлас жемқорлықпен күреске




Заңсыз иммиграциямен күреске




Қарулы күштер мен ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге




Қоршаған ортаны қорғауға




Адам құқықтары мен бостандығын қорғауға




Әлеуметтік әділдік пен әлеуметтік теңдікке




Әйелдердің мәртебесін көтеруге




Жастардың жағдайын жақсартуға




Халық санын өсіруге



Жеке кәсіпорындарды дамытуға



Жұмыссыздықты азайтуға



жалпы халықтың бірегейлігінде жергілікті бірегейліктің маңызы зор екені байқалды (86,7%). Ауыл мен қала жастары ішінде аймақтық бірегейлік басым (тиісінше, 91,1% және 83,4%).





Сонымен қатар ауыл жастары мен қазақ жастары көп ретте мегаполис жастары мен өзге этностарға қарағанда өздерін Қазақстан азаматымыз деп атаған. Ал мегаполис жастары мен өзге этностар өзін «әлем азаматымын»

деп айтқан. Бұл көрсеткіш те жастардың жасына байланысты әртүрлі. 14–24 жас аралығындағылардың 70%-ы өзін «әлем азаматымын» деуге бейім, ал 25–29 жас аралығындағылардың арасында бұл шама – 58,9%. Мұндай көрсеткіш 14–24 жас аралығындағылар арасында жаһандану процесі ересектерге қарағанда терең екенінен болса керек.

Тіл – ұлттық бірегейліктің маңызды белгісі. Қазақстанда

ӨЗІҢІЗДІ ҚАНШАЛЫҚ ... САНАЙСЫЗ? (ПАЙЫЗҒА ШАҚҚАНДА)

■ Санамаймын ■ 2 ■ 3 ■ 4 ■ Толық ■ Жауабы жоқ ■ Білмеймін




қазақ тілінің мәртебесі мен қазақша сөйлеу ұзақ жылдар бойы мемлекеттік саясаттың басты бағыты болып та келді. Үкімет жақында кирилл әліпбиінен латын әліпбиіне көшу идеясын көтерді. Бұл мәселенің кемшіліктері мен артықшылықтары талқыланып бағалануда, алайда пікірлер әлі бір жерден шықпай келеді. Келесі графикадан сауалнама нәтижесіне сәйкес, жастардың 56% әліпби ауыстыруға қарсы екенін, 32,9% қолдайтынын, ал 10,2% жауап беруге қиналғанын байқаймыз. Жастардың бұл мәселені қолдамауына бүкіл құжаттар мен кітаптарды латын әліпбиіне көшіруге қомақты қаражат жұмсалатыны кедергі болса керек. Жастардың көпшілігі Үкімет алдымен бұдан да маңызды мәселелерді, оның ішінде жұмыссыздық, қоршаған ортаны қорғау т.б. мәселелерін шешіп алуы керек деп ойлайды. Латын әліпбиіне көшуді 14–19 жас аралығындағылардың көпшілігі (39,5%), 20–24 жас аралығындағылардың 31,9%-ы және 5–29 жас аралығындағылардың 27,8%-ы қолдайды. Әліпби ауыстыруды мегаполис жастарына қарағанда ауыл жастары қатты қолдайды. Сауалнамаға жауап бергендердің бірі латын әліпбиіне көшу туралы былай деді:

«**Латын әліпбиіне көшу Батыспен жақындасуға деген әлсіз талпыныс қана. Бұл жерде тағы бір сұрақ туады, себебі, менің ойымша, Батыс елдері Орталық Азия елдерімен серіктес болуға қызықпайды.**

Әйел, 20 жаста, студент

21-СУРЕТ. Кирилл әліпбиін латын әліпбиіне өзгертуге қатысты көзқарас (пайызға шаққанда)



5

ОРТАЛЫҚ АЗИЯ ЖӨНІНДЕГІ СЫРТҚЫ САЯСАТ ПЕН ҰСТАНЫМ

5.1 ҚАЗАҚСТАННЫҢ СЫРТҚЫ САЯСАТЫНА КӨЗҚАРАСЫ

Бұл бөлімде Қазақстан жастарының елдің сыртқы саясатына көзқарасы талданды. Атап айтқанда, жастардың елдің халықаралық рөлі мен Орталық Азия аймағындағы рөлін қалай бағалайтыны зерттелді. Зерттеу жұмысы жастардың Қазақстанның сыртқы саясаты мен халықаралық рөлін оң бағалайтынын көрсетті. Дегенмен Қазақстан жастарының босқындар мен иммигранттарды қабылдау сияқты айрықша мәселелердегі пікірі бір арнаға тоғыспайды.

Жалпы, Қазақстанның халықаралық рөлі мен сыртқы саясаты жөнінде біртекті көзқарас жоқ. Жастардың басым көпшілігі елдің халықаралық рөлін күшейту керек деп ойлайды. Жауап бергендердің бірі халықаралық саясатта Қазақстанның нақты пікірі жоқ деді:

« Қазақстанның сыртқы саясат тұржырымдамасын қарасаңыз «Елбасының (Нұрсұлтан Назарбаевтың) ядролық қарусыздану саясатын жалғастырамыз», «осы саясатымызды мақтан тұтамыз», «елімізді бейбітсүйер ел ретінде нығайтамыз» деген сияқты жалпы идеялар, жалпы пікірлер ғана айтылған. Мұны естіп келе жатқанымызға 30 жыл болды, үнемі елде бейбітшілік, аспанымыз ашық т.б. дейді. Бірақ еліміздің мүддесі жөнінде, болашақта не істейтініміз туралы ештеңе естімейміз. Қазіргі кезде өзге елдермен қарым-қатынасымызды қалай құратынымыз туралы нақты саясатты көре алмаймын».

Әйел, 21 жаста, студент

Қазақстанның ұлттық мүддесі туралы және мүддесі жаһандық саясат аясында көп айтылмайтыны туралы пікірмен жастардың 31,8%-ы толық келіседі, 12%-ы келісті. 8,5%-ы ғана бұл пікірмен толық келіспеген, ал 6,2-і мүлде келіспеген. Жауап беруге қиналғандар одан да көп (23,4%). Елдің жаһандық мүддесі туралы айтылмай жүргеніне 25–29 жас аралығындағы жастар толық сенімді (35,4%), бұл көрсеткіш 14–19 жас аралығындағыларда – 28,6%, 19–25 жас аралығындағыларда – 30,9%. Мұндай көрсеткіш осы жастағы жандар білімінің жаһандық істер туралы толыққанды білетінінен болса керек. Қазақстанның ұлттық мүддесі жаһандық саясатта айтылмайды деген пікірге келісетін қазақ жастары (34,5%) мен орыс жастарының (25,6%) көрсеткіші әртүрлі. Қазақстанның халықаралық мәртебесін мақтан тұтатындар – негізінен қазақ жастары. «Жақын болашақта Қазақстанды халықаралық дәрежеде мойындай ма» деген сұрақтың жауабынан да осыған ұқсас нәтижені байқауға болады. Жалпы, жауап бергендердің 27,7%-ы Қазақстанның халықаралық беделі күшейіп келеді десе, 14%-ы осы жауапқа келіскен, 9,8%-ы толық келіспеген, 9,5%-ы мүлде келіспеген. Этносты бойынша айтар болсақ, Қазақстанның болашақтағы беделі туралы қазақ жастары орыс жастарына қарағанда көп ретте оң жауап берген (тиісінше, 49,5% және 26,3%).

Жастардың Қазақстанның халықаралық рөліне берген бағасы этносына байланысты ерекшеленеді. Осы тұста ұлттық бірегейліктің маңызы зор, бұл жастардың Қазақстан азаматы екенін мақтан тұтатыны туралы жауабынан-ақ байқалады. Сауалнамаға сәйкес, жастардың 66,4%-ы азаматтығын мақтан тұтады, 9,4%-ы мақтаныш көрмейді. Қазақ жастары, орыс жастарына қарағанда азаматтығын көбірек мақтан тұтады (тиісінше, 73,4% және 53,5%). Дегенмен сауалнама нәтижесі Қазақстан жастарының ішінде қазақ және орыс жастарының ұлттық бірегейлігі туралы біраз күмән бар екенін айғақтап берді. Бұл жағдай, атап айтқанда, Солтүстік Қазақстан аймағының Ресеймен шектесетінімен, онда орыстардың саны қазақтарға қарағанда басымдау болуымен байланысты. Солтүстік Қазақстан жастарының ішінде Қазақстан азаматы екенін

мақтан тұтатындар саны салыстырмалы түрде тым аз (34,6%). Сол сияқты, украин жастары ішінде де Қазақстан азаматы екенін мақтан тұтатындар аз (37,5%). Керісінше, қазақтар көп тұратын Оңтүстік аймақтарында (Түркістан облысы сияқты) Қазақстан азаматы екенін мақтан тұтатындар көрсеткіші – 76,2%. Бұл дерек – Солтүстік аймақтағы орыс жастарының айтарлықтай бөлігінің қазақстандық бірегейлік туралы күмәні бар екенін көрсететін маңызды көрсеткіш. Қазақстан азаматтығын мақтан тұтатындар өзбек қауымы ішінде де көп (67,8%).


Жастардың халықаралық державаларға көзқарасы мен пікірі әртүрлі және онысы жастардың жасына, тұрғылықты жеріне, этносына байланысты. Төмендегі кестеден жастар ЕО-ға оң көзқарас білдіргенін байқаймыз. Жастардың ойынша, ЕО – оқу мен жұмыс істеуге лайықты, жақсы жер (28,9%). 20,2% жас буын Еуропалық Одақты дос ретінде, 2,1%-ы жау ретінде көреді. Еуропалық Одақты сауалнамаға жауап берушілердің 17,3%-ы демократия құндылықтарының, 15,3%-ы бостандықтың, 13%-ы адам құқықтарының моделі деп біледі.

Сондай-ақ Қазақстан жастарының АҚШ туралы көзқарасы да осы тектес, бірақ ЕО-мен салыстырғанда АҚШ-ты жау ретінде және ықтимал қауіп ретінде бағалайтындар азырақ (тиісінше, 6,6% және 12,3%), ал дос ретінде бағалайтындар салыстырмалы түрде көп – 17%, қолдаушы ретінде көретіндер көрсеткіші – 8%. АҚШ-ты оқу мен жұмыс істеуге салыстырмалы түрде жақсы мүмкіндік беретін ел ретінде бағалайтындар – 27,4%.

Жастардың ЕО мен АҚШ-қа қарағанда Ресей туралы пікірі әлдеқайда жағымды. Ресей деп жауап берушілердің 56,8%-ы дос ретінде, 20,8%-ы «үлкен аға» ретінде⁵³, 23,3%-ы қолдаушы ретінде көреді. Тиісінше, жауап бергендердің басым көпшілігі Ресейге жау немесе қауіп ретінде қарамайды (бұлай қарайтындар саны 0,2% және 2,6%). Бір қызығы, Ресейді демократияны (4,7%), бостандықты (4,6%) дәріптеуші, адам құқығын сақтаушы ел (3,5%) ретінде көретіндер санытым аз.

Бағалаудың ең соңғы орнында Қытай тұр. Қазақстан жастарының көпшілігі Қытайға теріс көзқарас танытады.

22-СУРЕТ. Қазақстанның халықаралық маңызы арта түсетініне сенім (пайызға шаққанда)




Сауалнамаға жауап бергендердің көпшілігі Қытайға жау ретінде (17,9%), ықтимал қауіп ретінде (33,5%) қараған. Керісінше, 14,4%-ы ғана Қытайды дос деп белгілеген. Қытайды қолдаушы (6%) ретінде бағалайтындар да саны аз. Бұл жайт Қытайдың Қазақстанға құйған инвестициясы артып келе жатқанына, Қытайдың Орталық Азияға тартқан Жібек жолының Қазақстан экономикасына тигізген зиянына байланысты болса керек. Ресей сияқты, Қытайды да демократияны (4,3%), адам құқықтары (3,4%) мен бостандығын (3,9%) сақтаушы ел ретінде айтатындар өте аз.

Зерттеу барысында жастарға ЕО, БҰҰ, НАТО, ЕЫҚҰ және Халықаралық валюта қоры сияқты халықаралық ұйымдарға қаншалық сенім білдіретіні жөнінде сұрақ қойылды. Таңғаларлығы, сауалнама нәтижесі жастардың көпшілігінің бұл ұйымдарға сенімі тым төмен екенін көрсетті. Мысалы, ЕО-ға Қазақстан жастарының 27,3%-ы ғана сенім артса, сенбейтіндері – 29,6%. Қазақ жастарына қарағанда (30,6%), орыс жастарының сенімі тым төмен

(19,4%). Жастардың көпшілігі Қазақстан мүше болып отырған БҰҰ-ға да сенім артпайды (сенетіндер – 28,0%), ал 18,5%-ы мүлде сенбейді. Таңғаларлығы, ЕЫҚҰ-ға жастардың 25,5%-ы ғана сенеді. Бұл ұйымға Қазақстан 2010 жылы төрағалық етсе де, жауап бергендердің 31,5%-ы бұл институтқа да сенімсіздігін білдірген. Қазақстан жастарының НАТО мен Халықаралық валюта қорына да сенімі де төмен. 34%-ы НАТО-ға мүлдем сенбейтінін, 25,3%-ы ғана сенім білдіретінін айтқан. Халықаралық валюта қорына артар сенімі де осы көрсеткішке ұқсас: 31,4%-ы сенбейді, 25,3%-ы ғана сенім артады. Қазақстан жастарының халықаралық ұйымдарға сенімінің төмен болуы Батыс елдерінің Ресейге салған санкциясының Қазақстанға жанама әсер еткенінен болса керек⁵⁴.

23-КЕСТЕ. Шетелдер туралы көзқарас (пайызға шаққанда)




5.2 БОСҚЫНДАР МЕН ИММИГРАНТТАРҒА КӨЗҚАРАСЫ

Елдің халықаралық беделі соғыс болып жатқан елдерден келген босқындар мен иммигранттарды қабылдау шарасына байланысты көтерілері анық. Қазақстан экономикалық тұрғыдан аймақтағы жетекші ел ретінде Ауғанстан сияқты елдерден келген босқындар мен мигранттар үшін тартымды болып отыр. Дегенмен Қазақстан қоғамы, оның ішінде жастар елдің босқындарды қабылдауын хош көрмейді. Сауалнама нәтижесі жауап бергендердің 19%-ы ғана Қазақстан босқындарды көп қабылдауы керек деген болса, 49,8%-ы келіспейтінін білдірген. Сонымен қатар жастардың көбі елге шетелдіктердің көп келуіне алаңдайтынын байқатты («қатты алаңдайтындар» – 34,9%, «алаңдайтындар» – 34,3%). Этносты тұрғысынан айтар болсақ, қазақтың, сондай-ақ орыс этносының басым бөлігі елдің босқындарды қабылдауына қарсы екенін айтқан (тиісінше, 50% және 48,8%). Өзбек жастарының пікірі де осы көрсеткішке сай дерлік. 2010 жылғы ұлтаралық қақтығыста, оңтүстігіндегі Ош пен Жалал-Абад облыстарындағы, Өзбекстанмен шекаралас жердегі өзбектердің жағдайы өзбектерді босқындарды қабылдауға мәжбүр еткен болса керек. Дегенмен жауап бергендердің 25%-ы ғана Қазақстан босқындарды көп қабылдауы керек десе, 50%-ы бұл пікірге келіспеген.

«Қазақстан иммигранттарды көп қабылдауы керек пе?» деген сұраққа берілген жауап нәтижесі де осыған ұқсас: жастардың 17,9%-ы ғана мақұлдайтын болса, 49,4%-ы қарсылық танытқан. Атап айтқанда, ерекше қарсы болғандар – 25–29 жас аралығындағылар (56,5%), олардың 15,9%-ы ғана сұраққа оң жауап берген. Этносты тұрғысынан, әсіресе қазақ пен орыс жастары елге иммигранттар көп келмегенін қалайды (50,8% және 48,8%). Ал қазақ жастарының 20%-ы мен орыс жастарының 12,4%-ы ғана «Иә» деп жауап берген. Иммигранттардың көп келуіне қарсы болмаған этнос – өзбек жастары (35,7%) Қазақстан иммигранттарды елге көп кіргізуі керек деген. Бұл жайт елге Өзбекстаннан жұмыс іздеп өзбектер көп келетінімен байланысты болуы мүмкін.

«Шетелде, әсіресе Орталық Азия елдерінде досың бар ма?» деген сұраққа жастардың 14,6%-ы ғана «бар» деп жауап берген. Таңғаларлық жайт, шетелдіктермен дос болуға жастардың барлық тобы ынталы (14–19, 20–24, 25–29). Қазақ жастарына (12,4%) қарағанда, орыс жастарының (16,3%) Орталық Азия елдерінің азаматтарымен дос болу жағдайы көп тіркелді. Алдын ала болжанғандай, этносына қарамастан, қала жастарының, ауыл жастарына қарағанда, шетелде қарым-қатынас орнатқан достар көп екені (18,4% және 9,6%) анықталды. «Орталық Азиялық достарыңмен жиі кездесесің бе?» деген сұраққа көпшілігі «кейде» (32,9%), аз ғана бөлігі (10,3%) «өте жиі» деп жауап берген. Жауап бергендердің көпшілігінің достары


24-КЕСТЕ. Қазақстан босқындарды көп қабылдауы керек пе? (пайызға шаққанда)




Қырғызстан мен Өзбекстанда (48,2% және 51,1%) тұрады. Бұл жайт екі елдің географиялық тұрғыдан жақындығына және ортақ шекарасы бар екеніне байланысты. Қазақстан жастарының ішінде тәжікстандық және түрікменстандық

(8,8% және 13,1%) достары бар жандар аз екені анықталды. Сонымен қатар жауап бергендердің 36,6%-ы Орталық Азия елдеріне саяхаттап барғысы келетінін айтқан.

25-КЕСТЕ. Қазақстан иммигранттарды көп қабылдауы керек пе? (пайызға шаққанда)



26-КЕСТЕ. Орталық Азия халықтарының ортақ құндылығы бар ма? (пайызға шаққанда)




5.3 АЙМАҚТЫҚ ИНТЕГРАЦИЯ

Қазақстанның аймақтық ынтымақтастығы мен болашағы жөнінде жауап бергендердің басым көпшілігі оң көзқарас танытты. Таңғаларлығы, жастардың 52,4%-ы ғана Орталық Азия елдерінің ортақ құндылығы бар десе, 18,5%-ы мұны теріске шығарған. Жастардың көпшілігі бұл сұраққа жауап бере алмаған (28,5%). Қазақ жастарына қарағанда, орыс пен өзбек жастарының көпшілігі, «Орталық Азия елдерінің ортақ құндылығы бар» деп белгілеген (тиісінше сұраққа «иә» деп жауап бергендер: орыс жастары – 61,2%, өзбек жастары – 53,6% және қазақ жастары – 48,4%).

«Қазақстанның Орталық Азия елдерімен ынтымақтастығы Қазақстанға пайдалы ма?» деген сұраққа жауап бергендердің 40,1%-ы «Әрине пайдалы» десе, 24,6%-ы «Ішінара пайдалы» деп көрсеткен. Ал 7,8%-ы «Қазақстанға бұл ынтымақтастықтан ешқандай пайда жоқ» деп белгілеген. Таңғаларлығы, жастардың едәуір бөлігі, атап айтқанда, 26,6%-ы, бұл сұраққа жауап бере алмады. Этностық тұрғыдан: орыс, өзбек жастарының үштен бірінен көбі, қазақ жастарының үштен бірі⁵⁵ сұраққа «Қазақстанға пайдасы жоқ» деп жауап берген немесе жауап бере алмаған. Мұндай нәтижеге жастардың мемлекетаралық ақпараттарға қанық болмауы немесе Қазақстан мен Қырғызстан, Өзбекстан, Ресей ынтымақтастығы белсенді болмауы әсер етіп отыр деуге болады⁵⁶.

27-КЕСТЕ. Қазақстан Орталық Азия елдерімен аймақтық ынтымақтастықтан пайда көре ме?
(пайызға шаққанда)



ҚОРЫТЫНДЫ

Бұл жұмыстың мақсаты – Қазақстан жастарының құндылығын, пікірін, ұстанымын зерттеу. Зерттеуде негізінен 14–29 жас аралығындағы жастар өмірінің түрлі аспектісі қарастырылды. Зерттеу нәтижесі сауалнама арқылы Қазақстан жастарының біртекті сипатын суреттеу мүмкін емес екенін көрсетіп отыр. Сондықтан да жастардың пікірі әртүрлі екенін ескеріп, қандай да бір нақты қорытынды жасауға абай болу керек.

Фридрих Эберт қоры жүргізген 2016 жылғы зерттеу нәтижесімен салыстырғанда, Қазақстан жастарының саясатқа, этностық топтарға, дінге деген сенім көрсеткіші біршама төмендегені анықталды.

Жалпы, орыс жастарына қарағанда, қазақ жастарының өзге әлеуметтік топтарға толеранттық таныта қоймайтыны байқалады. Сондай-ақ дәстүрлі құндылықтарды ауыл жастары қала жастарына қарағанда бекем ұстанатынын да жоққа шығаруға болмайды. Бұл жайт, әсіресе некеге, ЛГБТК+-ға, жасанды түсік пен секске көзқарасынан анық көрінеді. Бір жағынан, жастардың отбасына, туысқандарына, достарына көзқарасы бұған дейінгі сауалнама нәтижесінен соншалық алшақтап өзгере қоймаған. Дәл 2016 жылғы зерттеу сауалнамасына берген жауаптарындағыдай, өзге этностарға, өзге дін өкілдері мен әлеуметтік топтарға қарағанда, өз отбасындағы жақын туыстары мен достарына көбірек сенім артатыны тағы да нақтыланды. Олар отбасы және достарымен бейресми қарым-қатынасын өзге институттарға қарағанда әлдеқайда сенімді деп біледі.

Бұл зерттеу Қазақстан жастары саясатқа араласпайтынын көрсетіп отыр. Мемлекеттің ішкі саясаты мен халықаралық саясатқа жастардың аз бөлігі ғана, ал үштен бірі ғана жергілікті саясатқа қызығатынын айтқан. Яғни саяси белсенді болған, оның ішінде

петицияға қол қойып, демонстрацияға қатысқан, саяси партияға мүше болған жастар тым аз. Қазақстан жастары еріктілер қатарында болуға ынталы және үкіметтік емес ұйымда жұмыс істеуге бейіл. Бұл Қазақстанда субъектив мәдениет жоғары емес екенін және халық саясатқа етене араласпайтынын көрсетеді. Жастар отбасында саясат жөнінде әңгімелеспейді, саяси көзқарасын ата-анасына білдірмейді. Бұл Қазақстанда жастардың әлеуметтенуінде отбасының рөлі жоғары екенін айғақтайды. Сондай-ақ жастардың, оның ішінде қала жастары саяси ақпаратты көп ретте интернеттен оқитыны, интернет негізгі ақпарат көзі болып жатқаны байқалды.

Жастардың саяси институттарға сенім көрсеткіші жөнінде айтар болсақ, ел Президентіне сенімі биліктің өзге институттарына деген сенімінен жоғары екенін анықталды. Сондай-ақ еріктілер қозғалыстары мен ұйымдарына зор сенім артатыны белгілі болды. Мұның себебі – жастар арасында еріктілер қозғалысы мен ұйымдарының танымалдығы артып келе жатқанынан десек қателеспейміз. Жастардың қоғамдағы құндылықтары да өсіп жатқаны байқалған. Еріктілер ұйымы жастардың қоғамдық өмірге араласуына жол ашып жатқандай.

Сауалнама нәтижесі жастар арасында патерналистік сезім жоғары екенін көрсетті. Олардың көпшілігі мемлекеттің бизнеске ықпалы артуы керек және халықты үнемі қолдауға тиіс деп біледі. Бұл жайт – жастардың Кеңес дәуірінде туып-өскен, Үкіметтен көмек күтіп үйренген ата-анасының құндылықтарын сіңіргенінің көрінісі. Сонымен қатар жастар Үкімет мәселелерді шешуде белсенді жұмыс істемей отыр деп санайды. Ал мұндай ой Үкіметтің жастарға арналған бағдарламаларының орындалуы мен сол бағдарламалар

нәтижесі арасында алшақтық бар екенін көрсетеді.

Жастар адам құқықтарының сақталуын, қауіпсіздік, теңдік пен демократияны жақтайды. Алайда Қазақстанда барлық әлеуметтік топтың құқығы тең қорғалмаған деп санайды. Олардың пікірінше, халықтың кедей бөлігі мен мүмкіндігі шектеулі жандардың құқығы аз қорғалған. Жалпы, жастар құқықтарының қорғалу жайына риза емес. Үкімет жастардың мүддесін ескермей отыр, жастардың дауысын Үкіметке жеткізуге жағдай жасалмаған дейді.

Қазақстанда миграция мәселесі – өзекті мәселе. Жастардың көпшілігі шетелде оқығысы, жұмыс істегісі келеді. Эмиграцияға кетуге тартымды мемлекет – Америка Құрама Штаттары мен Батыс Еуропа елдері екені анықталды. Сондай-ақ, әсіресе орыс жастарының Ресей Федерациясына қоныс аударғысы келетіндері өтекөп.

Зерттеу барысында жастардың державалар, халықаралық ұйымдар, аймақтағы көршілес мемлекеттер туралы пікірі де сұралды. Сауалнама сұрақтарына берілген жауаптар әртүрлі болса да, жастар Қазақстанның халықаралық мәртебесіне көп көңіл бөлетіні байқалды. Басым көпшілігі, әсіресе қазақжастары, елдің халықаралық мәртебесін көтере түсу керек деп біледі. Елдің болашағы туралы қазақ жастарының пікірі, орыс жастарына қарағанда оптимизмге толы. Ұлттық бірегейлік жөнінде де осындай көзқарас бар екенін айтып өткен жөн. Мұны қазақ жастары мен орыс жастары Қазақстан азаматы екенін қаншалық мақтан тұтатыны жөніндегі жауабынан да көруге болады. Сондай-ақ сауалнама нәтижесі арқылы Қазақстан жастарының бір бөлігінің, әсіресе орыс жастарының, ұлттық бірегейлік жөніндегі сенім көрсеткіші төмен екені анықталды. Бұған Ресей саясаткерлері осыған дейін де, қазір де территориялық амбициясы туралы оқтын-оқтын сөз қозғап отыратыны әсер етсе керек. Бұл мәселеге ерекше назар аудару керек. Себебі бұған дейін де айтып өткеніміздей, елдің солтүстік аймағындағы орыс жастарының едәуір бөлігінің бойына азаматтығына қатысты психологиялық сенімсіздік ұялаған, күдік пен күмәндану басым. Батыс елдерінің халықаралық ұйымдары мен үкіметтерінің халықаралық аренадағы іс-әрекеті Қазақстан жастары арасында осы ұйымдар мен мемлекеттерге деген позитив көзқарас қалыптастырған. Екінші тараптан, жастардың Қытайға қарсылығы күшейе түскен. Тағы бір айта кетер жайт, жастар арасында босқындарды қолдайтынлар саны өте көп екені байқалды.

1-ҚОСЫМША: ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ДЭБИЕТ

Abortion statistics in Kazakhstan remains alarming. KazInform, 10.09.2009, https://www.inform.kz/en/abortion-statistics-in-kazakhstan-remains-alarming_a2196774

Agadjanian, Victor. Post-Soviet demographic paradoxes: Ethnic differences in marriage and fertility in Kazakhstan. *Sociological Forum*, 14(3), 1999: 425-446.

Agrawal, Pradeep. Economic growth and poverty reduction: Evidence from Kazakhstan. *Asian Development Review*, 24(2), 2007: 90-115.

Beggs, John J., Valerie A. Haines and Jeanne S. Hurlbert. Revisiting the Rural-Urban Contrast: Personal Networks in Nonmetropolitan and Metropolitan Settings. *Rural sociology*. 61(2), 1996: 306-325.

Beimenbetov, Serik. Perspektiven und Entwicklungslinien in Zentralasien. In Sebastian Mayer, Jakob Lempp, Alexander Brandt (Eds.), *Die politischen Systeme Zentralasiens*, Springer VS, Wiesbaden, 2020: 359-374.

Beimenbetov, Serik. Disabling Public Discontent: The 2021 Parliamentary Elections in Kazakhstan, *CAP Papers*, 250, <https://centralasiaprogram.org/archives/19032>

Bissenova, Alima. Social change unsettles Kazakhstan. *Current History*, 118 (810), 2019: 271-275.

Brauer, Birgit. Calls for Police Reform in Kazakhstan after Murder of Olympic Medallist Denis Ten, *The Jamestown Foundation. Eurasian Daily Monitor*, August 9, 2018, <https://jamestown.org/program/calls-for-police-reform-in-kazakhstan-after-murder-of-olympic-medalist-denis-ten/>

Charness, Gary, and Uri Gneezy. Strong evidence for gender differences in risk taking. *Journal of Economic Behavior & Organisation*, 83 (1), 2012: 50-58.

Fimyar Olena, Yakavets Natalia, Bridges David, Educational Reform in Kazakhstan: The Contemporary Policy Agenda. In David Bridges (Ed.), *Education Reform and Internationalisation. The Case of School Reform in Kazakhstan*, Cambridge University Press, 2014: 53-70

Friedrich Ebert Stiftung, *Youth in Central Asia: Kazakhstan*. Based on a Sociological Survey, Almaty, 2016.

Groce, Skalamera Morena. Political Transition on the Great Steppe: The Case of Kazakhstan. *Survival*, 62(1), 2020: 157-168.

Junisbai, Barbara and Azamat Junisbai. Are Youth Different? The Nazarbaev Generation and Public Opinion. In Marlene Laruelle (Ed.), *The Nazarbaev Generation. Youth in Kazakhstan*, Lexington Books, 2019: 25-48.

Kesici, Ozgecan. The dilemma in the nation-building process: The Kazakh or Kazakhstani nation. *Journal on Ethnopolitics and Minority Issues in Europe*, 10(1), 2011: 31-58.

Kim Cheng Low, P. The value of diversity: the Kazakhstan perspective. *Journal of Management Development*, 26 (7), 2007: 683-699.

Laruelle, Marlene. Introduction. The Nazarbayev Generation: A Sociological Portrait. In Laruelle, Marlene (Ed.), *The Nazarbayev Generation: Youth in Kazakhstan*. Maryland: Lexington Books, 2019: 1-22.

Meidlinger, Peter C. and Debra A. Hope. Differentiating disclosure and concealment in measurement of outness for sexual minorities: The Nebraska Outness Scale. *Psychology of Sexual Orientation and Gender Diversity*, 1(4), 2014: 489-497.

Michaels, Paula A. An Ethnohistorical Journey through Kazakh Hospitality. In Jeff Sahadeo and Russel Zanca (Eds.), *Everyday life in Central Asia: Past and Present*, Indiana University Press, 2007: 145-159.

Nurzhanova, G. I., S. U. Niyazbekova, A. A. Nurpeisova, Z. A. Imangozhina and D. E. Satenova. Youth labor market analysis and assessment of the Republic of Kazakhstan. *International Scientific Conference "Far East Con" (ISCFEC 2020)*, Atlantis Press, 2020: 360-366.

Podoprigora, Roman. Religion in Kazakhstan: A general view. *Brigham Young University Law Review*, 2, 1999: 581-588.

Sagintayeva, Aida and Zakir Zhumakulov. Kazakhstan's Bolashak Scholarship Program. *International Higher Education*, 79, 2015: 21-23.

Shahbaz, Muhammad, Mita Bhattacharya and Mantu Kumar Mahalik. Finance and income inequality in Kazakhstan: evidence since transition with policy suggestions. *Applied Economics*, 49(52), 2017: 5337-5351.

Sharipova, Dina. State Reforms and Informal Payments in Secondary Education of Kazakhstan. *Central Asian Affairs*, 7(2), 2020: 175-195.

Soros Foundation. *Unacknowledged and unprotected: lesbian, gay, bisexual and transgender people in Kazakhstan*, Almaty, 2009, https://www.soros.kz/wp-content/uploads/2010/05/2013_09_04_04_43_19_269.pdf

Violations by Kazakhstan of the Right of Transgender Persons to Legal Recognition of Gender Identity Submitted for consideration at the 117th Session of the Human Rights Committee Geneva, June-July 2016, https://tbinternet.ohchr.org/Treaties/CCPR/Shared%20Documents/KAZ/INT_CCPR_CSS_KAZ_24305_E.pdf

Voloshin, George. Western Sanctions against Russia Leave Kazakhstan Exposed. *The Jamestown Foundation, Eurasian Daily Monitor*, 10.10.2018, <https://jamestown.org/program/western-sanctions-against-russia-leave-kazakhstan-exposed/>

Закон Республики Казахстан «О внесении изменения и дополнений в Закон Республики Казахстан «О политических партиях». https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=33966664

Мироглов, Александр. Атака алматинского стрелка: что творилось на улицах во время теракта, *Sputnik News*, 18.07.2018, <https://ru.sputnik.kz/columnists/20180718/6479800/almatinskij-strelok-den-terakta.html>;

Рустами, Сухроб. Центральная Азия – несложившаяся интеграция? *Central Asian Analytical Network (CAAN)*, 04.06.2020, <https://www.caan-network.org/archives/19909>

Фонд им. Фридриха Эберта, *Молодежь Центральной Азии*, Almaty, 2016, <http://library.fes.de/pdf-files/bueros/kasachstan/13342.pdf>

2-ҚОСЫМША: СІЛТЕМЕЛЕР

1. Marlene Laruelle, Introduction. The Nazarbayev Generation: A Sociological Portrait. In Marlene Laruelle (Ed.), *The Nazarbayev Generation: Youth in Kazakhstan*. Rowman & Littlefield. 2019: 2
2. *The Nazarbayev Generation: Youth in Kazakhstan*. Rowman & Littlefield, 2019
3. *Youth in Central Asia: Kazakhstan. Based on a Sociological Survey*, Almaty, 2016
4. «Фридрих Эберт қорының Жастарды зерттеу» халықаралық жастарды зерттеу жобасы – Шығыс, Оңтүстік-Шығыс Еуропада, Кавказда, Орталық Азияда жүргізілетін жоба. Жобаның басты мақсаты – жастардың қоғамдық құбылыстарға көзқарасын анықтау, сипаттау, талдау. Қараңыз: Ресей жастарын зерттеу – <https://www.fes.de/jugendstudien-russland>
5. <https://stat.gov.kz/api/getFile/?docId=ESTAT332677>
6. Alima Bissenova, Social change unsettles Kazakhstan. *Current History*, 118 (810), 2019: 271–275
7. Сонда., 274
8. Aida Sagintayeva and Zakir Zhumakulov, Kazakhstan's Bolashak Scholarship Program. *International Higher Education*, 79, 2015: 21–23
9. *Youth in Central Asia: Kazakhstan. Based on a Sociological Survey*, Friedrich-Ebert-Stiftung, Almaty, 2016
10. *Youth in Central Asia: Kazakhstan*, 101. Өзге діни топөкілдеріне қала жастарына қарағанда ауыл жастарының сенімі берік екені байқалды
11. Барбара мен Азамат Жүнісбайдың Қазақстан жастарының саяси көзқарасы жөніндегі зерттеу жұмысы 18–29 жас аралығындағы жастардың басым көпшілігі Қазақстан қоғамына тән непооптизм мен отбасы дәстүріне аз ұшырағанын көрсетіп отыр. Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев биліктен кеткенге дейін тәрбиеленген бұл буын Қазақстанда бір адамға табыну режиміне және сонымен байланысты саясат пен практикаға көбірек мойынсұнады. Қараңыз: Junisbai, Barbara, and Azamat Junisbai. Are youth different? The Nazarbayev generation and public opinion in Kazakhstan. *Problems of Post-Communism*, 67 (3), 2020: 251–263

12. *Youth in Central Asia: Kazakhstan*, 112. 2016 жылы қала жастарының көршілеріне сенімі ауыл жастарына қарағанда жоғарырақ болған
13. Paula A. Michaels, An Ethnohistorical Journey through Kazakh Hospitality. In Jeff Sahadeo and Russel Zanca (Eds.), *Everyday life in Central Asia: Past and Present*, Indiana University Press, 2007: 145–159
14. *Youth in Central Asia: Kazakhstan*. 100. Зерттеу жұмыстарының нәтижесі сауалнамаға жауап бергендер отбасындағы жақын туыстарына көбірек, діни және саяси басшыларға соншалық сене бермейтінін көрсеткен. Алыс туыстары мен достарына да сенімі салыстырмалы түрде жоғары
15. *Youth in Central Asia: Kazakhstan*, 102
16. «Қазақшалау» саясаты жөнінде қараңыз: Juldyz Smagulova, Language policies of Kazakhization and their influence on language attitudes and use. In Aneta Pavlenko (Ed). *Multilingualism in post-Soviet countries*, Multilingual Matters. 2008: 166–201
17. «Елеусіз және қорғансыз: Қазақстандағы лесбияндар, гейлер, бисексуалдар мен трансгендерлер», Сорос Қоры, Алматы, 2009, қараңыз: https://www.soros.kz/kk/unacknowledged_and_unprotected/
18. Қазақстанда әйелдер этносы, діні, саяси көзқарасы бойынша неліктен дискриминацияға көп ұшырайтынын бұдан ары терең зерттеу қажет. Өкінішке қарай, осы мәселені мәлімет аз болғандықтан зерттей алмадық. Бұл тақырып әдебиеттерде де аз қарастырылған. Зерттеу барысы мұның бір себебі – жұмыс ортасында ерлерд көп және Қазақстанда ерлер рөлі басым болуынан екенін айғақтайды. Тақырыпты терең қарастыру үшін қараңыз: P. Kim Cheng Low, The value of diversity: the Kazakhstan perspective. *Journal of Management Development*, 26 (7), 2007: 683–699
19. Бұл мәлімет Қазақстанда ЛГБТ-ға дискриминация жоқ секілді көрсетуі мүмкін, яғни Сорос қорының бұған дейінгі зерттеу нәтижесі рас болуы мүмкін. Дискриминацияның көрінбеуінің басты себебі – ЛГБТ өкілдерінің өздерін халық танып қоюынан қорқу сезімі болуы мүмкін. Осы мәселені зерттеу үшін қараңыз: Meidlinger, Peter C., and Debra A. Hope. Differentiating disclosure and concealment in measurement of outness for LGBTQ+ people: The Nebraska Outness Scale. *Psychology of Sexual Orientation and Gender Diversity*, 1 (4), 2014: 489–497
20. Фридрих Эберт қорының 2016 жылғы зерттеу нәтижесін саралағанда, қазақ жастарының 60,4%-ы, орыс жастарының 45%-ы гетеросексуал некені қолдамаған. Қараңыз: *Youth in Central Asia. Based on a sociological survey*, 104
21. Violations by Kazakhstan of the Right of Transgender Persons to Legal Recognition of Gender Identity Submitted for consideration at the 117th Session of the Human Rights Committee Geneva, June-July 2016, қараңыз: https://tbinternet.ohchr.org/Treaties/CCPR/Shared%20Documents/KAZ/INT_CCPR_CSS_KAZ_24305_E.pdf
22. Abortion statistics in Kazakhstan remains alarming, *KazInform*, 10.09.2009, қараңыз: https://www.inform.kz/en/abortion-statistics-in-kazakhstan-remains-alarming_a2196774
23. Агаджанианның пікірінше, 1990 жылдары қазақ жастарының орташа неке жасы 21,7 жас болған. Қараңыз: Victor Agadjanian, Post-Soviet demographic paradoxes: Ethnic differences in marriage and fertility in Kazakhstan. *Sociological Forum*, 14 (3), 1999: 425–446, 429
24. Marlene Laruelle, Introduction. The Nazarbayev Generation: A Sociological Portrait, 10
25. Podoprigora, Roman, Religion in Kazakhstan: A general view. *Bingham Young University Law Review*, 2, 1999: 581–588
26. Laruelle, Marlene, Introduction. The Nazarbayev Generation: A Sociological Portrait, 2
27. Serik Beimenbetov, Perspektiven und Entwicklungslinien in Zentralasien, In Sebastian Mayer, Jakob Lemmp, Alexander Brandt (Eds.), *Die politischen Systeme Zentralasiens*, Springer VS, Wiesbaden, 2020: 359–374, here: 370; Skalamera Morena Groce, Political Transition on the Great Steppe: The Case of Kazakhstan. *Survival*, 62 (1), 2020: 157–168
28. Marlene Laruelle, Introduction. The Nazarbayev Generation: A Sociological Portrait, 3
29. Maia Chankseliani, Sophia Gorgodze, Simon Janashia, and Kairat Kurakbayev. Rural disadvantage in the context of centralised university admissions: a multiple case study of Georgia and Kazakhstan. *Compare. A Journal of Comparative and International Education*, 50 (7), 2020: 995–1013; D. Sharipova, State Reforms and Informal Payments in Secondary Education of Kazakhstan. *Central Asian Affairs*, 7 (2), 2020: 175–195
30. Емтихан – студенттердің академиялық оқу жылынан кейін оқу үлгерімінің жиынтық бағасын қорыту үшін тапсыратын емтиханы. Қазақстанда оқу үлгерімі 1-ден 5-ке дейінгі баға бойынша бағаланады.
31. Қараңыз: Olena Fimyar, Natalia Yakavets, David Bridges, Educational Reform in Kazakhstan: The Contemporary Policy Agenda. In David Bridges (Ed.), *Education Reform and Internationalisation. The Case of School Reform in Kazakhstan*, Cambridge University Press, 2014: 53–70
32. D. Sharipova., State Reforms and Informal Payments in Secondary Education of Kazakhstan. *Central Asian Affairs*, 7 (2), 2020: 175–195
33. *Youth in Central Asia: Kazakhstan. Based on a Sociological Survey*, 21
34. Бұл да сонда
35. G. I. Nurzhanova, S. U. Niyazbekova, A. A. Nurpeisova, Z. A. Imangozhina, and D. E. Satenova. Youth labor market analysis and assessment of the Republic of Kazakhstan. In *International Scientific Conference «Far East Con» (ISCFEC 2020)*, Atlantis Press, 2020: 360–366
36. Бұл да сонда
37. Gary Charness, and Uri Gneezy. Strong evidence for gender differences in risk taking. *Journal of Economic Behavior & Organisation* 83 (1), 2012: 50–58
38. John J. Beggs, Valerie A. Haines, and Jeanne S. Hurlbert. Revisiting the Rural-Urban Contrast: Personal Networks in Nonmetropolitan and Metropolitan Settings. *Rural sociology*, 61 (2), 1996: 306–325
39. Александр Мироглов, Атака алматинского стрелка: что творилось на улицах во время теракта, *Sputnik News*, 18.07.2018, <https://ru.sputnik.kz/columnists/20180718/6479800/almatinskij-strelok-den-terakta.html>
40. Birgit Brauer, Calls for Police Reform in Kazakhstan after Murder of Olympic Medallist Denis Ten, *The Jamestown Foundation. Eurasian Daily Monitor*, August 9, 2018, <https://jamestown.org/program/calls-for-police-reform-in-kazakhstan-after-murder-of-olympic-medallist-denis-ten/>
41. Roman Podoprigora, Religious freedom and human rights in Kazakhstan. *Religion, State & Society*, 31(2), 2003: 123–132; Manarbek M. Koishibayev, Yelena L. Nechayeva and Vladimir M. Kapitsyn. National plans to ensure the rights of persons with disabilities in Kazakhstan—amendments to the legislation. *Disability & Society*, 35 (8), 2020: 1355–1359
42. On the Margins. Education for Children with Disabilities in Kazakhstan, <https://www.hrv.org/report/2019/03/14/margins/education-children-disabilities-kazakhstan>
43. *Youth in Central Asia: Kazakhstan. Based on a Sociological Survey*, Chapter 5
44. M. Kent Jennings, Laura Stoker and Jake Bowers. Politics across generations: Family transmission reexamined. *The Journal of Politics* 71(3), 2009: 782–799

45. *Youth in Central Asia: Kazakhstan. Based on a Sociological Survey*, 169
46. *Youth in Central Asia: Kazakhstan. Based on a Sociological Survey*, 137
47. Қазақстан Республикасындағы Саяси партиялару туралы заңға өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы ҚР заңы, қараңыз https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=33966664
48. *Youth in Central Asia: Kazakhstan. Based on a Sociological Survey*, 128–129
49. M. Shahbaz, M. Bhattacharya and M. K. Mahalik, Finance and income inequality in Kazakhstan: evidence since transition with policy suggestions. *Applied Economics*, 49 (52), 2017: 5 337–5 351
50. Pradeep Agrawal, Economic growth and poverty reduction: Evidence from Kazakhstan. *Asian Development Review* 24 (2), 2007: 90–115
51. Қараңыз: Концепция Государственной молодежной политики Республики Казахстан до 2020 года «Казахстан 2020: путь в будущее», <https://www.enbek.kz/docs/ru/node/163>
52. Serik Beimenbetov, Disabling Public Discontent: The 2021 Parliamentary Elections in Kazakhstan, in: CAP Papers, 250, <https://central-asiaprogram.org/archives/19032>
53. The term «big brother» is used here in the sense of «older» brother
54. Due to Kazakhstan's close involvement in the Moscow-led Eurasian Economic Union as well as the Collective Security Treaty Organisation, the current and possible further Western sanctions against Russia are highly worrying for Kazakhstan. For discussion, please see: George Voloshin, Western Sanctions against Russia Leave Kazakhstan Exposed, in: *The Jamestown Foundation, Eurasian Daily Monitor*, 10.10.2018 (<https://jamestown.org/program/western-sanctions-against-russia-leave-kazakhstan-exposed/>)
55. Қырғыз жастары «жоқ» немесе «иә» деп қана жауап берген. Сондықтан талдау барысында қырғыз жастарының жауабы ескерілмеді.
56. Аймақ сарапшыларының, журналистер мен блогерлердің ынтымақтастық туралы, оның ішінде, ең алдымен, сауда қатынасындағы кемшіліктер мен кедергілер туралы есебіндегі, тіпті COVID-19 вирусы тарағаннан кейінгі жүк тасымалы мен саяхатқа шектеу қойылғанға дейінгі мәліметтер бір-біріне қарама-қарсы келеді. Қараңыз: Сухроб Рустами, Центральная Азия – несложившаяся интеграция? *Central Asian Analytical Network (CAAN)*, 04.06.2020, <https://www.caa-network.org/archives/19909>
22. 5-КЕСТЕ.
Өзге дін өкілдеріне сенім деңгейі, жасына қарай (пайызға шаққанда)
23. 6-КЕСТЕ.
Саяси көзқарасы бөлек тұлғаларға сенім деңгейі; жауап берушінің ұлтына, тұрғылықты жеріне қарай (пайызға шаққанда)
24. 7-КЕСТЕ.
Көршілеріне сенім деңгейі; жауап берушінің ұлтына, жынысына, тұрғылықты жеріне қарай (пайызға шаққанда)
26. 8-КЕСТЕ.
Жынысы мен этносына қарай дос болуға дайындық деңгейі (пайызға шаққанда)
26. 9-КЕСТЕ.
Жасына қарай дос болуға дайындық деңгейі (пайызға шаққанда)
27. 10-КЕСТЕ.
Ықтимал көршілері туралы көзқарас (пайызға шаққанда)
27. 11-КЕСТЕ.
Босқындармен көрші тұруға қатысты көзқарас (пайызға шаққанда)
28. 12-КЕСТЕ.
Роман тектес отбасымен көрші тұруға қатысты көзқарас (пайызға шаққанда)
29. 13-КЕСТЕ.
ЛГБТК+ өкілімен көрші болуға қатысты көзқарас (пайызға шаққанда)
29. 14-КЕСТЕ.
Есіртікті тұтынушыларға қатысты көзқарас (пайызға шаққанда)
29. 15-КЕСТЕ.
Батыс еуропалықтармен көрші болуға қатысты көзқарас (пайызға шаққанда)
30. ИНФОГРАФИКА
Жалпы, мына тізімдегі адамдар мен ұйымдарға қаншалық сенім білдіресіз? (пайызға шаққанда)
31. 16-КЕСТЕ.
Саяси көшбасшыларға сенімі (пайызға шаққанда)
32. 2-СУРЕТ.
Жастардың жалпы сенім деңгейі (пайызға шаққанда)
32. 17-КЕСТЕ.
Дискриминацияға ұшырау жиілігі (пайызға шаққанда)
33. 18-КЕСТЕ.
Ұлты бойынша дискриминация (ұлты, жасы, жынысы, тұрғылықты жері бойынша) (пайызға шаққанда)
33. 19-КЕСТЕ.
Дініне қарай дискриминация (пайызға шаққанда)
34. ИНФОГРАФИКА
Мына мәселелер бойынша дискриминацияға ұшырап көрдіңіз бе? (пайызға шаққанда)
35. 3-СУРЕТ.
... қатысты көзқарас (пайызға шаққанда)

3-ҚОСЫМША: КЕСТЕЛЕР МЕН СУРЕТТЕР ТІЗІМІ

15. 1-КЕСТЕ.
Елдегі 14–29 жас аралығындағы жастардың жынысы, облысы, тұрғылықты жері бойынша үлесі
16. 2-КЕСТЕ.
Іріктеу көрсеткіші
16. 3-КЕСТЕ.
Жынысы мен тұрғылықты жеріне қарай үлесі
17. 1-СУРЕТ.
Жасы бойынша үлесі
22. 4-КЕСТЕ.
Өзге этнос өкілдеріне сенім деңгейі (пайызға шаққанда)

36. 20-КЕСТЕ.
Пара алу мен пара беруге көзқарас (пайызға шаққанда)
36. 21-КЕСТЕ.
Гомосексуалдыққа көзқарас (пайызға шаққанда)
38. ИНФОГРАФИКА
Болашақ жар таңдағанда мына факторлар қаншалық маңызды деп ойлайсыз? (пайызға шаққанда)
40. 4-СУРЕТ.
Өмірлік серігіне қояр талабы (пайызға шаққанда)
41. ИНФОГРАФИКА
Қай діни конфессия өкілісіз?
41. 22-КЕСТЕ.
Дінге көзқарас (пайызға шаққанда)
42. ИНФОГРАФИКА
Дін туралы көзқарасыңыз қандай?
43. 5-СУРЕТ.
Жастардың интернетті қолдануы (пайызға шаққанда)
44. 6-СУРЕТ.
Демалыс түрлері (пайызға шаққанда)
45. ИНФОГРАФИКА.
Мына істермен шұғылдануға орта есеппен қанша уақыт жұмсайсыз? (пайызға шаққанда)
49. 7-СУРЕТ.
Білім деңгейі (пайызға шаққанда)
51. ИНФОГРАФИКА
Шетелде оқуға (оқуыңызды жалғастыруға) мүмкіндігіңіз болса, қай елді таңдар едіңіз? (пайызға шаққанда)
52. ИНФОГРАФИКА
Еліңіздегі жастардың жұмыс табуында мына факторлар қаншалық маңызды рөл атқарады? (пайызға шаққанда)
53. 8-СУРЕТ.
Жұмысқа орналасу деңгейі (пайызға шаққанда)
53. 9-СУРЕТ.
Жастардың экономика секторлары бойынша жұмысы (пайызға шаққанда)
54. 10-СУРЕТ.
Жұмыс істеу секторын таңдау (пайызға шаққанда)
54. 11-СУРЕТ.
Жұмысқа орналасудағы маңызды факторлар (пайызға шаққанда)
54. 12-СУРЕТ.
Жастар еріктілер ұйымдары (пайызға шаққанда)
56. 13-СУРЕТ.
Өзге елге көшуіңіздің басты себебі не? (пайызға шаққанда)
57. ИНФОГРАФИКА
Шетелге алты айдан астам уақытқа баруға (көшуге) ниетіңіз қаншалықты күшті?
59. ИНФОГРАФИКА
Мына мәселелер қаншалық алаң тудырады? (пайызға шаққанда)
62. 14-СУРЕТ.
Саясатқа қызығу деңгейі (пайызға шаққанда)
63. 15-СУРЕТ.
Саяси оқиғалардан хабардар болуға септесетін негізгі көздер (пайызға шаққанда)
63. 16-СУРЕТ.
Парламент сайлауында дауыс бергендер (пайызға шаққанда)
64. 17-СУРЕТ.
Парламент сайлауында, құқығы болса, дауыс бергісі келгендер (пайызға шаққанда)
66. 18-СУРЕТ.
Саяси пікір білдірудің амалы көп. Сіз қай амалмен пікір білдіріп, саяси шараларға қатысып көрдіңіз? (пайызға шаққанда)
67. ИНФОГРАФИКА
Қазақстандағы демократияның деңгейіне көңіліңіз тола ма? (пайызға шаққанда)
67. 19-СУРЕТ.
Демократияны биліктің жақсы жолы деп санау (пайызға шаққанда)
69. 20-СУРЕТ.
Келесі онжылдық экономикасына болжам (пайызға шаққанда)
70. ИНФОГРАФИКА
Қазақстан қоғамының болашағын қалай елестетесіз? (пайызға шаққанда)
71. ИНФОГРАФИКА
Үкімет мына мақсаттардың әрқайсысына жетуге қаншалық көңіл бөлуі керек? (пайызға шаққанда)
72. ИНФОГРАФИКА
Өзіңізді қаншалық ... санайсыз? (пайызға шаққанда)
73. 21-СУРЕТ.
Кирилл әліпбиін латын әліпбиіне өзгертуге қатысты көзқарас (пайызға шаққанда)
76. 22-СУРЕТ.
Қазақстанның халықаралық маңызы арта түсетініне сенім (пайызға шаққанда)
77. 23-КЕСТЕ.
Шетелдер туралы көзқарас (пайызға шаққанда)
78. 24-КЕСТЕ.
Қазақстан босқындарды көп қабылдауы керек пе? (пайызға шаққанда)
79. 25-КЕСТЕ.
Қазақстан иммигранттарды көп қабылдауы керек пе? (пайызға шаққанда)
79. 26-КЕСТЕ.
Орталық Азия халықтарының ортақ құндылығы бар ма? (пайызға шаққанда)
80. 28-КЕСТЕ.
Қазақстан Орталық Азия елдерімен аймақтық ынтымақтастықтан пайда көре ме? (пайызға шаққанда)

ИМПРИНТ

ЖАРИЯЛАУШЫ: Қазақстандағы Фридрих Эберт қоры
Қазақстан, Алматы 050010, Достық даңғылы, 43-үй,
405 кеңсе
+7 727 291 41 08
www.kazakhstan.fes.de
info@fes.kz

ЖАУАПТЫ: Толғанай Үмбетәлиева

БАЙЛАНЫС: Қазақстандағы Фридрих Эберт қоры,
info@fes.kz

АВТОРЛАР: Дина Шарипова, Ph.D

Серік Бейменбетов, Ph.D

РЕДАКТУРА: Данел Қабышева

МӘЛІМЕТ ЖИНАУ / ДАЛАЛЫҚ ЗЕРТТЕУ: «BISAM
Central Asia» әлеуметтік және маркетинг зерттеу орта-
лығы

РЕДАКТУРА МЕН КОРРЕКТУРА: Steppe&World
Publishing

ДИЗАЙН: Ольга Гамбарян

БАСЫП ШЫҒАРҒАН: DELUXE Printery

ISBN: 978-601-06-73298

2021 ЖЫЛ

Жарияланымда ұсынылған көзқарастар Фридрих Эберт қорының көзқарасына сай келмеуі мүмкін. Фридрих Эберт қоры жариялаған кез келген материалды коммерциялық мақсатта пайдалану үшін Қордың жазбаша рұқсатын алу керек.

